

АМАНОЛЛА ШАЙБЕКОВ

008

Ш-18

Тұрақты және жылжымалы
мәдениет ошақтарына
арналған

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК



2022 жыл
Қарағанды қаласы

АМАНОЛЛА ШАЙБЕКОВ

**Мәдениет саласының қызметкерлеріне кәсіптік бағдар беріп
мекеменің ішкі жұмыстарын жүргізуге кеңес – нұсқау
ұсынатын ғылыми әдістемелік оқу құралы.**

«ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК»

**Қарағанды қаласы
«ПОЛИГРАФИСТ» баспасы,
2023 жыл**

Пікір жазғандар:

Социология ғылымдарының кандидаты,
Қар МУ. Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік
педагогика кафедрасының меңгерушісінің м.а.

Джамалиева Г.Ж.

Қар МУ. Социология ғылымдарының кандидаты,
профессор ассистенті

Абдрашева Б.Ж.

Аманолла Шайбековтың

Тұрақты және жылжымалы мәдениет ошақтары қызметкерлерінің кәсіптік
деңгейлерін көтеруге арналған «ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК» ЖӘНЕ «ТЕАТР
КЕЙІПКЕР ТАҒДЫРЫ» деген екі бөлімнен тұратын қос кітапты
« ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК» оқу құралы
-Қарағанды: Полиграфист,2023ж. 200 бет.

*Мәдениет және театр қайраткері Аманолла Шайбековтың бұл кітабы мәдениет
саласы қызметкерлеріне кәсіптік жұмыс саласының жұмысын терең түсінуге және
сауатты жұмыс жүргізуді үйреніп меңгеруге үлкен көмек кеңесін береді.Бұл нұсқаулық
автордың өз зерттеулерімен ғылыми қортынды ларға сүйене отырып жазылған.
Кітаптың жазылу тілі мәдениет саласы тақырыбына сай,түсінікті тақырыптық
тілде жазылған. Кітап сала қызметткерлері мен келешек сала оқуын бітіруші
мамандарға арналған.*

20

Аманолла Шайбековтың



УДК 008
ББК 71.0
Ш18

Аманолла Шайбеков
МЕТОТКНИГА

ISBN 978-601-7020-51-4

- 53688 -

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КІТАП
ПАЛАТАСЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТЫҚ КІТАП НОМЕРІ
ISBN
ӘМБЕБАП ОНДЫҚ ЖІКТЕУ,КІТАПХАНАЛЫҚ – БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ
ЖІКТЕУ,ШТРИХ-КОД БЕРІЛДІ (ТІРКЕЛДІ)
ISBN 978-601-7020-51-4



Аманолла Шайбековтың
Мәдениет қызметкерлерінің кәсіптік деңгейлерін көтеруге
арналған « ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК» кітабына

ПІКІРІ

ҚР.Мәдениет және театр қайраткері,ҚР.Еңбек сіңірген қызметкері,режиссер, жазушы,акын,сазгер Аманолла Шайбековтың бұл кітабы қазіргі таңда мәдениет саласы мамандарына қызметтік бағыт бағдар беретін ғылыми өзіндік тұжырымдары бар шығармалар қатарына жатады.Кітапта көрсетіліп отырған мәдениет саласында жүргізілуге тиісті жұмыстар туралы тұжырымдар мен жұмыс жүргізу әдістері өте түсінікті және нақтылықпен жазылған.

Кітапта мәдениет саласынан қоғамдағы ортаға яғни көрермендерге берілуге тиісті рухани тәрбие қызыметін сапалы көрсетуге ұтымды нұсқаукеңестер берілген. Сонымен қатар бұл еңбекте айтылатын кеңестер мәдениет саласын - дағы жұмыс түрлерінің өз ерекшеліктеріне қарай талданып нақты түсініктер айтылған. Қазіргі таңда мәдениет қызметкерлері өздерінің қызметтік сапаларын көтеретін тәжірибелік құралдарға кенде. Өйткені кейінгі отыз жыл көлемінде бұл салада тікелей жұмыс жүргізу әдісін үйрететін,нақты нұсқаулық беретін әдістемелік кеңестер құралы өте аз мөлшерде басылып,тіптен жарияланбаған десе де болады.

Сондықтан бұл кітап қазіргі таңда мәдениет саласының қызметін жақсартып халыққа көрсететін мәдени қызметтерді түрлендіріп,заман талабына сай жоғ - ары сатыға көтеруге бір шама өз ықпалын тигізеді деп санауға болады. Өйткені себебі Кітап ішінде мәдениет ошақтарындағы тәртіптіліктен бастап ішкі жұмыстардың жинақылығы,құжаттар дайындау сауаттылығы,үйірме жұмыстарының жүргізілуі, сценарий жазу,адамдарды сахна ерекшелігіне дайындаулармен қатар басқада кәсіби қажеттіліктер тәжірибесі барынша қамтылған. Бұл кітап ішінде айтылып отырған мәселелер әсіресе ауылдық жерлердегі мәдениет ошақтары қызметкерлеріне үлкен тәжірибелік нұсқаулық болары сөзсіз.Сонымен қатар келешек мәдениет саласының қызметкерлері болатын жоғарғы және орта оқу орындарында кәсіптік білім алушыларға тәжірибелік оқу құралы ретінде қосымша оқытуға да болады.

Жалпы алғанда,кітапта мәдениет саласының жалпы жұмыстарын жан - жақты жүргізу үшін өте түсінікті жазылған.Тілі жатық қазақ тілі мен ұғымындағы анықтама тұжырымдармен айтылған.

Бұл әдістемелік шығарманы мәдениет саласы қызметкерлеріне кәсіптік қажеттілікке толық пайдалануға жарамды деп тұжырымдадық.

Кітапқа пікір білдірушілер:

Социология ғылымдарының кандидаты,Әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісінің м.а. **Джамалиева Г.Ж.**

Социология ғылымдарының кандидаты,
профессор ассистенті

Абдрашева Б.Ж.

АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат жаратылғалы, қандай қоғамдық құрлыста өмір сүрсе де ең бастысы сол қоғамдық құрлыста өмір сүріп, тіршілік етушілердің, сол, өз қоғамына сай рухани жан-жақты болуын, жалпы халықтық мақсатқа айналдырған. Себебі қандай да болмасын қоғамның мүшелері, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық ортаның толыққанды мүшесі болуы үшін, сол қоғамдағы белгілі бір заңдылықтарына бағынуы, сол заңдылықтарды мойындауы тиіс. Бұлай дейтін себебіміз қоғамдағы бірінші заңдылық ол бірігіп өмір сүру. Ортақ, ойлы мақсатта болу. Ол үшін адам болмысын, сол мақсатқа біріктіру керек. Ендеше ол мақсатқа жету үшін адамдарды сол мақсатқа бейімдеп, тірбиелеу және үйрету керек болып саналады.

Сондықтанда айтылып отырған тәрбиелік мақсатқа жету үшін адамда бірінші рухани тәрби қалыптастырылуы тиіс. Ал рухани тәрбие дегеніміз - ол адамдар арасындағы қатынастың бәрін ретке салып отыратын, адам болмысындағы ең үлкен тәрбие мектебі.

“Рухани тәрбие болмаған жерде, білімділіктің өзі босағада тұрғанын білмей қалады”

(Автор)

Міне сондықтанда қоғамның әр бір мүшесі рухани терең тәрбиелі болуға ұмтылуы табиғи заңдылық. Қоғамның өмірлік қажеттілігінде мәні зор салалардың бірі - мәдениет саласының міндеті қандай? Ол міндет қалай атқарылады ? Міне бірінші мәселе, осы сұрақтардың алғашқы басталу сатысына қысқаша тоқталып өтелік.

Қоғамды дамытушылар, алға жетектеп өзгерістер мен жаңа сатыларға көтерушілер сол қоғамның негіз қалыптастырушылары болып саналады.

Олай болса олар-өздерінің жауапкершілігіндегі қоғамның ізгілігін қалыптастыруға міндетті. Сондықтан да қоғам құрушылар, құрған қоғамдарындағы ізгілік - тердің бәріне, ең алдымен қоғамның басты байлығы - адамдарды тәрбиелеп, баулулары керек.

Өйткені ол адамдардың адамдық болмысы мен үрдісін қалыптастырып, рухани негізін нығайтады. Рухани негізділіктің басы-адамдар арасындағы қатынастың, өз ара тепе-теңдігін сақтап, ымырашыл түсіністік қатынаста болуы...

Бұл қатынастың жиынтығын адам бойына сіңіріп, игілікке айналдыру үшін ең басты ықпал мәдениеттен басталады.

Мәдениет дегеніміз - адамдардың өзара қатынастарындағы, қандайда болмасын, бір-бірімен түсіністігін қалыптастырып, ой- мақсатының көздеген нәтижелі қортындысына қол жеткізуге әсер ететін, қатынаспен- ойдың, мақсатты жүйелік ықпалының сыпайылық, тәрбиелік жүйесі.

Ал, бұл тұжырымның негізгі тірегінің қоғамдық аталуын - “Рухани мәдениет” деп атаймыз. Ендеше ***“Мәдениет пен мәдениеттілік”*** адам өміріне қатысты қандайда болмасын саланың бәрінде де болуға тиіс...Бұл кітапта, басты көздеген бағытымыз-адамдарға рухани, мәдени тәрбие беруге қызмет ету

максаты болғандықтан, басты құралымыздың бірі-тікелей халықпен тығыз байланыста болатын, мәдениет ошақтарындағы кейбір салалық, оның ішінде сахналық өнер саласы туралы айтпақпыз.

“Өнер саласы”- деген сөз көптеген жіктерге бөлініп, адам өміріндегі етене жақын шығармашылық салалардың бәрін қамтиды...

Ал, біздің тоқталмағымыз жоғарыда айтқандай өнер саласының бір бөлігі, біздің санамызға қалыптасқан “Мәдениет” саласы деп танылатын, адамдармен сахна арқылы тікелей байланысқа түсетін рухани тәрбие берудің ашық бір жолы, сахналық қызмет туралы болмақ. Барлық ұлыстарда, қоғамдағы адамдарды мәдениеттілік пен прасаттылыққа жан-жақты, көзбе-көз тәрбиелеудің басты сүйенішінің бірі, сахна өнері десек, артық айтқандық болмайды.Өйткені сахна өнерінде, адам өмірінің барлық негіздеріне талдау жасалып, шынайы саралауға мүмкіндік беріледі. Сондықтанда, сахнадағы өнердің қандай түріне болмасын, қоғам мүшелері яғни көрермендер, ынта-жігерімен карап, баға беріп, өзіне қажетті рухани нәрін алады.

Ол сахна өнерінің театр, ән, көркем сөз, би т.б.өнердің қандайда болсын кәсіптік тіршілігі болса, ол рухани тәрбие берудің бір көзі болып есептеледі...

Енді,осы арадан қысқаша алғы сөз кіріспемізді қысқартып, “Мәдениет саласынада” жүргізілетін,жалпы көпшілік,мәдени жұмыстардың, қалай жүргізілуіне әдістемелік нұсқау ретіндегі,кәсіптік пайда тигізетін кеңес көмегімізді жеткіз-елік.

I – БӨЛІМ

ХАЛЫҚҚА , ЖАЛПЫ МӘДЕНИ КӨПШІЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕ, МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТІРЕГІ БОЛЫП САНАЛАТЫН ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ НЕМЕСЕ КАБИНЕТТЕРІ ,ОЛАРДЫҢ БАҒЫНЫШТЫЛЫҒЫ МЕН АТҚАРУҒА ТИІСТІ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ТҮСІНІКТЕР

Мәдени ошақтың жұмысы нәтижелі болуы үшін ең бастысы әдістемелік көмек. Сондықтан түсінік басын төмендегі тақырыптан бастаймыз.

Мәдениет ошақтарына әдістемелік басшылық туралы:

Бірінші әдістемелік басшылық қалай сатыланып жүргізілетіне төмендегі көрсеткіш «БАЙЛАНЫСТЫҚ КАРТАНЫҢ» кестесі бойынша тоқталамыз.

***БАЙЛАНЫСТЫҚ КАРТА* (қысқаша түсінік)**


Бұл арада негізгі сөз мәдениет ошақтарына (клубтарға) байланысты айтылатын болғандықтан мәдениет ошақтарының міндетті жұмыстары туралы шағын түрде түсінік..

Мәдениет ошағы (клуб үйлері) – адамдардың бос уақыттарын дұрыс пайда – ланып, «МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА» өзіндік, қоғамдық ой пікір қалыптастыруларына, халық шығармашылығын танып - біліп дамытуға, көркем өнер саласын кеңейтуге, келешек жас ұрпақты тәрбиелеуге, адамдардың бір-бірімен мәдениетті қарым қатынас жасауына, әлемдік өркениетті елдер

мәдениетімен танысуға мүмкіндік туғызып, көпшілікке рухани байлық беретін орын. Сондықтан да бұлардың атқаратын жұмыстары жүйелі және табысты болуы үшін басты қажетті басшылық беруді «тәжірибелік әдістеме»- деп түсінуіміз керек.

Республикалық және облыстық әкімшілік орталықтар, мәдениет ошақтарына, мәдениет саласының түрлі бағыттардағы мәдени көпшілік жұмыстарын дамытып, жүргізу үшін «Әдістемелік орталықтар» арқылы мақсатты жұмыс жасауға, қажетті нұсқаулар мен әдістер дайындап ұсынады. Ал ол нұсқаулар мен әдістерді жергілікті жердегі мәдениет мекемелерінің қажеттілігіне сай іріктеп, өз мүмкіндіктеріне қарай, жаңа қолданыс жүйесіне бейімдеп пайдаланулары қажет. Осы орайда жоғарыда айтылған «Әдістемелік орталықтар» дегеніміз не, оның атқарар қызметі қандай деген сұрақтарға «Әдістемелік орталықтар» жүйесі туралы анықтама беретін «Байланыстық карта» бойынша түсіндіре кетелік.

БАЙЛАНЫСТЫҚ КАРТА



«Байланыстық карта»-дегеніміз, негізгі саланың, әкімшіліктік бағыныштылығы мен тікелей байланыста жұмыс жасау сатыларын және оларға тиесілі құрылымдардың, жүйелік байластықтағы қатынасын көрсететін кесте.

Мәдениет саласы, бір-бірімен жұмыс саласында тұтас байланыстықта болатын, ортақ мақсатты көздейтін жүйе болып саналады. Кез келген уақытта, бір-біріне

шығармашылық көмек беру, қолдау және өзара жүйелік ұтымды іс тәжірибені, насихаттау мен үлгілік мақсатта қолдану, пайдалану, табысты нәтижелер берері сөзсіз. Жоғарыда айтылып отырған ойымызға сай айта кететін бір мәселе - мәдени ошақтарға басшылық жасайтын, жоғарғы басшылық орталықтарында міндетті түрде

«ҒӨО» (Ғылыми әдістемелік орталық)-тар болуы тиіс.

«ҒӨО» - үнемі өздерінің міндеттеріне сай,өздеріне тікелей бағынышты мәдени ошақтардың,тың тәжірибелік әдістермен жұмыс жасауына ықпал етуге міндетті.

Енді «Әдістемелік орталық» туралы қызметтік ақпар беретін (ошақ кабинетінде) "ҒӨО" - та болуға тиісті, кейбір арнайы құжаттар туралы тоқтала кетелік.

1) Әдістемелік орталық немесе кабинеттің **«ТӨЛҚҰЖАТЫ»** болуы тиіс. Ол төлқұжатты «Әдістемелік орталық немесе кабинет» тікелей бағынышты мекеме басшылығы бекітеді.

(Төлқұжат әдістемелік орталықта үлкейтіліп көрнекі жерге орналастырылуға тиіс)

(аудан аты..... аудандық мәдениет	
бөлімінің басшысының.....(аты жөні)	
МО Бекітемін.....(қолы)	күніайы
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚТЫҢ (КАБИНЕТ)	
ТӨЛ ҚҰЖАТЫ	
	
Менгерушісінің аты жөні.	
20..... жыл	

2. Мәдениет ошағында, жергілікті жер және мәдениеттің жоғарғы басшылықтарымен келісе отырып, құрылған **«МӘДЕНИ КЕҢЕСІ»** болуы міндетті. Мәдени кеңестің басты міндеті-халыққа көрсетілетін мәдени көпшілік жұмыстардың сапасы мен рухани тәрбиелік мақсатының қажеттілігін жақсарту керектігінен,түрлі қажетті шешімдер жасап, олардың іс жүзінде пайдаланыл - уын қадағалау және нәтиже қортындысын шығару болып саналады. Сонымен қатар мәдениет ошағындағы, халыққа көрсетілетін қызметтік жоспарларды

бекітуге, пікір қосып, ұсыныстар енгізуі тиіс. Мәдени кеңес-мәдени көпшілік қызыметті жетілдіру мақсатында, мәдениет ошақтарынан жоғары сатыда тұрған басшылықтарға ұсынылған ұсыныстарға қолдау көрсетуге міндетті.

МӘДЕНИ КЕҢЕС КІТАПШАСЫ
(ЖУРНАЛ)



Р.с	Кеңес мүшелері	ММ	Міндеті	Тапсырмасы	Салаға жетекшілігі
		(мүшелік мерізімі)			
№	1	2	3	4	5

Мәдени кеңестің шешімдері мен ұсыныстары және қортындылары, арнайы іс қағаздары хаттамасында қатталып отырылуға тиіс. Атқарылған жұмыстар жөніндегі талдаулар мен түзету және ұсыныстар назарға міндетті түрде алынуы керек. Мәдени кеңестің жылдық, тоқсандық және айлық жоспары, жүйелі түрде жалпы басшылықтың негізі болып саналады. Сондықтан да мәдени кеңестің өткізілетін кеңесі, жеке отырысы және мәдениет қызметкерлерімен ашық кеңесі де өткізіліп, назарға алынуы міндет. Мәдени кеңес құрамында түрлі құрылым - дар мен жергілікті басшылық өкілі болуға міндетті. Адамдар, мәдениет саласы

қызметінен, рухани қанағаттанарлық негіз іздейтін болғандықтан, жоғарыдағы айтылып отырған мәселелерге, кең көлемді назар аударылуы қажет.

Әдістемелік орталықтың (кабинеттің) жұмыс жасау түрлері және міндеттері.

1. Әдістемелік орталықтар, елді мекен көлемдеріндегі мәдени ошақтардың, мәдени көпшілік жұмыстары мен халық арасындағы үгіт насихат жұмыстарына әдістемелік басшылық жасайды.
2. Жергілікті жерлердегі, атқарылатын барлық мәдени көпшілік жұмыстарға, адамдардың бос уақыттарын дұрыс пайдаланып, рухани қазыналарын байыта түсуге және салауатты өмір салтына көшуге, ұлттық түрлі өнерлер мен халық шығармашылықтарын дәріптеу мен дамытуға ат салысуларына әдістемелік көмек жасайды.
3. Жергілікті жерлердегі мәдени көпшілік жұмыстардың, халыққа көрсетілетін қызметтің жаңа түрлермен толықтырып, мәдени ағарту жұмыстарын жаңа әдістермен жүргізе отырып, халыққа қызмет жасауда, жоғарғы нәтижелерге жетуге міндетті. Халық шығармашылығын жоғарылату мақсатында мәдениет ошақтарындағы жұмыс атқарушыларға үнемі жаңа бағыттармен жұмыс жасауға басшылық жасайды.
4. Мәдени ағарту жұмыстарын дамыту мақсатында атаулы күндер, мерекелер мен ұлттық тойлар, салт-дәстүрлер, жас ұрпақты ұлттық мәдениет негізінде тәрбиелеу, ұлттық тілімізді нығайту, дамыту және қоғамға рухани қажетті, көптеген мәдени көпшілік жұмыстардың жаңа түрлерін ойлап тауып, ғылыми негізді әдістер дайындауға міндетті.
5. Көрермендердің ынта, мақсаттарын (ой-пікірлер, ұсыныстарын) білу және зерттеу мақсатында түрлі пікірлесу, сұрақтар беру, әңгімелесу, ұсыныстар қабылдау жұмыстарын жүргізе отырып, облыстық ғылыми әдістемелік орталықтың жұмысын дамытуға ат салысады.
6. Жергілікті жерлер көлеміндегі озық мәдени – ағарту жұмыстарын дамыту үшін радио, телевидение, басылымдар (газет, журналдар, листовка, буклеттер, бет плакаттар, жарнамалар (т.б) арқылы насихаттап отыру және зерттеп қортындылап, түрлі әдістемелік іс – тәжірибелерде пайдаланып, байытып-толықтырып отыруға тиіс.
7. Жергілікті жердегі түрлі жағдайларды ескере отырып әсіресе мамандар тағайындау мәселесін шешуде, қабылданушы немесе тағайындалушының мәдени ағарту жұмысын қаншалықты білетінін, меңгере алатындығын, атқару қабілетін ескере отырып, зерттеп жоғарғы органдарға өз пікірін айтуға, ұсыныс жасауға міндетті.
8. Әдістемелік орталық-мәдени ағарту қызметкерлерінің кәсіби мамандығын жетілдіру, толықтыру мақсатын қанағаттандыру үшін үнемі белгіленген жоспар бойынша кәсіптік бағыттағы сабақтар, семинарлар, курстар, әдістендіру мен тәжірибе алмастырулар өткізуі керек.
9. Облыстық, Республикалық семинар кеңестер мен оқуларға, мамандандыру мақсаты үшін мәдени ағарту саласының қызметкерлерін жіберіп оқытуға ұсыныстар жасайды.
10. Тұрақты түрде мәдени қызметті жақсарту, түрлендіру

мақсатында әдістемелік ұйымдастыру және көркем өнер салаларын дамыту үшін,сонымен қатар адамдардың бос уақытын дұрыс пайдалану шараларын өткізулеріне жанды көмек көрсетеді.

11.Жылжымалы мәдениет ошағы яғни «Бейнемобильдің» жұмысына басшы - лық жасап, жүру кестесін бекітіп, қызмет корсету жұмыстарына, әдістемелік көмек жасайды. Жолсапар құжаттарын, карталарын бекітіп береді.

12. Мәдениет ошақтарында жұмыс жасауға тиіс балалар мен жасөспірімдер және ересектер топтары мен үйірмелеріне арнайы кеңестер мен нұсқаулар дайындауға басшылық беру - әдістемелік орталықтың ерекше ықтиаттылықпен назарында болуға тиіс.

13.. Мәдениет ошақтарындағы атқарылатын және атқарылған жұмыстардың басым көпшілігіне кестелер топтамалары жасалып, құжаттап сақталуға тиіс.

Енді төменде айтылатын ауылдық жерлердегі мәдениет ошақтарының жүргізетін жұмыстарына әдістемелік көмектің ықпалы мен әсері туралы тоқталып, түсінік бере кетелік.

2-БӨЛІМ

Жергілікті жер деңгейдегі «Әдістемелік орталық» - аудандық Мәдениет үйі болып есептеледі. Аудандық мәдениет үйінде ауылдық жерлердегі клубтарға (мәдени ошақтарға) бағыт бағдар беріп отыру үшін, аудандық мәдениет үйінде әдістемелік орталық болуы міндетті.

Аудандық әдістемелік орталық немесе кабинет-ауылды жерлердегі клуб үйлері жүргізетін жұмыстарына басшылық жасайды.Осы орайда ауылдық клуб үйлерінде осы жоғарыда айтылып отырған негізде әдістемелік көмек берудің нұсқаулығы ретінде әдістемелік жұмыс жобасы ұсынылады.

Аудандық әдістемелік орталық (кабинет) ауылдық (селолық) клуб үйлерімен төмендегідей шарттылықтармен жұмыс жасайды.

1.Аудандық мәдениет үйіне қарасты клубтардың ағымдағы жұмыстарын есепке ала отырып, әдістемелік жұмыстар жүргізу. Яғни жоспар бойынша атқарылат – ын жұмыстарына әдістемелік көмек көрсету және оның орындалысын бақылау.

2.Клуб жұмыстарына әдістемелік көмектің әсерлі және ыңғайлы жаңа түрлері (таңдау) мен әдістерін іздеп табу және кәсіптік пайдаға асыру.

3.Ізденіспен жақсы жұмыс жасайтын клуб үйлерінің, іс-тәжірибелерін одан әрі әдістемелік сараптау артқылы байытып, түрлі көрнекіліктермен насихаттау.

4.Клуб үйлерінде жүргізілуге тиісті жұмыстардың жаңа тиімді түрлері мен әдістерін ойлап табу.

5. Клуб үйінде жүргізілетін жұмыстардың әдістемелік заңдылықтарын қалып - тастырып, ұлғайту.

6. Клуб үйлерінің халыққа қызмет көрсетудегі жұмыстарының ең тиімді түрлерін тәжірибеге енгізіп, іс жүзінде пайдалану.

7. Ең үздік әдістерді, тәжірибелерді насихаттау.

8. Клуб үйі қызметкерлерінің мамандық меңгеруін, қызмет атқару қаблетін, тәжірибелік кеңестер арқалы толықтырып көтеру.

9. Клуб үйлері қызметкерлеріне қызметтік қолдау, жанды әдістемелік көмек көрсету.

Аудандық Мәдениет үйінің әдістемелік орталығының (кабинетінің) жұмыс жүргізу тәртібі

Аудандық мәдениет үйінің әдістемелік орталығы (кабинеті) аудан көлеміндегі халық шығармашылығы мен мәдени-көпшілік жұмыстарды шығармашылықтың әдістерімен жетілдіріп, ұйымдастыратын орталық болып есептеледі.

Әдістемелік кабинет (орталық) өзінің атқаратын жұмысына, мемлекетіміздің ішкі саясатын басшылыққа ала отырып Президентіміз бен Үкіметіміздің және Мәдениет министрілігінің заңдары мен қарарларына сүйене отырып өзінің қызметтік аймағында әдістемелік орталықтың (кабинеттің) жұмысын нұсқауға сай жүргізу және ережелерге сәйкес қызмет жасайды.

1. Әдістемелік орталық жоғарыдағы айтылып отырған кеңестерге сүйене отырып және әдістемелік орталықтың (кабинеттің) жұмыс жүргізу ережелеріне сәйкес жұмыс жасайды.

2. Әдістемелік орталық (кабинет) өз жұмысын жүргізу кезінде республикалық, облыстық ғылыми әдістемелік зерттеу орталықтарының нұсқауларын және ақпараттық құралдардағы ақпараттарды негізге алады.

3. Әдістемелік орталықтың жұмысын ұйымдастыру және іс жүзіне асыру үшін әдістемелік орталықтың (кабинеттің) аудандық мәдениет бөлімі бекітіп берген әдістемелік кеңесі құрылады.

Бірінші әдістемелік басшылық мәдениет ошақтарында қалай сатыланады соған тоқталалық

1. Әдістемелік кеңестің төрағасы, әдістемелік орталықтың (кабинеттің) меңгерушісі немесе аға әдіскер болады. Олар әдістемелік жұмыстарды аудан көлеміндегі мәдениет ошақтарында іске асыруға жауапты болады.

2. Әдістемелік кеңес - әдістемелік орталықтың (кабинеттің) жұмыс жоспарын әдістемелік құжаттарын, ұсыныстарын, сценарийлерін, клуб үйлерінің нұсқауларын, мәдениет саласы қызметкерлерінің білім көтеру әдісі мен семинар кеңестерінің тақырыбын бекітіп, іс жоспарын құрады.

3. Әдістемелік орталық (кабинеттің) жұмысына Мәдениет үйінің директоры басшылық жасап, бақылау жүргізеді.

4.Әдістемелік орталықтың жылдық есебі, жоспары әдістемелік кеңесте талқыланып, Мәдениет үйінің директоры бекітіп, аудандық Мәдениет бөлімінде қабылданады.

3- БӨЛІМ

ЖАЛПЫ МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДАҒЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖӘНЕ АТҚАРЫЛУҒА ТИІСТІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ІШКІ КӘСІПТІК ТӘРТІПТІЛІГІ МЕН РЕТТІЛІГІН БАҚЫЛАУ, ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚОРТЫНДЫЛАУ ҮШІН МЕКЕМЕДЕ БОЛУҒА ТИІСТІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР БӨЛІМІ ТУРАЛЫ ҚЫЗМЕТТІК КЕҢЕСІ.

Мәдениет үйінің әдістемелік орталығында (ошақ кабинетінде) болуға тиісті құжаттар мен көрнекіліктердің, мәдени кеңесте қадағалануға тиісті топтамасы және олардың сақталуы туралы қысқаша түсініктік кеңестер.

Мәдени кеңестің тағы бір міндеті халыққа көрсетілетін мәдени көпшілік жұмыстардың сапасы мен қажеттілігін жақсарту мақсатында түрлі, қажетті шешімдер жасап, олардың іс жүзінде пайдаланылуын қадағалау және нәтиже қортындысын шығару мен олардың құжатталып сақталуын бақылау.

Мәдени кеңестің шешімдері мен ұсыныстары және қортындылары арнайы іс қағаздары хаттамасында қатталып, жинақталып отырылуы керек. Атқарылған жұмыстар жөніндегі талдаулар мен түзету және ұсыныстар да ескерілуге тиіс.

Мәдени кеңестің жылдық, тоқсандық және айлық жоспары жүйелі түрде жалпы басшылықтың негізі болып саналады. Сондықтан да мәдени кеңестің өткізілетін жиындары мен жеке отырысы және мәдениет қызметкерлерімен ашық кеңесі де өткізіліп назарға алынуы тиіс. Мәдени кеңес құрамында түрлі құрылымдар мен жергілікті басшылық өкілі болуы халық арасындағы мәдени көпшілік жұмыстың жан – жақты өркендеуіне негіз болады.

Адамдар (көрермендер) мәдениет саласы қызметінен рухани қанағаттанарлық негіз іздейтін болғандықтан жоғарыдағы айтылып отырған мәселелерге кең көлемді көңіл бөлінуге тиісті.

Ендігі тоқталатын тақырыбымыз мәдениет ошақтарында қажетті құжаттармен жұмыс жасау және оларды сақтау.

Мәдениет саласында құжаттар жүргізіп, оларды сақтаудағы басты мақсат-саланың атқарған жұмыстарын бағалау сатысында өте қажет және тиімді болады. Мәдениет ошақтарындағы құжаттарды ретті, ықтиятты жүргізіп, сақтау мекемедегі жүргізілген және жүргізілетін жұмыстардың реттілігі мен тәртіптілігін сақтайды.

Бұл берілетін келесі беттен басталатын үлгілер, жалпылама талаппен жауапкершілікке негіз болатын жобалық нұсқалар:

ЖЫЛДЫҚ, ТОҚСАНДЫҚ, АЙЛЫҚ ЖОСПАРЛАР ЖАСАУ ЖОБАСЫ

Жоспардың бас жағына : _____ (Жоғарғы басшылықтың бекіткен жөнінде толық

_____ **ақпарты, бекітушінің лауазымы, аты жөні,**

бекіткенін растайтын қойылған қолы мен _____

мөрі, күні, айы, жылы жазылады _____

_____ **(ауданына қарасты)** _____ **(ауылдық округідегі)**

(ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДІҢ МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫНЫҢ АТЫ)

**ЖЫЛДЫҚ НЕМЕСЕ ТОҚСАНДЫҚ, АЙЛЫҚ ЖОСПАРЛАР НАҚТЫЛАНЫП
КӨРСЕТІЛІП ЖАСАЛЫНАДЫ**

ЖОСПАРЫ

(мезгілі көрсетіледі)

Р.с	Жоспардың тақырыбы	Қызымет түрі	Орындалу мерізімі	Орындаушы ұжым немесе адам	Қортынды

- 1.Әдістемелік орталықтың (кабинеттің) әдістемелік кеңесінің тоқсандық, жылдық жоспары. **(жазбаша)**
2. Бір жылдағы өткізілетін мәдениет қызметкерлері арасындағы оқу, семинар кеңес көркем өнерпаздар мен үйірме жетекшілеріне арналған әдістемелік іс шаралардың жылдық, тоқсандық тақырптық жоспарлары **(жазбаша)**
- 3.Аудан көлеміндегі барлық мәдени ошақтардың оның ішінде халықтық ұжымдары бар жерлер ерекше белгілермен көрсетілген карта. **(сурет)**
- 4.Жылжымалы мәдениет ошағы яғни «Зерде бейнемобилі» қызмет көрсететін арнайы мәдениет ошақтары жоқ елді мекендермен шағын нүктелердің картасы
- 5.Көрсетілген соңғы жылдардағы мәдени қызметтердің салыстырмалы кестесін жасау
6. Халықтық ұжымдарға бұрыштар ұйымдастыру.
7. Клуб үйлеріндегі үйірмелер жұмыстарына арналған түрлі шарттар мен заңдылықтар **(сурет кесте).**
8. Жоғары жақтардан келген әдістемелік қатынастар мен оны пайдалануды бақылау кітабы **(журнал)**
- 9.Аудан, ауыл көлеміндегі көркем өнерпаздар ұжымдарының түрлі байқау - ларда марапатталған, жекелеген жанрлар бойынша дәрежелік табысқа жеткен мүшелердің картотекасы.
- 10.Мәдени ошақ қызметкерлері мен қоғамдық ынталы топтар картотекалары.
- 11..Мәдениет саласы, халыққа мәдени қызметті жақсарту, мамандық арттыру саласында жұмыс жасайтын оқу орындарының картотекасы.
12. Әдістемелік көмектер беру үшін әдіскерлердің іс сапары көрсетілген уақыты мен орны белгіленген кесте.
- 13 Жергілікті жердегі барлық мәдени ошақтардың жылдық, тоқсандық, айлық есептері көрсетілген жеке-жеке кітаптар.

14. Клуб үйлерінде жүргізілетін жұмыстарға түрлі-түрлі салалар бойынша көрсетілетін әдістемелік нұсқаулардың жеке-жеке кітапша тіркемелері.
15. Үздік мәдениет қызметкерлерінің іс тәжірибелерін насихаттайтын құрмет тақтасы.
16. Әдіскерлік орталықтың (кабинеттің) материалдық-техникалық базасының есеп -қисап журналы (кітабы).
17. Әдістемелік орталықтың төл құжаты.

Мәдениет ошағындағы әдіскерлердің аталып отырған құжаттар мәселесіне байланысты атқаратын жұмыстары.

1. Мәдени демалу орталығына қарасты мәдени әдіскерлік орталығына (кабинетіне) келіп түскен барлық мәдениет саласының жұмысына байланысты ақпараттарды талдап, қортындылап түрлі салалар бойынша әдістемелік жұмыстар жүргізу.
2. Мәдениет саласындағы жаңадан шыққан әдістермен ғылыми жұмыстар, кітаптар, мақалалар мен кеңестерді газеттер мен журналдарды жинақтап өз жұмыстарына кеңінен пайдаланады.
3. Жергілікті жерлердегі әдістемелік бұрыштар ұйымдастырып, оларға көмек көрсетеді. Тікелей басшылық жасап, клуб меңгерушілерінен есеп қабылдайды. Әрбір, ауылдық клубтарға, жергілікті жағдайлар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып айналысуға, мүмкіндігі бар жұмыстарды атқаруға, ақыл-кеңес береді.
4. Жергілікті жерлердегі жұмыс жасайтын, қоғамдық негіздегі мәдениет қызметкерлерімен тығыз байланыс орнатып, оларға әдіскерлік көмек жасайды. Олардың алдыңғы қатарлы озық ойларымен істерін насихаттайды.
5. Клуб қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігін көтереді.

Әдіскерлер, мәдени көпшілік жұмыстар мен көркем өнерпаздар жұмыстарын, сала-сала бойынша бөліп алып, басшылық жасайды. Әдістемелік көмек көрсетеді.

Мәдениет үйіндегі әдістемелік орталықтың (кабинеттің) әдіскерлері.

1. Мәдениет орындары мен ошақтарын дамытудағы қажеттіліктер мен қиындықтарды шешу үшін шығарған Үкіметтің және мәдениет министрінің Заңдары мен Қаулыларын жинақтап, іс жүзінде пайдаға асуына ықпал жасауға тиіс.
2. Республикалық өнертану ғылыми зерттеу институтының, республикалық ғылыми зерттеу әдістемелік орталығының, облыстық ғылыми әдістемелік орталықтың мәдени көпшілік жұмыстарды жақсарту, дамыту мақсатындағы, шығарылған (ұсынылған) нұсқауларын және алдыңғы қатарлы іс тәжірибелерін басшылыққа алуы, жинақтауы жұмыс бабына пайдалануы қажет.

Әдістемелік орталықта (кабинетте) болатын төл құжаттар.

1. Әдістемелік орталықтың (кабинеттің) құрылған уақыты мен орны туралы ақпараттық құжаттар.
2. Иеленіп отырған орны мен аумағы. (Құрлыстық сызбасы мен жоспары)
3. Әдістемелік орталықтың (кабинеттің) көрнекілік құралдары.
4. Әдістемелік орталыққа қарасты мәдени ошақтардың орналасу картасы.

5. Мәдени көпшілік жұмыстарды саралап, бөліп көрсететін көрнекілік (қабырға тақта)

6. Ағымдағы жыл ішіндегі мәдени ошақтардың мәдени көпшілік жұмыстарын көрсететін **көрнекілік таблица**.

7. Жылдық жоспар тақтасы. Мәдени көпшілік жұмыстардың озық әдістерін ұйымдастыратын мәдени ошақтарды насихаттайтын **көрнекілік тақта**.



Мұндай көрнекілікті қызмет түрін жан-жақты қамтып, қабырға тақта немесе альбом жасауға болады. Мәдениет ошағында жүргізілген жұмыстардың жалпы

салыстырмалы қортындысы бойынша әр сала өз жұмыстарының өсуін немесе төмендеуінің көрсеткіштерін жасап қоюға болады. Бұндай салыстырмалы көрсеткішті халықтық ұжымдарға да жасап қоюға болады.



1. Халықтық ұжымдарға бұрыштар ұйымдастыру.

2. Клуб үйлеріндегі үйірмелер жұмыстарына арналған түрлі шарттар мен заңдылықтар (сурет кесте).

-53688-

3. Жоғары жақтан келген әдістемелік қатынастар мен оны пайдалануды бақылау кітабы (журнал)

4. Аудан, ауыл көлеміндегі көркем өнерпаздар ұжымдарының түрлі байқауларда марапатталған, жекелеген жанрлар бойынша дәрежелік табысқа жеткен жекелеген адамдарының картотекасы.

10. Мәдени ошақ қызметкерлері мен қоғамдық ынталы топтар картотекалары.

11. Мәдениет саласы, халыққа мәдени қызметті жақсарту, мамандық арттыру саласында жұмыс жасайтын оқу орындарының картотекасы.

12. Әдістемелік көмектер беру үшін әдіскерлердің іс сапары көрсетілген уақытымен орны белгіленген кесте.


13. Аудан көлеміндегі барлық мәдени ошақтардың жылдық, тоқсандық, айлық есептері көрсетілген жеке-жеке кітаптар.

14. Клуб үйлерінде жүргізілетін жұмыстарға түрлі-түрлі салалар бойынша көрсетілетін әдістемелік нұсқаулардың жеке-жеке кітап тіркемелері.

15. Үздік мәдениет қызметкерлерінің іс тәжірибелерін насихаттайтын құрмет тақтасы.

16. Әдіскерлік орталықтың (кабинеттің) материалдық техникалық базасының есеп - қисап журналы (кітабы).

17. Әдістемелік орталықтың төл құжаты.



МӘДЕНИ КЕҢЕС ЖӨНІНДЕ ТОЛЫҚТЫРМА ҚОСЫМША ТҮСІНІК
Мәдениет үйлерінде және клубтарда міндетті түрде мәдени кеңес жұмыс жасауы керек. Мәдени кеңестің мәдениет ошақтарында атқаратын

жұмыстарының орны ерекше және қажетті.

Мәдени кеңеске басшы орындардан, мектептерден, заң және денсаулық сақтау органдарынан адамдар яғни өкілдер қатыстырылуы, мәдени кеңестің жұмысының жауапты және күрделі болуына көп ықпал етеді.

Мәдени кеңестің шешімдерін бекітетін 7-9-1 адамнан тұратын кеңес мүшелері болу керек. Мәдени кеңеске, ұжымдар және салалар жетекшілері мен үйірме жетекшілері, көркем өнерпаздар мүшелерінің ішіндегі ынталы іскерлері, мүше бола алады. Жастар ұйымы бар жерлерде олардың жетекшілері, міндетті түрде мүше болулары қажет. Мәдени кеңестің басты міндеті мәдениет ошақтарында халыққа көрсетілетін мәдени көпшілік жұмыстардың мағыналы мәнді болуы - мен қатар, рухани тәрбиелік мәнінің жоғары болуын қамтамасыз ету. Сонымен қатар, мәдениет ошақтарының ішкі жұмыстарының реттілігін әрбір атқарылатын жұмыстың жоспарлылығын, сапалылығын қадағалау және қамтамасыз ету.

Мәдени кеңесті шара қолдану емес, ақылдасып шешу органы деп түсіну керек. Сондықтан да, жасалатын жұмыстардың шарасын, іс-әрекеттерін, бағыт-бағдарларын, ақылдасып, шешіп, бекітіп отыру мәдени кеңестің міндеті. Мәдени кеңес халыққа әр мәдени бағдарламаның, рухани тәрбиелік, маңызының зор болуына, баса көңіл бөлуге тиіс. Мәдени кеңес мүшелері айына бір рет бас қосып, атқарылған жұмыстарға қортынды жасап, сол айда атқарылатын жұмыстар туралы кеңесуі, іс жоспарларды бекітіп, жылдық, тоқсандық, айлық өздері бекіткен жоспарларға, толықтырулармен өзгерістер енгізуге құқылы.

Мәдени кеңестің жеке хаттамасы жүргізіліп, іс жоспары жасалады. Мәдени кеңестің шешімін орындау, міндеті және қажет. Мәдени кеңестің төрағасы мәдениет саласының жұмыстарын, жұмыс салаларының қоғамдағы орны мен ықпалын және әр жасалатын жұмыстың ығы мен ыңғайын жетік білетін адамдардан сайлануы тиіс.

Мәдени кеңес, мәдениет ошақтарының жандану жұмысын жақсарту мен сапалы қызмет көрсету үшін қажетті кәсіпкерлік техникалар құрамын нығайту үшін, ықпал жасау мақсатында жоғары органдарға ұсыныстар мен сұраныстар жіберуге ынталы болуға тиіс. Мәдени кеңес мүшелері әрбір атқарылатын жұмыстың, іс жүзінде қалай атқарылатынын, толық меңгерген, бағыт-бағдар көрсетуге қабілетті болуы міндет.

Мәдениет ошақтарының айлық, тоқсандық, жылдық есептерін беру әдістемеліктері.

Әрбір мәдениет ошағында жасалынған жұмыстардың айлық, тоқсандық, жылдық есептерін жүргізу мекемедегі еңбек тәртібін сақтауға және бақылау мен жұмыс қортындысын шығаруға өте керекті заңдылық. Сондықтан мұндай мекемелік қажеттілік қатаң сақталуы керек.

Әр клуб меңгерушісі, халықтық ұжымдар жетекшілері және үйірме жетекшілері айлық, тоқсандық, жылдық сандық есептерді және жасалынған жұмыстардың жазбаша есебін өзіннен жоғарғы органдарға қатаң түрде есептік айдың тоқсанның және жыл аяғының 25 –ші жұлдызында тапсыруға міндетті. Сондықтан таблицалардағы әр бөлік нақтылы сандармен жазылуы керек.

Берілген әр айдың, тоқсаның, жылдық есептердің жалпы есеп саны тығыз теңдікте болуы шарт.

Клуб үйінде атқарылатын жұмыс есебінің үлгісі

Р.с	1	2	3	4	5	6	7	8	9
	Атқарылуға тиіс жұмыс ақпары	Тақырыбы	Күні	Өтетін орны	Жауапты адам	ҚАС	Демеушілік ақпараты	Қызмет түрі	КС

(ҚАС-қатысқан адам саны)

(Көрсетілген саны)

Есеп беруші, таблицадағы көрсетілген есептерге жауапкершілікте болады

(Мәдениет ошағының аты, мекені)

ҮЙІРМЕЛЕРДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫС ЕСЕБІ

(____ (тоқсан) ____ ай ____ аралықтары көрсетіледі)

Мәдениет ошағының меңгерушісі _____ (аты жөні) _____

тоқсаны ____ айы ____ күні ____

Есеп қабылданды: _____ (қолы) _____

(Бағынышты орынның атауы)
Әдістемелік орталықтың меңгерушісі: _____ (аты жөні) _____

Р.с	1	2	3	4	5	6
№	Үйірмелердің аттары	Жетекшісі	Қатысатын адам саны	Өткен саны	Өткен орны	Жетістіктер
1	Тоқыма					
2	Бн					
3	Домбыра					

Жоғарыда айтылып отырған есептерге қосымша жазбаша түрінде айлық, тоқсандық, жылдық есептер 5 баспа табақтан кем болмайтын көлемде түрлі анықтама дәлелдермен (фото, сценарий, бағдарлама т.б.) тапсырылуы қажет.

Жазбаша есепті жазудың және онда қамтылуға тиесілі салалардың әдістемелік негізгі бағыттары:
а) Жазбаша есептің түрі мен тақырыбы, басына есептің қабылдаушының есепті

берушінің анықтамалықтары жазылады.

P/c	1	2	3	4	5	6	7	8	9
№	Атқарылуға тиісті жұмыс ақпары	Тақырыбы	Күні	Өтетін орны	Жауапты қызметкер	ҚС	Демеуші туралы	Қызмет түрі	КС

(ҚАС-Қатысушы адамдар саны, КС-көрсеткіштер саны) Тағыда басқаларыда жалғасып тіркеледі.

б) Кіріспе бөліміне түрлі мәдениет саласына қатысты үкімет шешімдері мен тапсырмаларынан негіздік сөздер алынады.

в) Есеп беру уақытындағы нақтылы жасалынған жұмыстар, толық қамтылып анық жазылуы қажет

г) Жасалынған жұмыстар нәтижесінде қол жеткен табыстар, олар жөнінде жазылған басылымдардағы мақалалардан үзінділер келтіріліп, сілтемелік негізге алынуы керек.

д) Жұмыс жүргізу мақсатына кедергі келтіретін, қиындықтар мен мәселер.

ЕСКЕРТУ:

Әрбір берілетін есепті уақытын есеп құжаттарымен қатар алдағы жүргізілетін апталық, айлық, тоқсандық, жылдық жоспарлар мен жобалар міндетті түрде қоса тіркеліп берілуі тиіс.

Әрбір өткізілген шараның құжаты жергілікті басшылық мөрімен расталады.

Мәдениет ошақтарында атқарылатын жұмыстарға байланысты болуға тиісті, үнемі сақталатын құжаттар:

I – ҮЙІРМЕЛЕР ҚҰЖАТТАРЫ

Әр үйірмеге жеке іс қағаздары, арнайы хаттамаларға жинақталып жүргізілуі керек. Мысалы:

а) Үйірме жетекшілерінің анкеталық анықтамасының

КӨРНЕКІЛІГІ:

P.c	Жетекшінің аты жөні	Мамандығы	Жасы	Жетекшілік өтілі	Қызмет орны	Қатысушылар саны	Жаңа топ

P/c	1	2	3	4
№	Үйірмеде атқарылатын жұмыстардың тақырыбы мен түрлері	Мезгілі мен уақыты (сағаты)	Өтетін орны	Айы және күні

- а) Қатысушылардың тізімі
- б) Материалдық техникалық базасы
- в) Қатысушылардың шығармашылық қысқаша өмір баяндары.
- г) Үйірменің іс жоспары, үйірменің күнделік жоспары.
- д) Үйірмелердің қолдай бар заттай құрал – жабдық мүмкіндігі

Апталық жүргізілген жұмыстың есебі

(Бір айдағы әр жеті сайын) АЕ- 1,2,3,4 (апталар)

Үйірме жетекшілерінің анкеталық анықтамасы

Үйірмелердің іс жоспары

Ақылы (үйірмелердің) қызмет жөнінде сандық есеп үлгісі

P/c	1	2	3	4	5	6	7	8
№	Көрсетілген ақылы қызмет түрі	Өткізілген жері мекені	күні	Ақылы пайдаланушы адамның ұжымның аты	Түсім көлемі	Растау құжатты тіркеу №	Қызметк е шыққан шығын	Шығын құжаттары

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ
ҮЖ-1 (Үйірме жұмысы)

а) Үйірме жетекшілерінің анкеталық анықтамасы

(Жергілікті жердің, мәдениет мекемесінің ақпараты жазылады)



БН ҮЙІРМЕСІ

Құрылған жылы _____

БН ҮЙІРМЕСІ
ҮЙІРМЕ ЖЕТЕКШІСІ



Азған атақтары: _____

Ата - тегі: _____
Білімі: _____
Мамандығы: _____

Атқарылатын жұмыс түрлеріне мәдениет ошағында өтетін барлық жұмыстардың түрлері жатады.

ҮЙІРМЕЛЕР ТУРАЛЫ АЙ САЙЫН БЕРІЛЕТІН ЕСЕП

Бұл есеп үйірмеге қатысушылардың ішкі қозғалысын бақылап отыру үшін қажет.

Осы есеп бойынша қай клубқа қандай үйірмелер қолайлылығы анықталады.

УАЕ-1(Үйірмелердің айлық есебі) Есеп басына айы көрсетіліп жазылады.

Р/с	1	2	3	4	5
№	Үйірме түрі	Жетекшісі	Қатысушылар Саны	Жүргізілген сабақ саны	Келесі үйірмеге ауысқандар саны

ЕСКЕРТУ: Белгі қойылған жерлерге клубта бар аталмаған үйірмелер мен бірліктер туралы қосу қажет.

Жарты жылдық мерзімдерде тапсырылатын жауапкершіліктегі мүліктің жүргізілу есебі

МТБ—1(Мүліктік тех база)

ЖАРТЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТЕРДЕ ТАПСЫРЫЛАТЫН МҮЛІКТІК ЕСЕП

Р/с	1	2	3	4
№	Қолданбалы заттардың аттары	Алынған Жылы	Алынған бағасы	Жарамдылығы

Мәдениет ошағының уақытылы және дәлме-дәл тапсырылған есебі, мәдениет ошағының, келешекте қажетті заттар мен мүліктік жабдықталуына ықпалы болады.

Мәдениет ошағының меңгерушілерінің қызыметтік қабылеті, атқарған жұмыстық көрсеткіштерімен анықталып, кез-келген уақыттағы қызметтік шешімдерге тікелей әсер етеді.

Есіңізде болсын!

Атқарылған жұмыстың мәдениет ошақтары (клубтар) аралық қортындысын шығару үшін әр клубтың уақытылы тапсырған есебі тыңғылықты пікір туғызады.

Жүргізілген мәдени көпшілік жұмыстардың негізгілері төменде көрсетіліп отырған негізде расталып отыруы керек

Жүргізілген есепті растаймын: _____ (қолы, мөрі) _____ Ауыл әкімі (Толық аты жөні) Жұмыс бабында кеткен кемшіліктердің ескертпесі: _____ _____ (Ауыл әкімшілігінің пікірі)
--

Ескерту: Бұл жоғарыдағы есеп, әр жеті сайын жеке-жеке әр аптаға толтырылып, ай бойына жинақталып КМҚК орталығына туар айдың 3 күнінен қалдырылмай тапсырылуы тиіс. Осы есеп бойынша еңбек нәтижесінің есептелуі жүргізіледі. Есептің соңына жазбаша есеп қоса тіркелуі керек.

(Айлық есеппен бірге айына бір рет тапсырылады)

Көрсетілетін ақы-қызметтерден түсетін түсімге жүргізілетін кіріс - шығыс есептері

**(Мәдениет ошағындағы ішкі мүмкіндіктерді ақылы қызметке пайдаланудың айлық есебі.
Тоқсандық, жылдық қортындылары шығарылып отырылуға тиіс.)**

Мекемедегі ішкі ақылы қызметтердің кейбір түрлері:

- 1. Концерт
- 2. Би кештері
- 3. Ғимырат жалдау
- 4. Гострольдік аренда
- 5. Құрылғылар жалдау (дыбыс күшейткіші, компьютерлер, микрофондар т.б.)
- 6. Ақылы үйірмелер
- 7. Жиын, тойларға жалдану
- 8. Музыканттар жалдау
- 9. Безендірулер мен киімдер жалдау
- 10. Автомобильдер жалдау... т.б.

Р/с	1	2	3	4	5	6	7	8
	Қызмет түрі	Айы, күні	Жалдаушы адамның, мекеменің аты-жөні	Жалдау құны	Жалдануға шығатын шығын	Төленген ақының құжаты (№кв)	Қызметтің орындалған ы жөнінде ақпар	Жауапты адамның қолы

ЕСКЕРТУ: Осы графалар бойынша, қызмет ақылы болған жағдайда, ерекше белгіленіп, көрсетіліп отырылуы керек. Түсім жөнінде анықтаушы құжаттардың номерлері қоса көрсетілсін, (бланкіге өткізілген құжат, сатылған билеттер мен билеттердің ара номері, келісім шарт болған жағдайда т.б. құжаттар). Осы жоғарыдағы көрсетілген таблицада берілген көрсетілімдердің айлық, тоқсандық, жылдық есептер таблицасымен сәйкес келуі қатты қадағаланады .

Клубтарда жүргізілуге тиесілі журналдар

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖУРНАЛЫ ҮЖ-1 (Үйірме жұмысы)

- а) Үйірме жетекшілерінің анкеталық анықтамасы
- б) Қатысушылардың тізімі
- г) Материалдық техникалық базасы
- д) Үйірменің іс жоспары, үйірменің күнделік жоспары.

Үйірмелердің саны				Жалпы қатысатын ынталылардың саны			
I-тоқсан	II-тоқсан	III-тоқсан	IV-тоқсан	I-тоқсан	II-тоқсан	III-тоқсан	IV-тоқсан

КӨРЕРМЕНДЕР ПІКІРІНІҢ ЖУРНАЛЫ (Сыртқы беті)

Көрермендер пікіріне арналған Бекітемін.....(қол).....	ПІКІР ДӘПТЕРІ	Басшының аты –жөні (мөр)
Дәптер.....20.... жылыайыныңкүні басталды		

Көрермендер пікіріне арналған ПІКІР ДӘПТЕРІ

(Ішкі беті)

Р/с	Айы ,күні	Өткен мәдени көпшілік жұмыстардың тақырыбы	Көрерменнің пікірі мен сұранысы	Көрерменнің аты-жөні мекені	қолы
№					

Ескерту:

Бұл пікір дәптері қатаң түрде бақылауда сақталуы керек. Журналдағы жазба әрбір шарадан кейін міндетті түрде жазылып, толтырылып отыруы қажет. Журнал арқылы көрермендердің қажеттілігі анықталып, сұранысқа лайық жұмыс жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Журналға мәдени ошақ меңгерушісі тікелей жауапты.

ЖБЖ-1-Журналы көрсетілген қызметтен түсетін ақша қаржатының бақылауына арналған. Көрсетілген ақылы мәдени көпшілік жұмыстардың ақылы болуын қадағалауға тікелей қатысты.

**Мәдениет ошағымен мекемелер арасындағы қатынастар
Сырттан келген және іштен жіберілген қатынастарды тіркеу
журналы.**

Бұл журнал номерленіп, тігіліп мекеме мөрімен бекітіледі, құнды құжат ретінде сақталады.

СКҚ – 1(сырттан келген қатнастар)

1	2	3	4	5	6	7
<i>Р/с</i>	<i>Кімнен, Қайдан келді</i>	<i>Қашан келді</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Кімнің жауапкершілігін- де</i>	<i>Алға н күні</i>	<i>Қолы</i>

СЖҚ-2(сыртқа жіберілген қатынас)

1	2	3	4	5	6
<i>№</i>	<i>Жіберілген күні</i>	<i>Жіберілген орны</i>	<i>Тақырыбы</i>	<i>Жіберушінің аты-жөні</i>	<i>Жіберілген тәсілі</i>

Бұл журнал бөйынша келген және жіберілген қатынастардың жеке даналары арнайы хаттамаға тігіліп, жинақталуы керек. Жұмыс бабындағы ара қатынастардың бәрі міндетті түрде арнайы жіберілген жолдама қатынастармен жүргізілуі керек. Себебі сіздің көтеріп отырған мәселеңізге тиянақты жауап алуыңыз елеусіз қалмайды.

1. Істелген жұмыстарды растайтын көрермендердің қолынан толтырылатын түрлі пікірлер, ұсыныстар, сұраныстар жазылатын

«ҮЙІРМЕНІҢ ПІКІР ДӘПТЕРІ»

міндетті түрде жүргізілуі және сақталуы керек.

2. Клуб үйінде міндетті түрде жүргізілген мәдени көпшілік жұмыстарға күнделік арналуы керек және күнделік үнемі толтырылып отырылуға тиісті. Әр жеті сайын күнделіктің соңғы күні селолық әкім мөрімен расталуы керек.

Төменде келтіріліп отырған пікір дәптерінің беттері әр шара өтер алдында селолық әкімшілік мөрімен расталып, пікір жазуға ұсынылады.

Пікір дәптері қатаң түрде тексеру құжаты ретінде сақталады. Жазылған пікірлер мәдени кеңесте міндетті түрде талқыланып шешім қабылдануы керек. Талқылау құжаты сақталып тіркеледі.

Өткен шаралардың КҮНДЕЛІК (ПІКІР) ДӘПТЕРІНІҢ ЖОБАСЫ

Өткен күні (тақырыбы,мәдени шараның түрі) Өткен мәдени шараға ПІКІР	Пікір жазушының аты-жөні,толық тұрағы	Күні	Қолы

Р/с	Өткізілген мәдени шаралардың жалпы саны	Көрерменнің жалпы саны	Оның ішінде		Ақылы қызметтің түсім көлемі	
			балалар	жастар	Жалдаудан	Шарадан
1	2	3	4	5	6	7

Мәдениет ошақтарының салыстырмалы тоқсан аралық есебі.

Р/с	Өтен жалпы шара				Қатысқан адам саны				Оның ішінде Балалар				Ақылы Қызмет түсімі				
	№	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т	1т	2т	3т	4т

Мәдениет ошағына қарасты халықтық ұжымдардың қамтыған көрермендерінің ақпары

4-БӨЛІМ

МӘДНИ ОШАҚТАРДЫҢ ІШКІ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРЫНА ОРАЙ ШАҒЫН КӘСІПТІК ТҮСІНІК

Жоғарыда айтылған есептік түсінік мәліметтерінен соң мәдениет ошақтарының ішкі жүргізілген жұмыстарын сараптап отыру үшін түсінік ретінде қысқаша мағұлымат.

Ескерту:

“Театр-киімiлгiштен басталады”–дегендей мәдениет ошақтарының ішкі жинақылықтары мен тәртіптілігі келушілерге есік аттап кіргеннен ерекше мәдениеттілікке көңіл бөлуге, ықпал етуге тиіс. Сондықтан мәдениет ошағының ішінде жүргізілетін түрлі рухани тәлім беретін

жұмыстық салаларға арналған бұрыштар, тақталар, көрмелер, жұмыстық кестелер ықтиятты, көз тартатын болып жасалып, келушілерге көрінетін жерлерге орналасуы керек.

Үйірмелер

Үйірме деген не? Үйірме-адамдардың бос уақытында өз икемдеріне қарай айналысатын, білмейтін заттары немесе саласын үйреніп, тереңдете біле түсуі үшін қажет,яғни адамдардың айналысқысы келетін заттар мен істерді шеберлік жетілдіру әрекеті мақсатында бірнеше ізденушілер мен пікірлестердің топталу орны.

Демек үйірменің пайдасы мен қажеттілігін саралап білу әрбір клуб меңгер - ушісінің және үйірме жетекшісінің міндеті. Үйірменің қандай мақсатта жұмыс жасайтынын қатысушының да толық білуі қажет. Үйірме жұмыстары тек осы жағдайда ғана өз мақсатына жете алады.Өйткені кез келген үйірме - адамдарға этикалық, эстетикалық тәрбие бере отырып, өзінің білгісі келетін рухани тілегін жалғастыруға мүмкіндік жасайды.Үйірме екі түрлі жүргізіледі бірі ақылы, екіншісі ақысыз. Ақылы үйірмелер жүргізу үшін үйірмені ұйымдастыру орны қатысушыларды қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етуі қажет. Мәдениет саласында ақылы үйірме ашу,әсіресе ауылды жерлерде бірен–саран түрлері болмаса ауыр соғады. Үйірмені жүргізу үшін қатысушылардың сол үйірмеден рахат алатындай, ой-тілегінен шығатын болуы қажет.

Сонымен бірінші сұрақ «Үйірме деген не» - кез келген үйірменің алдына қойылған мақсаты болуы керек,өйткені үйірме дегеніміз:

- 1.Адамдардың бос уақытын мәнді де мағыналы пайдалануы.
- 2.Адамдардың белгілі бір салаға үйірме көмегі арқылы өзін-өзі баулуы.
- 3.Үйірмеге қатысушылардың білуге деген құштарлығын қанағатандыруы және өздері білгісі келетін сала бойынша ой өрісін толықтыруы.

Үйірме жүргізу үш кезеңге бөлінеді:

- 1 Бастауыш кезең**
- 2. Үйренуші кезең**
- 3. Орындаушы кезең**

1.Бастауыш кезең

Бұл уақытта үйірмеге қатысушы сол өзі қатысатын үйірмеге қабылданады. Үйірменің жұмыс кестесі және жүргізушісімен танысады. Үйірмеде пайдаланатын құрал-жабдықтармен, үйірменің мақсатымен танысады. Үйірменің өтетін орнымен, ондағы қалыптасуға тиісті тәртіппен танысады. Бастауыш кезең 4-5 сабаққа созылуға тиіс. Осы кезеңде қатысушыларды екі-екіден пікірлестер тобына бөлу қажет.

2.Үйренуші кезең.

Бұл кезең ұзақ уақыт жүретін теориялық және тәжірибелік кезең. Бұл кезеңде сол үйірменің мақсаты, оның адам, қоғам өміріне қатысы оқытылады да оны іс

тәжірибеде көрсете бастайды және күнделікті алғашқы процесстермен жалғастырады.

3. Орындаушылық кезең.

Бұл кезеңде үйірмеге қатысушылары өз беттерінше оқып үйренген заттарын көпшілік алдына ұсына, көрсете білу кезеңдері жатады. Үйірме болған соң оның міндетті түрде жетекшісі болатыны сөзсіз сондықтан үйірме жетекшісі қандай болуы керек немесе кімдер жүргізе алады?

Осы сұрақпен қатар үйірмелердің жүргізу әдістері туралы ой пікір ңұсқауда

Үйірме жетекшісі

Үйірме жетекшісі өзі жүргізетін саладан мол хабары, сауатты және іс тәжірибеде орындай алатын тәжірбиелі адам немесе маман болуы міндетті түрде. Өйткені кім болса сол жүргізген үйірмеде қортынды нәтиже болмайтындығы айдан анық. Үйірме жетекшісі үлкен - кішімен қоян-қолтық араласып өзінің көздеген мақсатына жете алуы қажет. Жетекші үйірмеге қатысушы адамның сол үйірмеге деген икемділігіне және ой өрісіне, құмарлығына қатты көңіл болуі қажет. Себебі үйірменің құндылығын түсірмеуде және соңғы нәтиже беруде бұл үлкен роль атқарады. Егерде қатысушы келіп отырған үйірмеден гөрі басқа үйірмеге лайық немесе бейім болса онда келіп отырған үйірме жетекшісі ақыл кеңес беріп, сол өзіне лайық үйірмеге бейімдеп жіберуі керек. Ол үшін оның қабілетін, бейімділігін, одан нәтижеге жететінін әңгіме жасай отырып келесі үйірме жетекшісімен таныстыруы керек. Бұл сөздердің айтылып отырған мақсаты көбінекей үйірмелерге өзінің мақсат ойын қабілетін толық біліп анықтамаған балалар мен жасөспірімдер келеді. Ал қатысқан үйірмелері олардың болашақта өз орындарын табуына көп ықпал етеді.

Жоғарыдағы мәселелерді анықтау үшін, үйірме жетекшісі «Бастауыш кезеңде» қатысушымен танысуын түрлі үйірмелерге байланысты әңгімелесу сатыларында жүргізуі керек.

Үйірме жетекшісі өзің педагог-ұстаз ретінде сезініп, өзіне сондай жауапкершілік жүктеуі керек. Ең бастысы жетекшіде іздену мен үйрету деген өте жоғары құштарлық болуы қажет және шарт. (Ізденгіш қатысушыларды баурап алу қасиеті болуы керек.) Үйірме жетекшісінде мектеп мұғалімдеріндей әр сағатына жоспар жасалып, құрал саймандары шағын лекциялары болуы керек. Жоспар сол күнгі жасайтын жұмысына реттілікті қамтамасыз етеді. Ой-мақсатын жинақы ұстауға көмектеседі. Шағын лекциялар қатысушылардың алдағы көрген білгендерін әрі жалғастырып бір-біріне ұштастыруына және ойда сақтауларына көмектеседі. Ал үйірмеде қажетті құрал-саймандарды пайдалану ол қолмен істеп, көзбен көрген үйірме мүшелерінің ынта-жігерін арттыра түсері сөзсіз.

Үйірме жетекшісі үйірмеге мүше жинаудың қиындығын, қатысушыларды іріктеудің қиындығын жақсы білуі тиіс. Бұл қиындықтарды жеңу үшін өзін-өзі

адамдармен қатынас жасау жөнінде күрделі дайындықтан өткізуі қажет. Қатысушылармен үйірме жұмысы кезінде, одан тысқары кезде де тығыз байланыста болуы шарт. Олардың қойған сұрақтары мен талап тілектеріне неғұрлым қанағаттанарлық дәрежеде жауап қайтарған өте дұрыс болады. Оның үстіне үйірме жетекшісі үйірмеге қатысушыларға үлгі болуы қажет. Үйірме жетекшісі мектептер, кәсіби мектептер үйірмеге тікелей қатысы бар мекемелер, жұмыс орындарымен бірігіп маман және тәжірибелі адамдармен тығыз байланыста орнатуы керек. Қол жеткен нәтижелер мен табыстарды үйірме ішінде ұстамай байқаулар, көрмелер, жарыстар, семинар-кеңестер, газеттерге ұсыну өте пайдалы болмақ. Бұндай шараларды үйірме мүшелері арқылы өткізу үлкен нәтижеге жеткізеді. Тағы бір қатты ойда ұстайтын және білетін мәселе үйірмеге қатысушылардың көбісі жастар мен балалар болғандықтан әр салаға қызығушылығы және шешім қабылдаулары тез және ауытқымалы болады. Бұл сәттерді тежеу немесе болдырмау үшін жоғарыда айтылған мәселелерді жинақтай отырып талапты күшейту қажет. Бұл шаралар болмаған немесе іске аспаған жағдайда үйірмеге қатысушыларда немқұрайлы қараушылық және жиі тастап кету немесе келесі үйірмеге жиі ауысушылық пайда болады. Бұл үйірменің жұмысының нашарлауына, қатысушылар алдында мәнін жоюға, тіптен, өз мақсатына толық жете алмай өз жұмысын тоқтатуға әкеліп соғады. Міне, бұдан да басқа үйірме жұмысын жүргізу кезінде туындайтын көптеген мәселелерді уақытылы шешіп дұрыс пайымдау, үйірме жетекшісіне үлкен жауапкершілік артады.

Үйірмелерді ұйымдастыру мен таңдау және жұмыс жасау әдістері.

Мәдени ошақтарда мүмкіндік болған жағдайда үйірменің ондаған түрлерін ашуға болады. Үйірмеге қатысу-үлкенге де кішігеде көп ықпал етіп, пайдасын тигізеді.

Мәдениет ошақтарында ашылатын үйірмелер мүмкіндігіне қарай халықтың көпшілік бөлігін қамтитын үгіт, рухани тәлімдік тәрбие және қызығушылық тудыратын болуы қажет. Әрбір үйірмеге қатысушы арқылы қоғамдық мәдениет ошақтарының жұмысына дұрыс баға беруіне, көңіл бөлуіне ықпал ететіндей дәрежеде болуы керек. Бір мәдениет үйінде 10, клуб үйлерінде 5-7 үйірме болса, олар өз мәнінде жұмыс жасаса, бұл үлкен қол жеткен табыс. Мәдениет ошақтарында қандайда болмасын үйірме таңдағанда яғни ашқанда жергілікті жердің ерекшелігін, адамдардың бейімділігін есепке алу өте қажет. Өйткені үйірмеде пайдаланылатын тәжірибелік заттарды табу, көрсету, істеуге көптеген мүмкіндіктер туады.

Үйірмелер таңдау ашу кезінде мәдени ошақтардың, басты міндеті халыққа мәдени демалу ұйымдастырумен этикалық, эстетикалық тәрбие беру екенін есте ұстаған дұрыс болады. Сондықтан да, үйірмелер ішінде ұлттық өнер саласы көпшілік назарына жиі ұсынылуы қажет.

Өнер саласы дегенде бұған ән салып, домбыра тартып, спектакль қою деп есептеуге болмайды, өнер саласы болғандықтан ұлттық өнердің барлығы

кіреді. Осы тұста үйірме ашуға мүмкіншілігі мол бағыттардың тізбесін бере кетейік:

- 1. Би үйірмесі.*
- 2. Қара сөз және өлеңдер оқушылар үйірмесі.*
- 3. Әншілер үйірмесі /Ұлттық аспаптармен/.*
- 4. Эстрадалық үйірме.*
- 5. Тоқымашылар үйірмесі.*
- 6. Шебер қолдар үйірмесі.*
- 7. Ұлттық аспаптар / жасаушылар / үйірмесі.*
- 8. Суретшілер үйірмесі.*
- 9. Өнер тану, өлке тану үйірмелері.*
- 10. Фото, шахмат, шашики, тоғыз құмалақ...*
- 11. Драма үйірмесі.*
- 12. Домбыра немесе басқа да ұлттық аспаптар мен басқада ұлттардың ұлттық аспаптарының үйірмесі.*

Аталып отырылғандардан да басқа көптеген үйірмелер ашып, жұмыс жасауға болады. Бірақ үйірме ашу керек екен деп жыпырлатып атын тізгенмен одан қортынды шықпайтыны анық. Сондықтан да, нақтылы қортынды шығатын, қолда бар, қолдан келетін іске бет бұрған сапалы болады. Жоғарыда аты аталған үйірмелердің кейбіріне тоқталып, талдай кетеміз. Үйірмені ашпас бұрын, үйірме өтетін орынды сайлап алу қажет.

Үйірме өтетін орынға, сол үйірменің түріне сай қажетті заттарды мүмкіндігінше жиыстырып, ретпен қой. Әр заттың аты жазылған жарнама қағазын қыстыр. Сол заттың тарихы мен пайдалану әдісі туралы қысқаша анықтама жазып астына қой. Мысалы: «*Тоқымашылар үйірмесін*» алсақ оған қажетті заттардың тізімін жасауымыз керек.

1. Жүн. Осы жүн қандай процесстерден өткеннен кейін пайдалануға жарайды және біз білетін жүндердің түрлері қандай, оны қай жануарлардан алуға, қандай жолдармен алып, өңдеуге болады? Қандай жүнді, қандай заттар тоқуға пайдалануға болатындығын көрсетіп, жазып қою керек. Оның себебін, ерекшелігін атап өту керек. Ең соңында адамдарға қандай пайдалары бар? Осы жүндердің түрлерін целоффан (шағын) пакеттерге салып қою керек. Жоғарыдағы айтылған жүнді қажетті пайдалануға жеткізгенше керекті құрал-саймандар тізбегі мен түрлерін айта кетейік. Ешкі жүні-түбіт және қылшық жүн болып бөлінеді. Ешкінің түбіт жүнін алу үшін темір тарақ пайдаланылады.

Ешкіден түбіт таралу арқылы алынып, қылшықтан тазартылады. Жуып, тазаланады. Иіріледі. Иіріп түбітті жіпке айналдыру үшін ұршық пайдаланады.

2. Ұршық ең басты құрал болып есептеледі. Себебі алынған түбіт осы ұршықтың атқаратын жұмысының арқасында жіпке айналады. Яғни алынған түбітті бір-біріне соза тартып ұршықты айналдырса бірігіп ширатылған соң тоқыма жібі пайда болады. Қой жүні де осылай іске асырылады. Жіпке айналады. Түйе жүні де осы әзірліктен өтеді. Түйе жүні де ешкі жүні сияқты таралып, алынады. Ал қой жүні қырқылып алынып, жуылып, кептіріліп, қылшықтанады. Қырқу үшін қырықтық пайдаланылады. Дайын болған жіптен түрлі адам өміріне қажетті заттар тоқылады. Жүннен алынатын басқа өнімдерге

де тоқталып үйірме мүшелеріне айта кеткеннің артықтығы жоқ. Мысалы шуда жіп, қыл арқан, киіз, текемет, сырмақ, алаша, жабу, тоқым, тағы да басқа көптеген заттар жасалатынын қысқаша түсінік беру. Жүннен жасалынған заттардың денсаулыққа, ақша қаражатына қандай пайдасы тиімділігі барына тоқталу-үйірмеге қатысушылардың қызығушылығын арттыра түседі. Ең соңында тоқыма тоқуға арналған біздермен таныстырып, оның қай түрі, қандай өрмек тоқуға арналғаны айтылады. Тоқу әдістерімен тоқыма тоқу түрлері біртін – біртін үйретіледі. Үйірме жетекшісі үйірмеге қатысушыларға өзі білетін заттарды көп білетіндігін көрсетіп тез үйретіп тастауға тырыспауы керек. Тез әрі көптен айтатын болсаңыз қатысушылардың білсем, үйренсем деген құмарлығына кедергі жасайсыз. Ең соңғы үйрету сатысынан өткеннен кейін жасалынған заттардан сауда көрме ұйымдастыруға болады. Одан түскен түсімге сол үйірмені дамыту үшін қажетті заттар сатып алуға болады.

СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ ҮЙІРМЕСІ

Енді тағы бір тоқтала кететін жайт «Қара сөз бен өлең оқушылар және драма» үйірмесі. Бұл үйірмелердің ерекшелігі өте жоғары десек те болады. Әр ұлт өз тілін жете білуге тиіс оның ішінде біздің қазақ халқы тілді шебер сөйлейтін, айтқан сөзге тоқтайтын халық екені ежелден белгілі. Халқымыз қадыр тұтқан сөз сөйлеу өнерін, сөздің ығын жатқызып, дыбыстарды дұрыс шығара білсе, сөз тасты жібітіп, суды қатыратынын біле ме? Әрине күнделікті өмірдегі сөйлесетін, сөйлейтін сөздің жөні бір бөлек, ол ара қатынас сөзі. Ал топ алдында, көпшілік жиналған жерлерде, жиналыс- тарда, сахна төрінде сөйлейтін сөздер мүлдем бөлек. Бұл жерде сөздер деп отырғанда біз әр сөздің әр орында іс-әрекетке байланысты сөйленер сәттегі адамның көңіл күйіне қарай ауыз қуысынан шығатын дауыс, әріп ырғақтарын айтып отырмыз. Бұл үйірмені жүргізу үшін тілді жақсы түсін- етін сөз қадірін түсініп, сөзбен оқылатын өлеңнің өз әні, өз ырғағы болатынын білетін, сезетін адам болса үйірме жұмысы өте нәтижелі болады.

Сөйлеу үшін:

- 1.Сөздің, оқылатын өлеңнің қандай іске, оқиғаға, мақсатта, көңіл күйге байланысты айтылатынын біліп ал.
- 2.Өз дауысыңның ырғағын тыңда, сөзге жарасымдылығын анықта.
- 3.Елдің бәріне қалыптасқан «конференанс» деген дауыстан алыс бол.
- 4.Қара сөз бен сөздің өнері екі түрлі болады. Осыны ойдан шығарма.
- 5.Оқылатын сөздің домбыра, кобыз және сыбызғы дыбыстарының үндестігін тапсаң, сөз де өлең де әсерлі жүрек тебіренері сөзсіз. Сөздердің өзі, өлеңдердің өзі, кімге, неге, қалай арналып, адамның көңіл-күйінің қай сәтіне арналып тұрғанына байланысты, бірнеше түрге бөлініп саралануы қажет.
- 6.Оқылатын сөзді, өлеңді таңдай біл және өзің бірнеше рет ой елегінен өткіз, оның көрерменге берер әсері мен нәтижесін ойла.
- 7.Ешқашанда сөзді, өлеңді жүрдім бардым таңдаушы болма...

Сөз сөйлей білу, оның ырғағын келтіріп айтып, өз мақсатына дәл тигізе білу мен сөзді қабылдап, ондағы ішкі ойды толық түсіне білу ол адамдар

бойындағы ашылмаған, толық зерттелмеген, көңіл бөлінбеген ғылым десе де болады.

«Өнер алды - қызыл тіл»- деп ұлы Абай босқа айтпаған! Әр ұлтын ұлттығын, даналығын, даралығын, қадыр-қасиетін ең әрісі басқа ұлттармен терезесі тең тұратын ерекшелігін көрсететін осы тіл деген ұлы ұғым.

Халық - деген ұғымды сақтау үшін ең алдымен тіл сақталуы керек. Егер тіл сақталмаса, халық ұлттығын, елдігін жояды.

Біздің қазақ халқы тіл қадырын ерекше білетін, түсінетін, түйсінетін халық. Қазақта бір мақал бар «Тіл-бас жарады, бас жармаса тас жарады» - дейді. Осы мақалдың терең философиялық маңызына үңіліп қарайтын болсақ тілдің адам өмірінде үлкен орын алатындығы, тілдің құдіреттілігі, тіл арқылы барлық тағдыр мәселесі шешілетіндігі көрініп тұр. Біздің ата бабаларымыз «Ердің құны екі ауыз сөзде» - деген нақылмен өз тілінің өткірлігін, тереңдігін, ойлылығын, сол тілде сөйлейтін қазақ деген халықтың өз тіліне құрметін көрсеткенін айтқаны емес пе?! Осы қазақ халқының тілге деген ерекше мән бергендігінен, жазбаша әдебиет тілі жоқ болған кезде ауыздан-ауызға, ауыз әдебиеті арқылы тарихымыздың алтын беттерін ұрпақ көкірегіне ауызша сөзбен жазып, мыңдаған жылдар сақтап келген жоқ па? Сондықтан, біздің тіліміз, ата - бабамыздан мұра болып келе жатқан, ұлтымыздың баға жетпес байлығы, мақтанышы, қоғамымыздың тірегі. Ал ана тілін білмеу, шұбарлау, дұрыс сөйлей алмай, ана сүтімен Алла тағаланың берген бақытынан, кәусар тұнығынан нәр ала алмай (бейшаралықпен) азап тартуымен тең болады. Ана сүтімен даритын «Ана тіліміз» - арымыз, барымыз, байлығымыз, бақытымыз, базарымыз! Ұлтыңа, халықыңа деген мақтанышың, махаббатың рас болу үшін тілдің жүрекке бағынатынын білуің керек! Жүректің ақтығы мен адалдығы тіліңнен білінеді.

Тілдің өшуі мен осуі сол тілде сойлейтін халықтың, өз тілін сыйлауы мен құрметтеуіне бағынышты, сондықтан да әр ұлт, өз тілінде таза сөйлеуге, сөздің айтылуына ерекше көңіл бөліп, тіл алдындағы жауапкершілігін сезінуі керек.

Сөзді дұрыс айту үшін, алдымен сөздерді құрайтын әріптердің, жуан-жіңішкелігін яғни дауысты және дауыссыз дыбыстарды, қатаң мен ұяңды айыра отырып, әріптер ретін жатқа білу тиіс. Сөздердің жазылуы мен айтылу заңдылықтарының тең сақталуы, бірдей болса сонда ғана ұлттық тілдің мәдениеті сақталады және дамиды.

Орфография-дұрыс жазудың заңдылығы болса орфоэпия-дұрыс сөйлеудің заңдылығы.

Дұрыс оқи білген адам, дұрыс сөйлей де біледі. Дұрыс сөйлей білу үшін, сөздегі әрбір әріп ауыз қуысынан басқа да әріптермен бірлесе отырып, тұтас, дұрыс шығуы керек. Әріптердің анық айтылып, дұрыс естілуі, адам ойының дұрыс, толық өз мағына, мәнін беруіне үлкен ықпал етеді.

Күнделікті біздің сөйлеп жүрген қазақ тілінде 42 әріп бар. Оны бәрімізде жақсы білеміз. Осы 42 әріптің айтылуы, жазылуы, ауыз қуысынан шығуы, естілуі әртүрлі болады. Міне осыған байланысты ойлаған ойымызды, пышыратпай жинақы, дауыс ырғағын дұрыс пайдаланып, жеткізе алсақ - бұл

біздің сөйлеу этикасын, мәдениетін меңгергендігіміздің белгісі. «Баланы жастан»-демекші балаларды жас күнінен дұрыс сөйлеуге, әріптерді бұрмала - май дұрыс айтуға тілі шыға бастағаннан бастап үйрету керек.

Бала яғни сәби, өзі өмірге араласуы үшін,тілі алғашқы шығып, шағын ғана ой қорту қабілеті дами бастағанда, өзіне таныс емес, айналадағы құбылыстар мен заттарды, істер мен қимылдарды, сөздер мен дыбыстарды қабылдауға, білуге деген үлкен талпыныста, тілекте болады. Міне осыған байланысты сәбилерде қызығу білгісі білу құмарлығынан күніне бірнеше сұрақтар туып отырды.

Осы туындаған сәби, бала сұрақтарына дұрыс түсінікті жауап беру сөз маған - асын сәби ойына сай пікірмен жеткізу біздің басты міндетіміз және жауапкер - шілігіміз.

Кейбір жағдайда балалар өз ойларынан құраған, не көрген әңгімелерін әсер - леп жеткізгісі келеді. Міне осы кезде үлкендер олардың жеткізбек ойларын бастан аяк толық тыңдауымыз қажет. Бала ойын әбден тыңдап алған соң оның айтқан ойына қолдау көрсете отырып, баланың сол ой пікіріне сай әңгіме ішіндегі айтылған кейіпкерлер мен заттарға, бала ойына түсінікті тілде өзгерту - лер, дыбыстар, қимылдар қосып, қайта әңгімелеп беру керек.

Бұған шектеу қоюға, ұрысуға, ерінуге болмайды. Өйткен себебі сол сәттегі бала қиялы сөз байлығы, тіл байлығы, өзінің өсуіне қажеттілік тілеп тұрады. Бұның бәрі, келешек біздің ұрпағымыздың дұрыс ой қабілетті болып, сөз сөйлеу мәдениетін ерте жастан меңгеруіне өте үлкен әсер етеді. Балаларды түрліше қызықтырулар арқылы, ойындар мен ойыншықтар арқылы әріптерді дұрыс айтуға баулуға болады. Ешқашанда өзің де,өзгеге де баланың тілі келмеген әріптерді мазақтап, тіпті, жай болса да, қайталап айтуға мүмкіндік бермеу керек.Өйткен себебі сәби болса да, баланың ондай жағыдайда намысына тиіп, психикалық құбылыстарына теріс әсер етесіз...Сөздің басын бұл әңгімеден бастауымызға себеп болып отырған, біздің басты қызметіміз мәдениет саласының жұмыстарын жүргізу, осы тіл мәселесіне өте тығыз байланысты.

Мәдениет ошағы қызметкерлерінің басты міндеті-халыққа рухани байлық беру. Ал рухани байлық - мәдениет саласында, мәдени көпшілік жұмыстар арқылы, сахналық түрде жеткізіледі. Сондықтан сахнада сөйлеу мәдениеті-мәдениет саласының жұмыстарында басты орын алады.

Осыған орай, сахнада сөйленетін әр сөз, айтылатын әр ән, өз максатына дөп тиіп, дәл жетуі керек. Сонда ғана атқарылған әр жұмыстың өзіндік құндылығы артады.Тіл заңдылығы, жазба түріне қандай белгілі заңдылықты қажет етсе, сөйлеу түрінен де сондай заңдылық талап етіледі.

Осы жағдайға орай тілді-мәдениет саласындағы басты құрал деп тану керек. Сахнада қойылатын қойылымдар мен оқылатын көркем сөздер және айтылатын әндерге, біршама дайындық жұмыстары жүретіні сөзсіз. Осы кезде ауыз қуысынан шығатын дыбыстардың дұрыс айтылуы, қалыптасуы қажет. Өйткен себебі ертеңгі көпшілік алдындағы ауыз қуысынан шығатын әр дыбыс, өз ырғағын дұрыс тауып, көрермендердің ынта назарын оғаш дыбыстар және жағымсыз үндермен тынышсыздандырмауға тиіс.

Сахнада сөйлеушінің сөзіне тыңдаушы бар ынта-назарымен көңіл бөліп, келесі еститін сөзінің және дыбысының елестік ақпаратының ойлы сипаттама -

сымен күту сезімінде отырады. Мұндай сәттегі тыңдарман сезімін *«Сыйпама ақпараттық сезім»* десек те болады.

Сыйпама ақпараттық сезім деген - адамның көру, есту, қорту және түсіну, елестету процестері қат-қабат жүрген кезінде, әлі сипаттық қортын - дыға жетпеген адамның ішкі жан дүниесінің тосымдық сәті.

Бұл құбылыс болып жатқан оқиға кезінде немесе көрініп тұрған бейнелер және естіліп тұрған дыбыстарға байланысты өзінің нақты толық сипаты - на жетпеген сезімдік түсінік.

Ауыз қуысынан шығатын дыбыстар төрт түрге бөлінеді:

1. Ерікті
2. Еріксіз
3. Қажеттіліктен туындайтын дыбыс.
4. Сезімдік дыбыс.

1. Ерікті дыбыс

Ерікті дыбыс дегеніміз-ауыз қуысынан мәжбүрліксіз шығатын табиғи еркін дауыс ырғағы.

Бұндай дыбыстар күнделікті табиғи тіршілік процестерінде үнемі қолданыс кезінде шығатын дыбыстар. Ерікті табиғи дыбыстар өнер саласында, кино өнерінде қолданылады. Ерікті дыбыстар шығару кезінде ашық сезімдік ырғақтар мен толқулар көп аңғарылмайды. Оған себеп адам ойындағы толғаныстық өзгерістің тұрақтылығы мен тежеулілігі әсер етеді.

Ерікті дыбыс шығару процесі кезінде басты орында есту мен қорту негізгі роль атқарады.

Бұл жағдайда іс-қыймыл, әрекет баяу дамып, көбінекей тежеулі қалып сақтайды.

Ерікті, еркін шыққан дыбыстардың әсерлік ықпалы да тежеулі күйде болады.

Оған дәлел ретінде, өз ара қарым-қатынас, тыныштық сөз арқылы болған кездегі айтушы мен тыңдаушының бет бейнесіндегі, дене қимылындағы әсерін беру мен қабылдау өзгерістерін пайдаланудың шағын мөлшерін келтіреміз.

Ерікті дыбыстың көрермен мен естушіге әсерлік қортындысы, өзінің әсерлік қажетті мөлшерінен кейінгі аралықта белгілі болады.

Ал, сөз арасында пайда болатын қимыл, қозғалыстар мен іс әрекеттерге байланысты туындайтын, сөздердің дыбыстық ырғақтарының өзгерілуі ішкі сезімге еріксіз қажеттіліктен туындайды.

Еріксіз туындайтын дыбыстар

Еріксіз туындайтын дыбыстар дегеніміз адамның ішкі сезім құбылыстарының нәтижесіне байланысты, бір сәттік өзгерістерге ұшырап естілетін ерікті дыбыстардың оғаштана бастаған өзгерген ырғақтары.

Ауыз қуысынан шығатын еріксіз туындайтын дыбыстар таңдану, ашулану, бұйыру, қорқу (қажетті сұраныс), сенбеу кездерінде сол сәттегі ішкі сезімнің жоғарғы дәрежедегі сезінушілік қабілетінің тітіркенуінен туындайды.

Еріксіз туындайтын дыбыстардың естілуі де оғаш, жағымсыз болып келеді. Ондай дыбыстар келесі жағымсыз дыбыстардың туындауына тікелей себепкер

болады. Мұндай дыбыстар бақылаусыздық шарасына бірден ұшырайды. Осыған байланысты ауыз қуысынан шығатын дыбысты реттеуші тыныстық мүшелер мен дыбыстық қаққыштардың ретсіз, зиянды жұмыс жасауына тікелей ықпал етеді.

Кей жағдайларда бұл процестің әсерінен адамның анатомиялық дауыс шығару құбылысы өзгеріске ұшырап, уақытша немесе тұрақты қалып қоюы мүмкін.

Еріксіз туындайтын дыбыстар бақылау, басқару әрекеттеріне бағынбайды. Іс-қимыл әрекетімен қатар келетін, еріксіз туындайтын дыбыстар, жоғарғы үнді ырғақтарда айтылатындықтан жағымсыз дыбыстар жиынтығына айналады. Мұндай дыбыстардың жасанды түрлері кейіпкерлік бейнелер туындату кезінде қажеттілігіне қарай пайдаланылады. Еріксіз туындайтын дыбыстардың қоздыр - ғыш күштерге бағыныштылығына байланысты пайда болатын үш сәті бар:

А) Алаңдаушылық пен қорғаныс сәті.

Ә) Тітіркену мен қарсылық сәті.

Б) Көтерілу мен шабуылдау сәті.

А - сәті, яғни, *алаңдаушылық пен қорғаныс сәті*-кез келген уақытта, белгілі бір тұлғаның, екінші тұлға тыныштығына кері әсер ететін ықпалына, қарсылық сақтығынан туатын, табиғи заңды сезім құбылысы.

Бірінші тұлға өзінің кері әсерін дыбыс және қозғалыс іс-қимылдар арқылы іске асырады.

Ал, екінші, алаңдаушы және қорғанушы тұлға өзіне ыңғайсыздық тудырған дыбыс және іс-әрекеттің түрінің өзгеше бейнесінде қорғаныс жауап қайтарады. Бұндай әрекеттер көбінесе ұрыс – керіс, ренжісу процесстерінде анық байқал - ады. Бұл сәтте дауыс ырғақтары өзінің қалыпты кезінен аса көп өзгерістерге ұшырай қоймайды.

Сондықтан да, әріптердің ауыз қуысынан шығу ырғағыда сәл екпінділіктен артыққа бармайды.

Ә – сәті, яғни, *тітіркену мен қарсылық сәті*-алаңдаушылық пен қорғаныс сәті, тежелу мүмкіндігінен және бақылау мен басқару ықпалынан бағын - ышсыз кеткен кезде туындайтын сәт.

Бұл сәтте дауыс көтерілуі мен дыбыс жылдамдығына сай тез қимылдар пайда болуы, ішкі сезімнің еріксіз түрде қарсылық максатында өршуінің әсерінен туындайды. Өзіне ықпал етіп отырған, тітіркену күшіне қарсылық сәт, сезімдік анайы немесе өрескелдік қозу сәті. Мұндай жағыдайда ұрыс -керіс, ренжісу әрекеттері барынша тез дамиды. Дауыс пен дыбыс қатқылдығы күшейіп, үдей түседі. Ауыз қуысынан шыққан әріптер, өзгерістерге ұшырап, кейбір жұмсақ әріптер көмескі естіледі немесе мүлдем естілмей қалуы да мүмкін. Сахнада, мүмкіндігінше бұл сәттің шектеулі бөлшектері ғана пайдаланылады.

Б – сәті, *көтерілу мен шабуылдау сәті*-қоздырушы күштің шектен тыс әсерінен тұлғаның өзінің іс-әрекетіне, сөзіне бақылау қою мүмкіндігінен мүлдем айырылып, ішкі сезім бнлігінің өршуіне шамадан тыс бағыну сәті.

Мұндай сәтте дыбыс(дауыс),іс-қимыл өте тез бақылаудан шығып,мүлдем анай-ылық түрге ауысады.

Сахнада бұл сәттің бөлшектері аса қажеттілік етпейтін болғандықтан пайдаланылмайды.Оған себеп,бұндай сәттегі дыбыстардың оғаштығы,көрермендерге керіғар әсері мен қатар, қолайсыздық тудырады.

Қажеттіліктен туындайтын дыбыстар

Қажеттіліктен туындайтын дыбыстар деп - тұлғаның ойындағы істі орындау немесе орындату мақсатында пайдаланылатын, ауыз қуысынан шығатын дыбыстарға өз керегінше,(тұлғаның) биілік жүргізуінен туындайтын, түрлі ырғақ қозғалысына бағынышты дыбыстарды айтамыз. Сөйлеген кезде дауыстардың немесе дыбыстардың бұл түрлері ауыз қуысынан шығатын әріптердің үндестігінің бір-біріне жарасымдылығымен ерекшеленеді. Қажеттіліктен туындайтын дыбыстарды мүмкіндігінше бөліп көрелік:

- а) Жұмсақ
- ә) Сабырлы
- б) Ойлы
- ғ) Қуанышты
- д) Сүйсінулі
- ж) Жұбанышты
- з) Екі ұшты
- к) Жұмбақты
- л) Көңілді
- м) Сырлы
- н) Сағынышты
- о) Өкпелі
- п) Ұранды
- р) Аялы . т.б.

Дыбыстардың естілуі,оқиға мен іс-әрекеттердің сол сәттегі мәніне байланысты,қажеттілігіне қарай, ауыз қуысынан шығатын дыбыс толқындары ырғағына, ретті түрде бағыныштылықпен, айтушы тұлғаның (қалауымен) жеткізу мүмкіндігінше (шығарылады) айтылады.

Қажеттіліктен туындайтын дыбыстар, сахнада орындалатын шығармалардың, кез-келгеніне өз орнымен, кеңінен пайдаланылады. Жоғарыда айтылып отырған дыбыстар жөніндегі заңдылықтарымыз, тіл жаттығуларына тоқталу алдындағы түрлі сахна қойлымдарымен және көрсетілімдерімен(*Дайындау және дайындау*) айналысатын (адамдар) мамандар сөзсіз білуге тиесілі заңдылық.

Бұл заңдылық толық орындалуы үшін, кейіпкерлік бейне жасаушы немесе сөз сөйлеуші,сол сәттегі шығарманың кейпі мен негізін түйсіну арқылы сезімдік күйге көшуі керек, яғни, ішкі жан дүниесі айтылатын сөз құндылығын немесе іс-қимыл арқылы болатын оқиғаның қабылдаушыларға өзіндік әсерін алдынала өзі толық сезініп, мойындауы тиіс.Осы шарт орындалған жағдайда жасалған еңбек өз нәтижесін беріп, қызымет көрушіге шынайы ұзақ сезінетін әсер қалдырады. Біздер күнделікті өмірдегі қатынастарымызда басты роль

атқаратын үйреншікті сөзіміздің түрлі толқынды әуенмен айтылатынын аңғара бермейміз.

Сондықтанда ауыз қуысынан шығатын дауыс немесе дыбыстарды құрайтын әріптер тобының айтылуға тиісті анық мөлшерін толық өз мәнінде бағала - маймыз. Ал сахнада сөз сөйлеу кезінде бұл кемшілікті қатаң бақылауда ұстау керек. Біздің сөз жасап отырған басты мәселеміз - сөз сөйлеудегі әріп, дыбыстың дұрыс шығару болғандықтан сол әріптердің дұрыс айтылуы мен естілуіне тікелей ықпал етуші, бет құрылысындағы мүшелердің атқаратын ролін жақсарту мақсатында нақтылы, қажетті іске көшіуіміз керек. Алда айтылмақ болып отырған мәселеге сахна өнерінің ішіндегі тікелей сөз сөйлеу саласына қатысы бар тұлғалар өте жауапкершілікпен қарап, тынымсыз еңбек етуге және оны кәсіптік әдетке айналдыруы керек.

Бет мүшелерінің жаттығулары жөнінде қысқаша кеңес

Сахнада сөз сөйлейтін адамдарға арнайы сабақ өткізіп, әріптерді дұрыс айтуды үйретпес бұрын ерін жаттығуларын, тіл жаттығуларын, дем алу жаттығуларын үйретіп, олардың сөйлеу өнері кезінде атқаратын ролі жөнінде мағұлымат беру қажет.

1.Ерін жаттығулары

А) Ерінді бір-біріне қосып ілгері, кейінді қозғап яғни Р әрпін айту (стилімен) тәсілімен ерін қимылын бірнеше қайталап жасау.

Ә) Ерінді желке тұс бағытында қозғаулар жасау немесе жыйыс, езу тарту тәсілдерін түрліше қайталау керек.

Б) Тістерді кезекпен еріндерімен жауып тұрып тіс жаппаған еріннің бос жерлерін жоғары төменді кезекпе-кезек қозғап, қимылдар жасату.

Ерінді, тісті, қалыпты жағдайда ұстап тұрып, қатарынан жоғары төмен ашыңыз және жабыңыз. (жаттығу бірнеше рет қайталануы керек)

В) Еріндерді алдыға қарай үшкірейтіп сүйір күйде оңға солға қозғап түрлі қимылдар жасату.Иектің қозғалмауын қадағалап тыныштығын, қалып - тылығын сақтау керек.

2.Тіл жаттығулары.

Тіл-адам өмірінде ең басты орын алатынын дене мүшесі екенін бәріміз жақсы білуге тиістіміз. Сөз тілсіз дұрыс айтылмайды. Сөйлеген сөз түсінікті болу үшін тіл сөздің айтылу ырғағына қарай жеңіл, оңай қозғалып, тербеліп, қимылдап тұруы керек.Тіл қозғалысы,қимылы дұрыс,жеңіл болмауы сөздің түсініксіз - дігіне әкеліп соғады. Мұндағы кемшіліктерден тіл жаттығулары арқылы құтылуға немесе қалыпқа келтіру мүмкіндігіне жетуға болады. Осы еңбекте негізгі басшылыққа Рабиға Қаныбаеваның «Сахна сәні –сырлы сөз» және профессор Дариға Тұранқұлованың «Көркем сөз оқу шеберлігі» мен «Сахна

тілі» атты еңбектерінен тіл жаттығуларына қажетті кеңестері қысқартып, теріліп (алынатындықтан) ой қортындылары жазылады. Жоғарыдағы аталып отырған авторлар тіл мәдениетінің жанашыр күрескерлері. Қазақ тілінің сөйлеу мәдениетінде өнер саласы үшін үлкен еңбек жасап жүрген ел азаматтары. Тіл жаттығулары осы салада ерінбей еңбек еткен сайын күрделеніп, түрліше өзгерту әдістерін пайдаланып, қоюландыруға болатын сала. Сонымен тіл жаттығуларына кірісейік.

1.Тіл жаттығулары кезінде (көңіл) назарыңыз тілдің қимылында бөлсын. Тіл еркін болуы керек.Тіл еркін болғанда тіл ұшы тістің алдыңғы жақтары на тиіп жатады

2.Ауыз екі елі ашық тұрып тіл еркіндігі сақталып көмейдегі кішкене тілді (бөбіршек) жоғары қыймылға келтіріп (көтеріп) дауысты дыбыстарды еркін шығаруы қажет.

3.Ауыз ашық тұрып, иек қозғалмай тіл ақырын көтеріліп, жоғары тіске тиіп қайта алғашқы тыныш қалпына келуі бірнеше қайталануы керек (Ауыз екі саусақ көлемінде ашық болуы қажет)

4.Тіл астындағы көктамыр жирылу мен дірілдеу жаттығуы*ЫЛ*бөлып айтылатын немесе естілетін*Р*әрпінің сөз арасында яғни сөйлемде ашық шығуына ықпал етеді. Бұл жаттығу кезінде де ауыз қуысы екі елі (қос саусақ көлемінде) ашық тұруы керек.

5.Ауыз жоғарыдағы айтылғандай ашық тұрған кезде тілді бұра жиырып екі ұртқа кезек-кезек тірей тигізу керек.

Тіл жаттығуларынан кейінгі аса баса назар аударатын қажетті жаттығу демді дұрыс алып дұрыс пайдалану әдістері болып есептеледі. Демді дұрыс алып, оны дұрыс пайдалана білмеу, кеңірдекті ауруға шалдықтырып өкпенің қан айналымын бұзады. Дем алу жолындағы ауыз қуысы, көмей жұтқыншақ және бұлардың бұлшық еттері бір-біріне тығыз байланыста тәуелді жұмыс істеуі керек. Аз мөлшерде дем алыс дыбыс екпінін әлсіретеді, сөз дұрыс шықпайды. Бір қалыпты дұрыс дем алу дыбыстың дұрыс шығуына және организмнің дұрыс жұмыс жасауына ықпал етеді. Терең дем алу - дыбыстың сүйкімсіз шығуына себепкер болады


Дем алудың яғни тыныс алудың ғылыми екі түрі бар

1.Физиологиялық

2.Фонациялық

Біз осы екі жолдың фонация—тіл дыбыстарының сөйлеу мүшелерінің қызметі нәтижесінде айтылуына тоқталамыз.

Сөз айту кезінде дем алудың физиологиялық қызметіне дауыс келіп қосылуын фоноциялдық дыбыс, яғни, тіл дыбысының пайда болуы дейміз. Физиологиялық, фоноциондық тыныс алудың жолдары төмендегідей жүйемен сараланады.



III Тыныстаудың мынандай тәртібін сақтау керек:

- 1 - демін ішке тарту
- 2 - демін сыртқа шығару
- 3- тыныс жасау ,екі аралығында сөз сөйлеу

Тыныс алу жолының дұрыс жолға қойылмауы барлық дауыс аппаратының жұмысын нашарлатады. Өлең айтып, рольдерде ұзақ монологтар айтқан көркем сөз оқығанда шамадан тыс дем жұту өте зиянды. Дұрыс дем алып оны пайдалана білу - сөз сөйлей білу өнерінің кәсіпкерлік дәрежесіне көтереді. Повесть, роман, пьесалардан, өлеңдер мен поэмалардан мәнерлеп үзінділер оқу-адамның тынысты, демді алу дикциялы жаттығуларында үлкен орын алады. Жоғарыда келтірілген заңдылықтарды терең зерттей отырып, ынталыларға үйрету, олардың келешекте сөйлеу мәдениетін, сөз өнерін біршама меңгеруіне үлкен бағыт-бағдар береді.

Осы арада айта кететін Марк Тулий Цицеронның 156 трактатында артистердің демді, дауысты, тілді меңгеруі туралы мынандай пікір айтады. «Шешендер кей кездерде артистерден үйренуі керек, әсіресе дауысты, демді, тілді шынықтыруда жаттығулардың орны өте зор»-дейді.

Бұл сөзді қарапайым ой елегінен өткізіп, қортындыласақ сөз сөйлей білу, сөзді дұрыс сөйлеп, жеткізе білу кім-кімгеде болсын үйренетін, терең бағдарлап байыппен қарайтын жауапкершілік екендігі, ғылым екендігі көрініп тұр. Мысалы: саясаткердің ел алдында сөз сөйлеп, елдің сеніміне кіріп соңынан ертеді. Мұғалімнің оқушылар алдында сабақты түсіндіріп, ұғымды айтып, оқу үлгерім сапасын көтереді. Оқушымен тең қатынаста бола білуі. Дәргердің науқас адамға «жазыламын» - деген сенімді ұялатуына және тағыда басқа көптеген мысалдарда сөз бен сөйлей білу құдыреті деген сырлы да, тылсым ғылым жатыр. Күнделікті қызметі сөзбен тікелей байланысты адамдарға ерін, тіл, иек жаттығуларымен айналысу өте пайдалы. Ұлттық тілімізді - басты тіл жасау мақсатында, ана тіліміздің кәдірін арттыруда, сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасын өз заңдылығымен қолдану, насихаттау, көпшілікке оның ішінде жас ұрпаққа сөзді дұрыс айтуды үйретуде мұғалімдердің, артистердің,

көркем сөз оқушылардың, әншілердің, дикторлардың атқарар қызметі өте жауапты және өте бағалы. Сондықтанда бұл тақырыпты дұрыс түсініп, оқып, пайдалану, сахна жұмысы кезінде пайдаға асыру керек. Өйткені, ауыз қуысынан шығатын сөздік дыбыстарды, дұрыс дем алумен жеткізе білмеу сөз шығармашылығының нәтижесіз болуына өте үлкен кемшілік әкеледі. Сондықтанда сахналық өнердің сөзбен тығыз байланысты, қандайда болмасын түріне, сахнада орындаушының дұрыс түсінігін қалыптастырып, жүйесін үйрету керек...

Бейнемобиль жұмыстарын жүргізу үшін берілетін әдістемелік кеңес.

1- Кіріспе бөлім

Мәдениет саласындағы халыққа жасалынатын мәдени көпшілік жұмыстың өте жауапты бөлігінің бірі - бейнемобиль жұмыстары. Бейнемобиль- автокөлік үстінде орналастырылған жылжымалы мәдени ошақ болып есептелінеді. Бейнемобильдің басты міндеті - арнайы мәдени ошақтары жоқ елді мекендер - дегі тұрғындарға мәдени қызмет көрсету. Бұл көрсетілетін мәдени қызметтің қызмет түрлері, өту орнына байланысты. Тұрғылықты халықтың сұраным, талғамына қарай әр түрлі болып келеді.

Сондықтан да, бейнемобиль қызметі мәдениет саласындағы күрделі салалардың бірі болып саналады. Бейнемобиль қызыметтері аяқ асты өзгеріп, сол сәттегі туындаған әрекеттер мен қажеттіліктерге байлынысты жаңарып отыруы мүмкін. Бір іс-сапарға арнайы дайындалған бағдарлама келесі іссапарда қайталап көрсетіп, қызмет жасауға келмейді. Өткен сапардағы көрсетілген мәдени көпшілік жұмыстар бейнемобильдерде көрсетілетін басқада жұмыстармен тығыз байланысты болады. Ал жаңа бағдарламаны өзіндік тақырыптылығы және сол жолғы қамтылуға тиесілі бағыттарына байланысты, жүйелі түрде жасақтап, жабдықтап, дайындап жалпы көпшілікке ұсыну - бейнемобиль жұмысының негізі болып есептеледі.

Бейнемобильдің халыққа көрсететін жұмыстары өз мәнінде болуы үшін атқарылуға тиісілі негізгі жұмыстарына тоқталып, талдау жасалық.

Бейнемобильде болуға тиісті көрнекілік заттармен құжаттар тағыда басқада қажеттіліктер туралы қысқаша тоқталым.

Бейнемобильде атқарылатын қызметтердің түрлеріне тоқталып оларды талдамас бұрын бейнемобильде болуға тиісті құжаттар мен көрнекілік жабдықтарға тоқталып алалық.

Құжаттар мен көрнекілік жабдықтардың аты жөнімен танысқан соң, олардың не үшін қажеттілігі және атқаратын қызметіне талдау жасап тоқталамыз.

А) Бейнемобильдердің жұмыс барысындағы пайдаланатын құжаттары мен көрнекілік жабдықтары.

1) Бейнемобильдің толық техникалық құжаттары.

2) Бейнемобиль құрамы және олардың міндеттері жөнінде қысқаша ақпарат.

- 3) Бағыттық сапар куәлігі.
- 4) Пікір және ұсыныс дәптері.
- 5) Атқарылған жұмыстар жөнінде фото дәлелдермен расталатын альбом.
- 6) Бейне таспалардың анықтамалықтары мен тізімі.
- 7) Іс-сапарда атқарылуға тиісілі жұмыстардың шарасы.
- 8) Тәжірибе алмасу журналы.
- 9) Сұрақ жауап қоржыны.
- 10) Сапарлық жазбаша және бейнелік басылым.
- 11) Біздің жарнама.
- 12) «Денсаулық- зор байлық» альбомы
- 13) Бейнемобильдің «Пайдалы кеңес» журналы.
- 14) Ағымдағы ақпарат құралдар.
- 15) Бағыттық жол сілтеме картасы.
- 16) Борт журналы.

Б) Бейнемобильде болуға тиісті мәдени көпшілік жұмыстар мен қатар көпшілікке қосымша көрсетілетін тұрмыстық қызметтердің түрлері

- 1.Кітапхана жұмысы.
- 2.Денсаулық сақтау саласының жұмысы.
- 3.Ауыл шаруашылығы саласының қызметі.
- 4.Комерциалық құрылымдар қызметі.
- 5.Тұрмыстық қажет өтеу қызыметтері.
- 6.Почта және байланыс торабы саласының қызметі.

Осы кіріспе бөлімде көрсетіліп отырған бейнемобиль жұмыстарын жүргізуге негізгі бағыт болып есептелетін, қажеттіліктерді талдай отырып толық білу және іске асыру, әрбір бейнемобиль қызметкерінің басты міндеті. Қызметтік шеберлік,өз ісіне жауапкершілікпен қарау және өзі жауап беретін сала қызметі- не мақсатты түрде жұмыс жүргізу, халық алдындағы жүргізілетін мәдениет саласының міндетті жұмысының дәрежелік бағасын көтереді.

Сондықтанда, жасалынған мәдени көпшілік қызмет өз мәнінде толық шешімін тапқан, көрермен алдындағы өз міндетін нақты ақтай алатын, өзіндік салмағы бар,көпшілікке арналған қызмет болуы керек.Көптеген жағыдайда бейнемобиль қызметі өзінің негізгі мақсатын атқармай, қағаз жүзінде көрсетілетін сипаттама арқылы бағаланады.Жылына бірде-бір мақсатты жұмыс атқармаған бейне - мобильдерді тек бензин шығындарын жабушы немесе мекеме шаруашылық - тарына жүргізу құралдары ретінде пайдалану, бейнемобиль қызметкерлерінің қызымет іскерлігінің өте төмен және жауапкершілігінің жоқтығынан туындай - ды. Мұндай жағдайға мекеме тарапынан салғырттықпен қарау, мекеме басшылығының өз міндеттеріне жүрдім-бардым қарауының әсерінен немесе мәдениет саласы қызыметінің міндетін толық түсінбеуі мен қызметтік дәреже деп қана ұғуынан болады.

Осы қысқаша айтылып отырған ескертпелерден кейін, бейнемобиль арқылы халыққа көрсетілетін қызыметтердің түрлеріне толық тоқталып,талдау жаса - лық. Әрине, бұл ұсынылып отырған, әдістемелік көмек ұсыныстың ең шек -

теулі түрі емес қозғаушы түрі. "Қозғаушы түрі"-деп отырған себебіміз, халыққа жасалынатын мәдени қызметтер шығармашылық негізде жасалын - атын болғандықтан бейнемобиль жұмыстары да үнемі өзгеріп, түрленіп, көбейіп отыруы керек.

5 – БӨЛІМ

Бейнемобиль жүргізетін жұмыстардың түпкі нұсқалық негізі мәдени кеңесте қаралып,бекітіледі. Мәдени кеңес бейнемобильге көпшілік мәдени жұмыстар - дың басты қызметін көрсету бағыттарын анықтап берген соң, қызмет көрсету бағыттарына сүйене отырып, өздерінің мүмкіндіктеріне қарай неғұрлым көшпелі жағыдайға сай жан – жақты жұмыс жасауға тиіс. Өздеріне ыңғайлы іс сапар шарасын жасайды.

Іс сапар шарасы дегеніміз-болашақ бейнемобильде атқарылатын негізгі мәдени көпшілік жұмыстардың белгіленген жүйе бойынша нақтылы іске асу жоспары мен міндеттері.

Жүргізілетін жұмыс жоспары тек концерт қоюмен ғана шектелмейді. Сондық - танда жасалынатын жоспарға қажетті жоғарыда айтылған тұрмыстық қызмет - терде көрсетіліп, кірістірілуі керек.

Айтылып отырылған мәселе жөнінде негізгі жетекшілік және ұйымдастыру - шылық міндеті, бейнемобиль құрамында болғандықтан, көрсетілетін мәдени көпшілік және тұрмыстық қызметтің жоғарғы нәтижеде болуы, құрам міндеті болып есептелінеді.Жасалынатын шарада жоғарыда айтылып отырған жұмыс - тардың бәрі толық ашылып, жазылып, саралануы керек. Жауапкершіліктегі адамдар өздерінің тиісілі міндеттерін толығымен меңгеруі тиіс.

Әрбір жасалынатын жұмысқа шығармашылық түрде дайын болуы, көрсетілетін жұмыстың сәтті өтуіне тікелей өз әсерін тигізеді. Бұны естен шығармауы қажет. Көп жағдайда жұмысқа деген салғырттық пен немқұрайдылық және басшы орындардың ат үсті карауынан туындайтын, қызметтік терең берілуге тиісті мағынаның,құнсызданып,ықпалдық көлеңкеде қалатындығы, мәдениет сала - сындағы кез-келген жұмыстың,атқарымдылық құнын жойып, бағасыздандыр - ады. Мұндай жағдай, мәдениет саласында жұмыс жасаушының өзінің атқарып отырған жұмысына лайықты таңдалмағанынан, немесе сол саладағы білімі мен ізденісінің төмендігінен болады. Сондықтан да, бұл саланың қызметкерлері, мәдениет саласының жұмысы өз мәнінде қоғамдық қажетті сала екенін толық мойындатып, естен шығармауы керек...

Арнайы мәдениет ошақтары жоқ елді мекендерде, көшпелі мәдени қызметтің өз мәнінде көрсетіліп, халық арасында мәдениет саласының қажетті басты бір бөлігі екедігін дәлелдеуі үшін төмендегі талданылатын, жоғарыда көрсетіліп отырған, бейнемобиль жұмыстары салаларының ерекшеліктеріне тоқталамыз.

А – саласы бойынша.

1) Бейнемобильдің толық техникалық құжаттары.

Бейнемобильдегі мәдени көпшілік жұмыстарды жүргізуге қажетті бар материалдық техникалық базасын көрсететін мекеме мөрімен расталып,

бейнемобильдегі басты материалдық жауапкершілік құжаты ретінде сақтал - атын арнайы журнал болуы керек.Бұл журналда техникалық құрал жабдықтар- дың аты, алынған уақыты, пайдаланылған мерзімі, техникалық ахуалы (қандай дәрежеде), істен шыққан бөлшектері, оларға жүргізілген жөндеулер туралы ақпарат ашық және толық болуға тиіс.

Бұл журналдың жобасының сызбасы төмендегіше.

№	Бейнемобильдегі техникалық құрал- жабдықтардың аттары.	Алынған жылы	Бұзылған жерінің толық аты, уақыты	Жөнделген уақыты	Іске қосылған уақыты	Шыққан шығын	Жауанты адамның қолы.
1	2	3	4	5	6	7	8

2) Бейнемобиль құрамы және олардың міндеттері туралы ақпарат.

Бұл тақталық құжат, (1-сурет) көрнекілік ретінде жасалынады. Бейнемобиль мүшелерінің суреттерімен тиесілі қызметтері жазылып, әрқайсының атқар- атын қызметтерінің негізгі мақсаты туралы қысқаша таныстыру ақпараттары жазылуы керек.

а) Бейнемобиль меңгерушісінің негізгі қызметтік міндеті.

Бейнемобиль жұмыстарына басшылық жасау.

Іс сапарға қажеттіліктен туындайтын мәселелерді ұйымдастыру.

Басшылық жасау деген түсінік бейнемобиль құрамының негізгі атқаратын жұмыстарын белгілеу, оған арнайы шара жасау, ұйымдастырылуға тиісілі жұмыстарға бағыт-бағдар беріп, қажетті материалдық техникалық базасын толықтыруға ықпал жасау, сонымен қатар бейне мобильдегі құжаттардың дер уақытта қаралып, қадағалануы және толық өз мәніне жауап беруі т.б тікелей жұмыс барысына қатысты барлық жұмыстарға жауап береді...

СІЗДЕРГЕ БЕЙНЕМОБИЛ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУШІ ЭКИПАЖ ҚҰРАМЫНЫҢ ТАНЫСТЫРУ ТАҚТАСЫ:



Бейнемобил меңгерушісі _____
(Аты жөні)
Атқаратын қызметтің ерекшеліктері _____

Бейнемобиль технигі _____
(Аты жөні)



Атқаратын қызметтің ерекшеліктері _____

Бейнемобилдің көркемдік жетекшісі _____
(Аты жөні)

Атқаратын қызметтің ерекшеліктері _____





Бейнемобилдің жүргізушісі _____

Бейнемобиль технигінің міндеттері:

Техник-бейнемобильге қарасты барлық мәдени қызмет көрсетуге қажетті, техникалық құрал жабдықтардың дұрыс, өз мәнінде жұмыс жасауын қадағалап, қамтамасыз етуге жауапкершілікте. Бұзылған тетіктері жөнінде дер кезінде хабарлама арқылы тиісілі орындарға жеткізіп, келесі іс-сапарға дейін түзеуге немесе жөндеуге міндетті.

Бейнемобильдегі бар тех.құралдар арқылы көпшілікке көрсетілетін мәдени қызметке қажетті көмекші материалдық құралдарды табу және оны пайдалану техниктің негізгі міндеттерінің бірі болып есептеледі.

Бейнемобиль технигі - жылжымалы мәдениет ошағындағы барлық тыныс тіршіліктің бәріне тікелей қатысуға міндетті. Техник - бейнемобильдегі мәдени көпшілік жұмыстарды атқаруға тиісті бейнекамера және фотоаппарат құрал - дарымен жүргізілетін жұмыстарға иелік жасауы және мәдени көпшілік қызметтің өз мәнінде болуын қамтамасыз етуі тиіс.

б) Бейнемобильдің көркемдік жетекшісінің қызыметтік міндеті:

Бейнемобиль көркемдік жетекшісі жылжымалы мәдениет ошағы арқылы атқарылатын мәдени көпшілік жұмыстардың, басты ұйымдастырушысы және ұсынуға дайындаушы болып саналады. Мәдени ұйымдастырушы өзінің қызметі негізінде, шығармашылықты қызмет болғандықтан көрермен алдында көрсетілетін жұмыстың көркем және тартымды болуына қатты көңіл бөлуі керек. Әр сапарсайынғы көрермендерге көрсетілетін мәдени көпшілік жұмыстардың нақтылы жүйесінің жасалуын және белгіленген жүйе бойынша дайындап, мәдени кеңеске бекітілуін қамтамасыз етуге міндетті.

в) Бейнемобиль жүргізушісінің негізгі міндеті

Өзіне иелікке берілген авто және электротехникалардың қалыпты сақталуын қамтамасыз етіп, дер кезінде елді мекендерге бейнемобиль құрамының көшпелі мәдени қызметін көрсетуін қамтамасыз ету. Бейнемобиль автокөлігін өзінің негізгі міндетінен тысқарғы мақсаттарға пайдаланылуға жол бермеу. Автокөлік - тің уақытылы техникалық бақылаулардан өтіп отыруын қадағалау.

3.Бағыттық сапар куәлігі деген не?

Бейнемобильдегі бағыттық сапар куәлігі деген-бір жолғы сапарда жүрілетін негізгі қызмет көрсетілу аймағының нақтылы белгіленіп, берілген бағыттық кестесі.

Бұл құжат бейнемобиль жұмысына нақтылы баға беретін негізгі құжаттың бірі болып есептелінеді. Бағыттық сапар куәлігінде бейнемобильдің сол сапар куәлігімен барып, қызмет көрсететін аймағындағы нақтылы елді мекендердің аттары және мәдени қызметтердің көрсетілген түрлері туралы нақтылы айғақ - тары көрсетіледі.Бұл құжат екі дана жасалып бірі әдістемелік орталықта, екіншісі бейнемобиль- де сақталады.

№ Р.с	Қызмет көрсетілетін елді мекендердің аттары	Тұрғылықты адамдардың жалпы саны.	Оған қатысқан адам саны.	Көрермендерді ң қысқаша пікірі
1	2	3	4	5

(Көрсетілген қызмет түрлері аталуы қажет. Пікір білдіруші көрерменнің саны үштен кем болмауға тиіс және төл құжат номері жазылуы керек). Құжатта ауылдық әкімнің көрсетілген қызметті растауы (Қолы және мөрі) болу керек


4. Пікір және ұсыныс дәптері.

Пікір және ұсыныс дәптері, бейнемобиль жұмысының жанданып, жан-жақты түрленіп, жақсаруы және көрермендер өтініштерін орындау артқылы пікірлестік қарым қатынас орнатуға өте қажетті. Пікір және ұсыныс дәптеріне, көрермен, өзі көрген көпшілік қызметіне, өзінің қанағаттанған немесе қанағат -танбаған пікірімен келешек көргісі келетін ұсыныс ойларын жазады. Пікір және ұсыныс дәптері, мекеме мөрімен расталып неше бет, қашан басталды, қашан аяқталды көрсетіліп бейнемобиль жұмыстарының нақтылы жүргізілгендігін растайтын құжаттардың басты бірі екендігі қатаң ескеріліп мекемеде сақталуы керек. Пікір және ұсыныс дәптеріне жазылған пікірлер мен ұсыныстар тар мәдени кеңесте, талқыланып қажетті жауабын табуы тиіс. Сонымен қатар арнайы шаралар жасалынып нақтылы жұмыстар жүргізілуі керек. Пікір және ұсыныс дәптерінің жобасы төмендегіше.

№	1	2	3	4
	Айтылатын пікір және ұсыныс	Күні	Қолы мен аты жөні	Тұрағы

5. Атқарылған жұмыстарды фото дәлелдермен растайтын альбом.

Бұл альбомда бейнемобильдің барған жерлердегі нақтылы жүргізген жұмыстары жөнінде фото дәлелдер сақталады. (Осы арада айта кететін бір пікір - бейнемобильдің өзіне арнайы бекітілген техникалық құрал жабдықтарының ішіндегі фото және бейне камераны дұрыс, өз мәнінде пайдаланса ақылы қызмет те көрсетуге болады.)



Сондықтанда бейнемобильге мекемеге тапсырылатын ақылы қызметтің бір

бөлігін жүктеуге толығынан мүмкіндік бар.Томенде көрсетіліп отырған, бейнемобиль сапарындағы атқарылған жұмыстардың фото дәлелдері сақталатын альбомның шартты түрдегі бейнесі. Альбомды арнайы сатып алуға да қолдан жасауға да болады.

Альбом әр тоқсан сайын өзгертіліп алдыңғы альбом әдістемелік орталықта сақталуы қажет.

6.Бейне таспалардың анықтамалықтары мен тізімі.

Бейне таспалардың анықтамалықтары көрермендердің белгілі бір көлемде, өздерінің қажеттілігінен туындайтын шығармаларды, көргісі келетіндігін, қанағаттандыруға мүмкіндік жасайды. Бейне таспалар тек бір бағытта жұмыс жасамауы керек. Яғни тек көркем кино қоюмен шектелмей, түрлі құжатты, танымдық, саяси, әдеби көркемдік және балалар мен қарттарға арналған т.б. бағыттардағы таспаларды пайдалану қажет. Осы орайға қарай тақырыптас журналдың жобасын ұсынамыз. Бейне таспалардың шағын жарнамасын журнал беттерінің арасына қалталы беттер салып, соған орналастыру арқылы жасауға болады.

7) Іс сапарда атқарылуға тиісілі жұмыстардың шарасы.

Р.с.	Бейне шығарманың аты	Шығарған елі	Шығарманың көрсетілу ұзақтығы	Қысқаша мазмұны
1	2	3	4	5

Іссапарда атқарылуға тиісілі жұмыстардың шарасы бейнемобиль құжаттарының негізгілерінің бірі болып саналады.

Бейнемобильдің әрбір шығатын іссапары кезіндегі көрермен көпшілікке көрсетер қызметі әр түрлі болатындықтан әр жолғы іс сапарға арнайы шара жасалуы керек.

Бұл шарада әрбір атқарылатын жұмыс анық жазылып, сол көрсетілетін қызметтің өз мәнін толық ақтай алатын жақтары жүйелі қамтылуға тиіс. Шараның орындалу жауапкершілігі әрбір бейнемобиль мүшесінің, өзінің негізгі міндетіне сай қатаң жауапкершілікпен бөлініп, берілуі шарт. Шара жасау жобасы төмендегіше.

Шараның жоғарғы жағына шығу сапарының уақыты міндетті түрде көрсетіліп, баратын бағыты мен шараның аты-жөні толық жазылуы керек. Шара мәдени кеңесте бекітілуі міндетті. Егер төменде көрсетілетін мәдени жұмыстардан тысқарғы тұрмыстық қызметтердің түрлері де көрсетілетін болса, онда, шарада олардың да жұмыстары ашып көрсетілуі керек. Ал бұл аталып отырған жұмыстардың ара қатынасын үнемі біріктіріп отыру бейнемобиль жетекшісінің басты міндеті болып саналады. Шара атқарылғаннан кейін, оның орындалысы туралы, сапар жөніндегі жазбаша ақпарат берілуі керек.

№	Жұмыстардың аттары	Орындалуға тиісті күні	Орындалатын орны	Жауапты адам
1	2	3	4	5

8) Тәжірибе алмасу журналы.

Бұл журнал бейнемобиль жұмысындағы көпшілікке ұсынылатын, адамдармен, олардың атқарып отырған жұмыстарының, немесе кәсіптерінің ыңғайластығына сай жүргізілетін жазбаша қызмет түрі болып есептелінеді.

Бұл журналды “Іскерлік журналы”-деп атасада болады. Себебі, бұл журнал бейнемобильдің қызмет аймағындағы іскер адамдардың, іс тәжірибесін насихаттауға, сонымен қатар мезгілдік басылымдардағы озық технология мен табыстылық жолдарын тарату мен таныстыру құралы болып саналады. Бұл журналды жүргізу үшін үнемі салалық мамандармен тығыз байланыста және іскерлік одақта болу қажет.

9) Сұрақ жауап қоржыны. (журнал)

Сұрақ-жауап қоржыны деген-қызымет көрсету аймағындағы тұрғылықты халықты алаңдататын, күнделікті өміріне қатысты сұрақтарына жауап беретін, ара қатынастық журнал. Бұл журналдың жүру тәртібі төмендегіше. Қызмет көрсету аймағында тұратын, тұрғын өзін алаңдататын сұрақты жазып сізге тапсырады, сіз оны осы айтылып отырған журналға тіркеп алып, сұраққа тікелей қатысты жерлерден нақтылы жауабын алып, келесі жолғы іс сапарда жауабын бересіз.

Әрине қойылатын сұрақтар кең көлемді болатындықтан, бейнемобиль құрамының бәрі жауапты түрде жұмыс жасауы керек.

Енді осы сұрақ жауап журналының жобасын көрсете кетелік

№	Берілген сұрақтың қысқаша нұсқалық түрі	Берілген күні	Сұрақ берушінің аты жөні мен тұрағы	Сұрақ қандай салаға қатысты	Жауап берілгендігі жөнінде жазбаша белгі
1	2	3	4	5	6

10) Сапарлық жазбаша және бейнелік басылым.

Сапарлық жазбаша және бейнелік басылым дегеніміз-бейнемобиль құрамының сапар кезінде шығаратын қабырға газеті тектес қол басылым мен бейне камера арқылы жасалынған, бейне журнал болып саналады.

Бұл қызметтік бағыттың екеуі де, көрермендерге өзінің әсерімен, бейнемобиль мүшелерімен жағымды, жақын ара қатынастық туғызады.

Бұл басылымдағы ерекшелік басқа үлкен қалыпты басылымдардай емес, тіке-

лей өзінің оқырмандарының араласуымен шығады. Басылым кең оқырмандарға арналмағандықтан мақалаларыда қысқаша болуға тиіс.


Мысалы: Түрлі атаулы күндермен құттықтау. Аудан басылымындағы басты жаңалық (жапсырма), іссапар кезіндегі көрген күлкілі оқиғалар немесе құрдастардың жарасымды қалжыңы...т.б жеңіл мақалалардан тұруы керек. Басылым қос немесе үш беттік табак көлемінде болғаны дұрыс. Түрлі салма, басылма суреттерді де пайдалану қажет. Басылым жазылмалы болса пайдалануға ыңғайлы болады. Басылымның аты, девизи болуы керек. Мысалы:

Бейнемобильдің сапарлық басылымы Табысу Басты мақалалар орналасатын орындар. 	Сырласайық Бұл бетте кәсіпкерлердің іс тәжірибелері мен ақыл кеңестері. Сыртқарғы жақтағы түрлі мәселелердің өздері кездескен қиындықтарды шешкен іс тәжірибелері туралы ортақ ойлары жазылады.	Қуанышты хабарлар Бұл бетте құттықтау, жақсы тілектер тағыда басқа қуанышты хабарлардың жиынтықтары жатылады. 
--	---	---

11) Біздің жарнама.

Біздің жарнама-деген көрнекілік жабдығы,бейнемобильде аткарылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі нұсқасымен қысқаша таныстыра отырып, өз қызметтерін ұсыну. Мысалы өздеріндегі шаштараз, фото, бейнемобиль т.б өздері атқара алатын кез келген қызмет түрлерін жарнамалап, ұсынуға болады. Бұл жұмысты жүргізу үшін,бейнемобильдің кез келген ыңғайлы сәтін пайдаланып, көпшілікті сенімге тарту керек.

Бұл альбомда адам денсаулығын сақтауға пайдасы тиетін түрлі дәргерлік кеңестер мен қолданылатын дәрілердің әсерлігі және аурулардан алдын ала



қалай сақтану керектігі жөніндегі кеңестер кіруі керек. Ең бастысы адамдар арасында жиі кездесетін аурулар мен мамандық немесе кәсіптік аурулар белгілерін тез айырып, дәргерлік бақылауға жүгінуіне ықпал ету. Бұл қызмет түріне де арнайы бұрыш ұйымдастырып, мамандар кеңесін пайдалану керек. Өзінің жарнамалық ұсынған жұмыстарын толық әрі нәтижелі аяқтауға, бейнемобиль мүшелері мүдделі болуға тиіс. Мысалы қарапайым бейнемобильдің өзін жарнамаласақ не жазуға болар еді.


1.Бейнемобиль жөнінде шақырмалы көтермелемелік ұсыныс.

Котермелік жарнама ұсыныста не жазылуы немесе айтылуы керек.Бейнемо - бильдің қашан келгендігі сол уақыттан бері қанша елді мекендерде болып, қан - ша көрерменге,қандай қызмет көрсеткендігі, елді мекендерді аралау кезінде қанша шақырым жер жүргендігі. Бейнемобильдегі құрал саймандар арқылы қандай қызметтер жасауға болатындығы, қысқа да нұсқа жазылып, көрсетіліп жарнамалануы керек.

2) Денсаулық зор байлық альбомы

Дәргерлік ұсыныстар бойынша біріккен шаралар ұйымдастыруға болады.

Мысалы жаңа кеңестік құрал ретінде төмендегі жобалық суреттегі әдістемелікті ұсыналық.



13)Бейнемобильдің ***Пайдалы кеңес *-журналы.**Бұл журнал әр түрлі бағыттарда, түрлі басылымдар мен тәжірибелік ұсынылымдар арқылы, жинақталып қызымет көрушілерге танысу құралы ретінде ұсынылады. Қызымет көрушілерге, күнделікті тіршілік кезінде, үй тұрмысында кездесіп жататын сәл ыңғайсыздықтар мен қиындықтарды,аз уақыт жұмсап тез орындауға ақылдас ретінде ұсынылады.***Пайдалы кеңес***журналының көмекшілік ауқымы кез келген бағытта бола береді.Сондықтан да, журнал әдемі безендіріліп, ұсыныс-кеңестердің суреттерімен пайдаланушыларды шақырып тұратындай безендірілуі керек.

Бұл араға көрнекілік ұсыныс жасаудың қажеті шамалы,өйткені журналды ұйымдастыру өз қабілеттеріңізге орай жасалады.

14) Ағымдағы ақпарат құралдар.

Бұл арада айтылып отырған ақпарат құралдары республикалық, облыстық, аудандық көлемдегі басылымдар айтылып отыр. Көшпелі мәдени қызмет кезінде бұл міндетті қалай атқаруға болады? Ол үшін өзіңіз жүретін бағыттағы қызмет қорышылардың талғамына сай өзін қызықтыратын басылымдардағы мақалалар туралы пікірлесіп, өзекті деген тақырыптарын анықтап, сол бағытта, көрермен, яғни қызымет көрушінің сұранысын қанағаттыруға, қызымет ұйымдастыру керек. Замандық техникаларды пайдалана отырып, басылымның өзін алып жүрмей-ақ көшірмелерін тіркемелі іс қағазы ретінде пайдалансаңыз, бірнеше сұранысты бір мезгілде қанағаттандыруға болады.

15) Бағыттық жол сілтеме картасы.

Бұл карта бейнемобильдің басты қызметін көрсету құралдарының бірі болып саналады. Бағыттық картада баратын арнайы мәдени ошақтары жоқ елді мекендердің тұрғын саны, айналысатын кәсіптері, бір-бірінен ара қашықтығы белгіленіп, көрсетіледі. Бұл карта бойынша қай елді мекенде қандай адамдар тұратыны, олардың бейнемобиль қызыметіне талғамы, талабы қандайлығы анықталады. Бұлай дейтін себебіміз осы карта бойынша әр елді мекенге сұраныс картатекасы ашылуы керек. Бұл картатекада қызымет көрсетілушінің барлық қажетті анықтамалығы қысқаша жиналуы қажет. Анықтамалыққа жыйналатын негізгі қажетті ақпараттар бейнемобиль қызметін жақсартуға және көбейтуге ықпал ететін болуы тиіс. Мысал көрсеткіштер:

а) Көрерменнің картатекасы.

Мәдени ошағы жоқ картада көрсетілген атаулы бірақ тұрғылықты жердің аты (Бұл картатенканың сыртқы беті)	 Картатека ашылған адамның Аты жөні, туған жылы, күні, айы.	Картатекаға карта-тека ашылған тұрғынның өміріне байланысты болған және болатын атулы күндер мен мерекелер, керек	естеліктер өзіне жақын қуаныштар туралы толық мағұлыматтар жазылып сақталуы керек. Ақпарат құралдарына шыққан мақалалар, б...
---	---	---	---

16) Борт журнал.

Борт журнал дегеніміз-бейнемобильдің сапар күнделігі. Сапарда болған, жұмыс бабындағы шешім қабылдауды қажет ететін мәселелер мен жетілдіруді және келешек жұмыс бабында пайдалануға қолайлы, түрлі сапар барысындағы тіршілік тынысты қадағалау құжаты. Бұл журналдағы жазылған мәселелер келешек бейнемобиль мүшелерінің ортасында талқыланып, өз шешімін табуға тиіс.

Бейнемобиль мүшелерінің борт журнал артқылы қабылдаған шешімдері, құжатталып, сақталуы керек. Борт журнал беті саналып, номерленіп, мекеме мөрімен бекітіліп сақталатын құжат болуға тиіс.

**Б) Бейнемобильде болуға тиісті мәдени көпшілік жұмыстар мен қатар
көпшілікке қосымша көрсетілетін тұрмыстық
қызметтердің түрлері**

- 1.Кітапхана жұмысы.**
- 2.Денсаулық сақтау саласының жұмысы.**
- 3.Ауыл шаруашылығы саласының қызметі.**
- 4.Комерциалық құрылымдар қызметі.**
- 5.Тұрмыстық қажет өтеу қызметтері.**
- 6.Почта және байланыс торабы саласының қызметі.**

Осы көрсетіліп отырған жоғарыдағы халыққа қажетті қызметтердің шектеулі түрлерін бейнемобиль сапары кезінде көпшілікке қосымша қызмет есебінде ұсыну, бейнемобиль қызметінің түрін көбейтсе көпшілікке пайдалы жағынан ықпалы артатыны сөзсіз. Бейнемобиль жетекшісі осы аталып отырған көпшілікке қажетті, салалар бағыттарына ықпал етіп, халыққа біріге қызмет көрсетуге бағыт беретін жетекші ұйымдастырушы болуға міндетті.

Арнайы мәдени ошағы жоқ елді мекендерде бейнемобильдердің жұмыс жасауы өте үлкен жауапкершілікті талап етеді. Оған себеп біздің республикамыздың халқының көп бөлігі ауылды жерлерде тұрады. Сондықтанда халқымыздың шашырай орналасқан бөлігіне рухани қажеттілігін қанағаттандыратын нақтылы мәдени және басқада халықтық қызмет көрсету, бүгінгі күннің үлкен талабы. Бұлай деп айту себебіміз қазіргі қоғам құрлымының талабына сай сол заман ықпалында жүрген сахна өнерінің бизнісінде өзіндік орны бар азаматтар алыста жатқан он шақты адам тұратын ауылға өз шаруасымен барып қайтпаса, арнайы бармайтыны белгілі. Сондықтанда, ауыл мәдениет саласында жұмыс жасайтын азаматтарға қойылар талап өте жоғары болып келеді. Олай дейтін себебіміз, мәдениет саласы қызметкерлері тек бір бағытта яғни өлең айту немесе басқа бағытта айналысумен шектелмей, жалпы рухани қажеттілікті қанағаттандыратын барлық қызметтік бағытта жұмыс атқарады. Ал соның ішінде бейнемобиль қызметкерлері өздерінің көрсететін қызметі жағынан алыстағы ауылдардың рухтық қалыптатылуын сақтап отыруының бірден-бір сүйеніші. Сондықтан да бейнемобиль қызметі үнемі өсіп, жаңарып, алға жылжып отыратын қызмет болып есептеледі. Жоғарыда айтылып кеткен жұмыс жасау бағыттары шектеліп қалмауы қажет. Қайта қызметкерлер қиялына қарай өсіп, жаңарып отыруы керек. Бейнемобиль сапарлары мемлекеттік қаржыдан қолдаусыз болғандықтан, табыс табу жолдарын қарастыру қажет. Ол үшін бейнемобиль өзінің қамтылған техникалық құрал-жабдықтарымен толық мүмкіндікте жұмыс жасай алады. Жоғарыда айтылған *** Біздің жарнама*** - бөлімінде шағын ауылдарда өтетін атаулы күндер мен қажеттілік ететін қолғабыстық қызметтерді пайдалануды т.б. ақылы қызметтерге келетін келісімдік шарттарды ұсыну керек. Көп жағдайда бейнемобильдер түрлі сылтаулар артқылы жасанды туындайтын кедергілердің әсерінен өз міндетін атқармайды. Сондықтанда бейнемобильдер сыртқарғы көлденең жұмыстарда пайдаланатын техникалық құрал есебінде танылып, қалыптасады... Мұндай

жағдайға жол бермес үшін, жоғарыда келтірілген жұмыс жасау бағыттарымен құжаттары қатаң тәртіппен бақыланып, қадағалануы тиіс. Мәдени кеңес бұл мәселе жөнінде қатты бақылау қойып, іскерлік шешімдер қабылдауы қажет. Бейнемобиль қызметкерлері мәдени кеңеске өздерінің ай сайынғы атқарған қызметтері жөнінде жан – жақты қамтылған біріккен жазбаша және санақты есеп тапсыруға міндетті.

Бейнемобиль қызметі жөнінде жыйнақталуға тиісілі санақты есептер құжаттарының үлгілері:

Күні айы	Болған жерлердің аттары	Жұмсалған шығын көлемі	Км-ы	Сапарға шыққан адам саны	Көрермендер саны		Әр жерге көрсетілген қызмет саны
					Үлкен	бала	
1	2	3	4	5	6	7	8

Бұл кесте бейнемобильдің сапар соңында беретін жазба есебіне қосымша берілген сандық көрсету есебі.

6 - БӨЛІМ



ШАРАЛАР ӨТКІЗУГЕ СЦЕНАРИЛАР ЖАЗУҒА
БАҒЫТ БЕРЕТІН

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ҚӨМЕКШЕР

ЖАҢА КҮЖ



Бұл бөлімде өткізілетін мәдени көпшілік шаралардың дайындығы кезінде дайындаушы жетекшілердің алдын ала не білуі керек және нені қамтуы қажет, шараның мақсаты мен мазмұнын қалай жеткізуі керек тағы да басқа қажетті нұсқаулар сөз болады.

Шара өткізуге тиісті мамандарға нұсқаулық түсінікті әм қол жетімді болуы үшін тақырыпқа Қазақтың ұлттық мерекесі «**НАУРЫЗ**» мейрамы жобасын талдап, таразылаймыз

«ЖАҢА КҮН» СЦЕНАРИІНІҢ ТАЛАПТАРЫ :

Мәдени бос уақыт өткізу орталығының (клуб) мәдени көпшілік жұмыстарының «Жаңа күн» сценариінің критерилері:

Шығармашылығы:

Әдістемелік нұсқауға ұсынылып отырған “Наурыз мейрамы”-атты бұл шығарма яғни жоба-сценарий, «Наурыз мейрамын» қалыптасқан, қазақ халқының негізгі ұлттық мерекесіне айналдыруды, сонымен қатар ұлттық тәрбиелік мәні зор ықпал ететін, насихаттық күш ретінде пайдалануды ұсынады.

Наурыз мерекесінің, қазақ халқының ежелгі мерекесі екені, түрлі жазба зерттеулерден белгілі. Бұл ұсынылып отырған жоба Республика келемінде насихатталып, ұсынылса артық болмасы сөзсіз. Наурыз мерекесінің атын “Жаңа күн” — деп алудың өзінде тарих тереңінде жатқан қазақ елінің ұлттық иелігі көрінеді.

Тақырыптылығы:

“Жаңа күн” яғни наурыз ұлттық мерекесіне арналған бұл жобаның тақырыбының негізгі мақсаты - наурыз мерекесінің ұлттық мереке екенін насихаттау. Жазылған жобадағы мерекені енгізу үшін арнайы орын болуы, ол орынның тәрбиелік, үлгі боларлық негіздерден құрылуы көңілге қонымды, ұрпаққа ой саларлық туынды. Ал сценарийде көрсетіліп отырған бейнелер, қазақ халқының өз ұрпағын тәрбиелеуде, атадан балаға мирас болып келген, ауыз әдебиеті арқылы сақталған, */кейінде баспаға түсрулген/* мирастық бейнелер.

Бұл бейнелер осы заманғы өмірге сіңімді кейіпкерлерге айналған. Осы бейнелер арқылы, қазіргі ұрпаққа ұлттық тәрбие дәстүрлерді әр түрлі сценарийлер, қосымша бейнелер, ұтымды ойлы сөздер енгізе отырып, пайдалануға мол мүмкіндік жасалған.

Идеологиялық бағыты:

Ұсынылып отырған наурыз мерекесін өткізуге арналған “Жаңа күн” жобасының идеологиялық бағыты қазақ халқы туралы қалыптасқан мешеулік ойларды жоққа шығарып, қазақ халқының ежелден өркениетті ел болғандығын ғылымы мен білімі дамыған өзге елдерге үлгі болғандығын көрсету. Басқа халықтардан ерекшелгі табиғатпен тұтаса отырып өзінің тілінің дамуына ерекше назар бөлген жоғары тәрбиелі ұлт болғандығын, сонымен қатар жер шарын мекендеуші дамыған көне ұлыстың бірі екендігін қазіргі замандас -

тарымызға жеткізу. Жас ұрпаққа өз халқы үшін ешқашанда еш кімнің алдында ұялмай мақтана алатындығына тәрбиелеу.

КІРІСПЕ СӨЗ

Наурыз тойын қалай өткізуге болады? Наурыз тойын өткізу туралы осы ұсынысты бастамас бұрын ежелгі еліміздің бір аңызына қысқаша тоқтала кетейік.

Қысқаша аңыз

Алаштан Қазақ, Наурыз екеуі бірге туыпты. Наурыз қартайған шағында Қазақтан туған үш ұлды шақырып алып:

- Мен ұзамай дүниеден өтемін. Менің соңымда ұрпақ жоқ екенін білесіңдер. Бірақ сендер де менің баламсыңдар. Менің атым өшпес үшін жыл сайын көктем келіп, күн мен түн теңелгенде бір қазан көже жасап, осы елге таратып отрыңдар - депті.

Қазақтан туған үш ұл уәде беріп, жыл сайын жазғытұрым күн мен түн теңелгенде бір қазан көже пісіріп, елге тарататын бөліпты. Бұл көже келе-келе көптеген жылдар өткеннен кейін “Наурыз көже” аталыпты.

Осы аңызға ой жүгіртіп түйін жасайтын болсақ жазғытұрым күн мен түннің теңелген уақытысының **“Наурыз айы”** аталуы, сонымен қатар осы **Наурыз айында, наурыз көженің** пісіріліп таратылуы жоғарыдағы айтылған аңызға сәйкес келетіні байқалады.

Наурыз той барлық мұсылман халқында тойланбай шығыс халықтарының жекелеген елдерінде тойлануы тағы да бір ой-толғауға себеп болатын сияқты. Тарихи деректерге сүйенсек біздің ата бабаларымыз ежелгі замандарда көптеген елдерде билік жүргізгендігі тарихтан белгілі...

Осыған орай, сол билік жүргізген уақыттарында, өздерінің билік жүргізіп отырған елдеріне өз елінің салт-дәстүрлерін енгізгендіктеріне ешкімде шүбә келтіре қоймас - деп ойлаймыз.

Ал **“Наурыз”** деген сөздің парсы тілінен аударғанда **«Жаңа күн»** деген ойды білдіреді деген пікірімізді жоғарыда келтірілген ойға салсақ **«Наурыз»** сөзінің парсы сөзі екендігі көңілге күдік тудыраы сөзсіз.

Өйткен себебі жат жерлік өзін билеушінің тілінде айтылған сөзді тұрғылықты халық өз тілінде айтарыда сөзсіз. Сонымен қатар наурыз тойы қазақ халқының ата тойы екендігі ғылыми зерттеулер мен ұлтын сүйген ұлыларымыздың жазып қалдырған шығармаларынан белгілі және қазіргі басылымдарда жазылып жүрген мақалаларда осы төңіректе ой қозғайды.

Наурыз тойы діни той емес, нағыз халықтық той.

Өйткен себебі наурыз тойы кезінде берілетін **«Наурыз дұға»** деген дұға жоқ. Құрбандық шалынбайды. Бұл, күн мен түн теңеліп, тіршілік атаулының бір жыл болып саналатын 365 күнін алғашқы күнінен басынан қайта бастауы. Наурыздың 21-нен 22-сіне қараған күні бір жылдың алғашқы **“Жаңа күні”** басталады. Әр күн өткен сайын жаңадан басталған жыл, күн сайын ескіріп, өткен жылға айнала береді. Кез-келген тіршіліктің жас кезі мен

көнелену шағы біздің көз алдымызға жылдың есюін де елестете алады. 22-наурызды қазақтардың **“Самарқанның көк тасы жібiген күні”**– деп теңеу айтуы тегін емес, өйткені себебі, күннің алғашқы қызуы жер бетіндегі тіршілік атаулының бойына жылылық кіргізіп, қозғалыс енгізіп, қаһарлы қыстың қыспағынан шыққан тіршілік иелері күнге ұмтылып, жаңа өмір бастайды. Қақаған қыс ішінде қаңтардың басында **“Жаңа жыл”** тойын еткізу, жай ойланған кісінің өзіне тірліктің соңғы күндерін өткізіп жатқандай болып сезіледі. Көп заманнан бері қалыптасып қалған әдет бойынша Иссустың тірілген күніне құрмет есебіндегі осы **“Жаңа жыл”** тойы мұсылман халықтары үшін аса ұлттық маңызы жоқ екенін түсінесіз. Өйткені себебі, **«Жаңа жыл»** тойына шыршаға ойыншық қыстырып, есіміз шыққанша, билегеннен ұлттық немесе жалпы қоғамдық тәрбиелік мағынасы бар ештеңеде байқай алмаймыз.

Біз бұл сөзді айтқан уақытта басқа ұлттардың өзіндік тойына нұқсан келтірейік деп отырған жоқпыз, өйткені себебі, басқа ұлттар да өз ұлттығына сай тойлауға құқылы. Ал біз халқымыздың маңдайына біткен ұлттық тойымыз **“Наурыз тойын”** қалай өткізіп жүрміз? Өзінің ұлттық нақышына жеткізіп, сол тойды тойлаған адамдардың жүрегіне жылылық ұялататын тәрбиелік тәлім бере алып жүрміз бе?

Көз алдыңызға елестетіңізші, ортада жағалай тігілген киіз үй, оның ішіне жайылған дастархан, ол дастарханды комиссия келгенше ешкімді кіргізбей, көрінгенмен ұрсып тұрған күзетші, әр жерге жаққан оттың үстіндегі қазан, оның маңында көже сұраған ел, дастархан үстіндегі тағамды пакеттеріне талап салып жатқан адамдар, бір шетте азғана адамның басы қосылып, өнерпаздардың концертін тыңдаудан әріге бара алмай жүрміз.

Қазақ халқында дастарханды бағаламаған, иесінің ниетін бағалаған. Сондықтан болар қазақ **“Ниетсіз берген қазыдан, ниетпен берген қара су”** — деген.

Кейде Қызыр атаның (Қызыр ата мен Қыдырды шатастырып алып жатамыз) халыққа, елге айтатын тілегі мен батасын құран аяттарымен безендіріпте жіберетін кезіміз болады. Ал, жоғарыда айтылған ойларға көңіл бөлсек наурыз тойының діни той еместігін білеміз.

Өйткені **А.Байтұрсыновтың, Ә.Бекейхановтың, М.Әуезовтың, тіптен Ұлы Абайдың** айтып, жазулары бойынша наурыз тойы - қазақтың ұлттық тойы, еңбек тойы, бірлік тойы екендігі сөзсіз.

Ежелден кең даланың төсінде Жер Анадан қуат, күш алып, еңбектен тірлік көзін тапқан біздің халқымыз үшін **“Наурыз тойы”** барлық тойлардың ең бастысы, ең дарасы, ең қадірлісі болуға тиіс.

Осы жоғарыдағы ойларды жаза келіп, бірақ жыл тойланбайтын келешекте бізден кейінде, біздің ұрпақтарымыз мәңгі тойлайтын осы **“Ұлы тойды”**–қалай өткізуге болады, құндылығын қалай арттыруға болады, ұрпағымызға қандай үлгі боларлық көңілі мен көкейінде жүретін жасаймыз?

Оларға өз елінің, ата-бабаларынан сақталып келе жатқан, ұлттық тәрбиесінің ерекшелігін, қалай жеткізуге болады деген оймен осы төмендегі ұсынысты ұсынып отырмыз.

ҰСЫНЫС

1.Кез-келген елді мекендерде,“Наурыз алаңы” деген алаң болса, ол алаңның ортасында жылға таласқан хайуанаттардың бейнесі орналастырылса. Жан-жақтарында қазақтың тұрмыс-салтына байланысты билбордтар орналасса, олардың суреттері мен жазуларында (билбордта) мереке туралы қысқаша түсінктемелер берілсе қандай тамаша болар еді.

Мысалы: ортада күнбатысқа қараған түйенің құлағының ортасында күн шығысқа қарап отырған тышқанның бейнесі тұрса. Одан кейін, дүниенің төрт бұрышына жағалай қарап отырған жан-жануарлар орналастырылса көп ұғым берер еді.

Жан-жануарлар болғанда олардың төлдерінің бейнесі болса, бір немесе бірнешеуінің ойнап жатқан бейнесі болса да жарасымды болар еді. Бұл жануарлардың бәрі ертедегі аңыздарға сай дөнгелек табакшаның үстіне орналасуы керек. Ал, аңыздағыдай үш өгіздің немесе киттің бейнелері қимылдап тұратын болуы тіптенде әсерлі болады. Әрине бұл бейнелер қалай болса солай жасалынбай, көрген адам көңіл бөліп, көкейіне түйетіндей әдемі болып жасалуы шарт. Сонымен бірге келген жылды немесе ағымдағы жылды үнемі ерекшелендіріп тұратындай астыңғы жағынан жоғары шашылатын жарық жасалса. Бұл жарықтың өзі кемпірқосақ бейнесін беретіндей, түрлі жарықтармен және ұсақ бу тақылеттес су шашқышпен су тамшыларын шашатын фонтан жасалса. Бұндай жағдайда осы су тамшыларына жарық түсірсе, кемпірқосақ пайда болуы тиіс. Жоғарыдағы айтылып отырған жылдар орналасқан табак пен оны көтерген өгіз немесе киттен бірнеше метр жер қашықтықта орналасқан, қоршай айналып тұратын сақина болуы керек. Бұл сақинаның қажеттілігі сол жұлдызнамашалардың жыл бойғы табиғат өзгерістерін бақылап, отыратын жұлдыздары орналасады.

Табиғатпен тығыз байланыста өмір сүрген қазақ халқы үшін жұлдыздардың орналасуы ерекше орын алғандығын бәрімізде жақсы білеміз. Жаңағы сақинамыз өтіп жатқан жылға сай, жұлдыздар, ай сайын кезек-кезек, сол ағымдағы жылдың тұсына өз уақыты туғанда айналып келіп орналасуы қажет. Қазіргі уақытта аспан көгіндегі жұлдыздарды ата-бабаларымыздың қалай атағандығын аса біле бермейтіндерге ой салып, келешек ұрпағымызға өз халқының аспан әлемімен ежелгі заманнан бері тығыз байланыста, оның жұмбақтарын басқа халықтардан кем білмегендігін, өздерінің тұрмыс жағдайларына жұлдыздардың орналасуын тиімді пайдалана білгендігін үйретуі сөзсіз.

Айтылып өтілген жұлдыздарды, мүмкіндіктерді пайдалана отырып, құнды тастарға ұқсас түрлі материалдармен жасаса біздің халқымыздың жер байлығын да қалай пайдалана білгендігі әркімге ой салар еді. Жоғарыда айтылған табак үстіндегі аңдардың араларында қалатын бос орындарға өрнектік ерекшеліктер мен мағыналық мәніне қарай ұлтымыздың тыныс-тіршілігін білдіретін түрлі оюларды, гүлдер мен көмкеріп әдемілеп, орналастыруға болады. Наурыз айында гүлдердің әлі шығып үлгермейтіндігін ескерсек, қазіргі уақыттағы түрлі жасанды гүлдерді декорациялық мүлік есебінде пайдалануға

болады. Ал жаз айларына мүсіндер арасына гүлдер ексе әдемі көрік береді.

2. Осы айтып отырған “Наурыз алаңына” 12 киіз үй тігіліп, олардың іші біздің ұлттық қол өнерлерімізбен сала-сала бойынша безендірілсе, онда көпшілік кіріп, шығып жатса киіз үйдің де ұлттық үрдістеріміздің де тәрбиелік мағынасы ұлғаяр еді.

Тігілген киіз үйлеріміз бар мүмкіндігінше әдемі болуы керек. Өйткені себебі көп жағдайларда киіз үйлер қалай болса, солай тігіліп жатады. Ал, кигіз үй қазақ халқының ұлттық мақтанышы, қара шаңырағы екенін ұмытпау керек.

Бұл жерде бір ерекше еске ұстайтын жағдай көпшіліктің бәрі бірдей музейлерге, көрмелерге бара бермейтіндігін ескерсек, үйлердің ішін ретсіз түрлі заттарға толтырып тастамай көне, тек тұрмыс-салт заттарын пайдаланса. Сонымен қатар суретшілердің жыл мезгілдері, еңбек адамдары туралы суреттерін, жазушыларымыздың, ақындарымыздың, композиторларымыздың шығармаларын еліміздің ерекше қол жеткен, өнер, ғылым жолындағы табыстарын көрсететін (мысалы: өнер адамдарының спорт адамдарының алған символикалық сыйларын т.б) құнды заттарды қоюға болады. Бір жыл ішіндегі әр айда қол жеткен табыстарды, жақсылықтарды сол айдың киіз үйіне орналастырса қандай жақсы. Әр айда қандай жақсылық болғанын әркім біліп отырмай ма.

3. Қазақ халқының бірлігі мен тірлігінің символикасы – **«Қара қазаны»**.

Ертедегі бабаларымыз, бүкіл халқымыз білетін тайқазанды босқа жасатпағандығын басылымдардан жақсы білеміз...

Тайқазан-ел ырысы, ел бірлігі, тіршілігі мен тынысының әрқашанда бір екендігін, тілеулес екендігін білдіретін бірден-бір тұтастық белгісі.

Қазақ халқының осы ата - бабадан келе жатқан 365 күннен аман-есен өтіп, “Жаңа күнге” жеткен сәтінде, бір-бірін аспен сыйлауы, қазақтың мақалы “Таспен атқанды аспен ат”–деген, халқымыздың дархандығын, қасына да досына да қашанда құшағының ашық екендігін, кім болса да адал асын алдына тартып, достыққа шақыратындығы, бірлікке шақыратындығы, қазақтың киелі қазанында жатса керек.

Осы жерде айта кететін бір жәйт қазақ сарқыт сақтап, қонақ күтіп отыратын халық. Наурыз мейрамында сүр қылып сақтаған сарқытын қазанға салу себебі, дәм сақтаған сапаршыны аман - есен оралып, қара қазаннан дәм татсын деген тілеуі емес пе.

Ал адам өмірге қонақ! Бір жылдың өн бойында өмір сапарында жүрмей ме. Сол сапардан аман-есен оралып, “Жаңа күнді” бірге қарсы алудың өзі қандай бақыт, қандай қуаныш десеңізші... Сондықтан да, осы қазандарды орналастырудың өзін бір жарасымды қалыпқа келтірсе.

Қазан маңында жасалған тамақты таратушылардан басқа артық адамдар болмауы тиіс, олардың өзі әсем ұлттық киім киінген жастардан болса. Қазандарды ара қашықтықтарын сақтай отырып, ұзына бөйға орналастырса, ортада тайқазанның жасанды бейне көшірмесі орналасып, оның жиектеріне **“Қазан ортаймасын”, “Ырыс мол болсын”, “Береке, бірлік болсын”** т.б деген ақ тілеулі тілектер жазылса, жағалай төрт бұрышты немесе дөңгелете

қойылған стол мен қоршаса, қазан маңының реттілігі сақталар еді, ал қазан қайнатқанда бұркыратып түтін шығармай-ақ қазіргі замандағы газды пайдаланса, мәдениеттірек болады. Жағалай қоршай қойылған столдардың үстін түрлі тамақтармен жасап қойса, той тойлаушы халыққа дәм ауыз тиюге ыңғайлы болары сөзсіз.

4. Наурыз тойын тойлаудағы ең басты мәселе мерекенің басталуында. Осы арада айтарлық бір жайт ертерек уақытта **“Жаңа күнді”** яғни Наурызды қалай қарсы алғандығына аздап тоқтала кетсек.

22-наурыз күні күн шыққаннан кейінгі екі сағат **“Күн сәті”** деп саналады. Адамдар осы уақыттағы күннің шығуын қарсы алып, жүздерін күнге берсе наурыз құты дариды дейді екен.

Наурыз күні ертемен ерлер шаруашылықпен айналысып ал қыз – келіншектер тағамдар алып шығып, күнге қарап, **“Күн Ана, жаксылыққа кенелтегөр”** деп тілеу тілеп, қолындағы дәмін ер адамға ұсынады. Ер адам **“Мейірімді Жер Ана, күт-береке беріп жарылқа”**- деп тілек білдіреді де су ішеді.

Бұл су ішу көнеден келе жатқан ұғым. Су-тіршілік көзі, тірліктің бастауы, сонымен бірге жаңа күннің, тазалықтаң, оның ішінде тән, жан, ниет тазалығының басталуын білдіреді.

М.Әуезов баяғы заманда наурыз күнінде жұптар шырақ жағатынын, үйді аластайтын, кетік ыдыстарды бәлекет бірге кетсін деп сындыру ырымдары болғандығын жазған.

Ал жас жігіттер мен қыздар бір-біріне түрлі сыйлықтар сыйлаған. Ол сыйлықтар адамның бір-біріне деген көңіл күйлерін білдірген. Мәдениет ошақтарында **“Наурыз думанын”** өткізу басты тақырып болып саналады.

Ол үшін мәдениет ошақтарының ішін-сырты түрлі әшекейлермен безендірілуі керек. Келушілерге арналған мерекелік тілектер жазылу қажет.

Сахнада көктем лебін білдіріп, адам жүрегіне жылылық сыйлайтын түрлі декорациялық құрылымдармен безендірілуі керек.

Көңілді ойындар мен билер өтетін орынның ортасында гүлмен көмкерілген қос қайыңнан тұратын **“Арман-тілек аққайыңы”** одан сәл жоғары **“Күт-береке қазаны”**, одан жоғарырақ **“Ырыс, байлық желісі»** (көген) орналасады, ең төріне жоғары текшенің үстіне **“Ақ тілеулер ордасы”** тігілуі қажет.

а) **“Арман тілек аққайыңы”**-ның қойылу мақсаты:

Наурыз думанына жиналушылардың **“Жаңа күнде”** яғни жаңа жылдан күтетін арман-тілектерін, үміттерін ақ қағазға жазып, конвертке салып келесі жаңа жылға аманат есебінде қалдырулары үшін қажет. Ақ қағазбен конверт келушілерге Мәдениет ошағында **“Наурыз думанға”** кірген кезде қоса таратылады. Әркімнің конверт ішіне салған қағазында туғалы отырған жылда орындалса деген тілек арманы жазылып, сыртына аты- жөні жазылмай тек туган жылы, (қазақша) айы, күні жазылып, аузы бекітіледі де **«Арман - тілек»** ақ қайыңына қыстырылады.

Бұл конверттер жиналып, алынып келесі жылға дейін сақталады.

Келесі жылғы **“Наурыз думан”** кешінде барабанға салынып, кез-келген біреуі ашылып оқылады. Оған шағын ұтыс шығады. Қалған конверттерде иесіне

кйтарылып беріледі. Оларға ән жазылған кассета, дискілерді қоса сыйлауға болады. **“Арман тілек ак қайыңы”** — ойыны осылайша жылдан жылға жалғасып, кете береді.

ә) **“Құт береке қазаны”** — бұл қазанға қуырылған бидай, ірімшік, құрт, тағы да басқа тәттілер толтырылып, салынып қойылуы керек. Көпшілік жиналғаннан кейін фоздегі адамдарға аралап жүріп, дәм ауыз тиюлеріне мүмкіндік жасау кажет.

Бұл жерде айта кететін жәйт қазан кішірек болса жеткілікті. Өйткен себебі қазан ішіндегі дәмді жиналған көпшілік талап алады деген қорқыныш болмаса да болады.

Қазан астындағы ошақ түзу, ұзын ағаштардан жасалынады да жылтыр қағаздармен (орокла) қапталады. Астына тоқ көзімен жанатын жасанды от қойылады.

б) **“Ырыс байлық желісін”** ауылдың ақсақалы бата беріп, қазығын қағады да, желі немесе көген керіліп, үлкен ана қазық басына ақ құяды. Мұндағы мақсат, ежелден қазақтың күн көрісінің, байлығының бастысы мал шаруа шылығы болғандықтан, ерте уақыттарда 22 наурыз күні көген, желі тартылып, “Төл көп, ақ мол болсын, уайым жоқ болсын”- деп ырым жасалынады екен. Біздің фоздегі шағын көген тарту шарамыз осы тілектің жалғасы, ұлттық тағылым. Бұл шараны “Наурыз алаңында” да іске асыруға болады. Әрине көген мен желінің қандай болатынын, оған не байланатынын айтпай-ақ қойса да болар еді, алайда қазіргі замандағы қалада өскен жастар түгілі ауылдағы жастардың өзінде білмейтіндігі сөзсіз. Желі мен көген, малдың төлін байлайтын, керілген арқан мен кендірден құрылатын тұрақ.

в) **«Ақ тілектер ордасы»**-бұл фознің ең төріне құрылатын гүлмен көмкерілген киіз үйдің шағын формасы.

Бұл үйдің маңына жасанды көгал,өсіп тұрған жасанды гүлдер жатқан-тұрған төлдердің макеттері қойылуы керек .

«Ақ тілектер ордасына»

Қызыр ата келген уақытта біріші болып кіріп, өз тілегін айтып, батасын береді. Сонымен қатар, Кызыр атадан кейін **“Ақ тілектер ордасына”** кіріп, мерекеге келген адамдар көпшілікке **“Жаңа күн”**-ге арнаған құттықтауын айтуына болады...

Әр құттықтаудан соң түрлі мәдени көпшілік жұмыстар қызу жүргізіліп, бір-бірімен жалғасын тауып жатуға тиіс. Ол үшін арнайы келетін жылға байланысты **“Наурыз тойын өткізу сценарийі”** жазылады.

Сценарий әр жердің өзінің ыңғайына, мүмкіндігіне қарай қолайлы түрде, жазылуы мүмкін.

Жаңа күн мерекесін аландарда өткізу үшін жүргізілетін жалпы халықтық мәдени көпшілік жұмыстардың түрлері.

Наурыз тойын өткізу кезінде ең басты мәселе тойдың тойлық мағынасы мен мәніне ерекше назар бөлінуі керек. Өйткен себебі көп жағдайларда тойдың сәнін шектен тыс тойлық мағанасына келіспейтін оқиғалар мен істерге негіздеп

жатамыз. Ұлттық дәстүрлерді ретсіз той элементтеріне кіргізіп, құндылықтарын төмендетеміз. Жалпы халықтық тойға саналмайтын отбасылық аталып өтілетін тойларды көрініс есебінде пайдалану дұрыс емес. Мысалы: шілдехана, тұсау кесу, сүндет тойы, қыз ұзату тойы т.б. Сондықтанда, жалпы халықтық үлгі тұтарлық, той жасаудың шарттарын қалыптастыру қажет. Ол үшін, тойдың басын жаңа күн келгендігін, жаңа-жыл басталғандығын жеткізетін жыр айтушылардан, жаршылардан, хабаршылардан бастау қажет. Бұлардан соң **“Ұлы көш”** басталуы тиіс.

«Ұлы көш» деп отырғанымыз, әдеттегі өзіміз пайдаланып жүрген “Көш керуен” емес, қазіргі заманға сай елміздің елдігін паш ететін шеру өткізу. Ал, жазғытұрымғы уақытта көшетін кош, мал төлдету үшін көшетін көш- **«Қозы көш»** деп аталады. Сондықтан да біздің өткізетін шеруімізді **“Ұлы көш”** деп атағанымыз өте дұрыс болар еді. Мұндағы мақсат-заман кейпін көрсету. Қазіргі замандағы қазақ елінің замана көшіне еруін дәріптеу, насихаттау. Ал тарихи өткен көштерімізді театрландырылған көрініс есебінде той өтетін көшелер мен шағын алаңдарда кіші сахналарда көрсетсек, ұтпасак ұтылмаймыз. **«Ұлы көш»** аталған шеруді ақ тілекті ұрандармен бастасақ. Ұлыларымыздың бейнелерімен, қол жеткен басты табыстарды, транспоранттар арқылы көрсетсек ұтымды болады. Түрлі шарлар, жалаушалар, гүлдер арқылы, 12 жылдың бейнелерін жасауда келісті болады. Шеру өткізу кезінде шерушілердің әр тобының кәсіптеріне сай ауылдағы, аудандағы, қаладағы, облыстағы қол жеткен табыстарда көрсетуде оңды болады. Келешекке жоспарланған игілікті істерді, жүрмелі техникалар арқылы жалпы халққа естіліп тұратындай радиодан оқып, айтып, оларға табыс тілеп, жігер келтіретін тілек ұрандармен аяқтап отырса өте тамаша болар еді.

Шеру кезінде, қазақ халқының данқты күйлері мен қазақ халқының, жерін, елін мақтан тұтатын өлеңдер оқылып, әндер үнемі орындалып тұруы керек. Біздің ұлттық мақтанышымыз бір сәтке болсада жандүниемізді қуанышқа толтырады. Баска халықтардың құрметіне бөлейді. Той кезінде халықтың көріп, тамашалауларына концерттік бағдарламалардан да баска түрлі ұлттық жарыстар ұйымдастыруға болады. Мысалы: жамбы ату, арқаласпак, күрес, каппен жарысу, жабағы жарыс, тай жарыс, шал жарыс, діңгекке өрмелеу, тас көтеру, жамбы ату т.б. түрлі көпшілік ойындарды ұйымдастыруға болады. Бұл ойындарды бірақ жерге топыратпай, басталу уақыттарын әр түрлі уақыттарға қойып, әр жерде өткізсе мереке шараларын көпшіліктің тамашалауына үлкен мүмкіндік жасалынады.

Енді бір айта кетерлік басты мәселелердің бірі мереке өтетін алаңдарды безендірулер. Бұл мәселеге үлкен көңіл бөлінуі қажет. Өйткені, қазақ халқының тарихи көне құндылықтарының макеттері жасалынып, олардың қай ғасырларда жасалынғандығы, қайдан табылғандығы, неден жасалғандығы, олардың қазақ халқының тұрмысында атқарған қажеттілігі дұрыстап көрсетілетін болса онда қазақ халқының көнеден келе жатқан ел екендігі, өз мәдениеті мен білімі болғандығы туралы мерекеде аралап, танысушыларға ерекше үлкен ой салады.

Осы мереке күндері әдеттегідей қайырымдылық көмектерді дәл 22 наурызға қаратпай 21-де және онан кейінгі күндерде де беруге болады. Былайша айтқанда қайырымдылық көмек көрсетлетін атаулы күндер онсызда жеткілікті.

Наурыз күні «Атаңнан мал калғанша, тал қалсын» деген мақалды арқа тұтып, сол күні ағаш отырғызуда ұлттық тойды тойлаушыларға той нақышын озгертуге әсер етеді. Сондықтан да тал отырғызудың өзін ұлттық, халықтық мақсатқа бағыттаған дұрыс болар еді. Ол үшін қалада да далада да «**Аманат бағы**» деген бақ жасау керек. Бұл араға әр отбасы өзінің ағашын отырғызып, дем алатын орын жасауға, гүлдер отырғызуына мүмкіндік жасап, белгілі шағын жобалар бойынша ұрпақтан ұрпаққа аманат болып қалатын сол отбасының адамдарының аты қойылған ағаштар ексе өте тамаша болар еді. Ал ағаш егуді тек 22-ші наурызға қаратпай бүкіл наурыз,сәуір айларына жалғастыра берсе қандай жарасымды болар еді. Ал 22-наурыз күнгі мерекеде халық мерекені жоғарыда айтып отырғандай тойлап, тамашаласа ұлттық танымымыз арта берері сөзсіз...

«Жаңа күн» - наурыз ұлттық мерекесін 21-наурыз күні мәдениет ошағында өткізудің сценарийінің үлгілік жобасы.

«Жаңа күн» - наурыз ұлттық мерекесін 21-наурыз күні мәдениет ошағында өткізудің сценарийінің критерилері:

- 1.Мақсаты:** «Жаңа күн» ұлттық мерекесі кезінде көрермен халыққа мәдени-көпшілік жұмыс жасап, халықтың мерекелік көңілді дем алуын ұйымдастыру.
- 2.Шығармашылығы:** Халықтық аңыз, ертегілердегі бейнелер арқылы Наурыз тойының мақсаты мен мәнін түсіндіру және жас ұрпаққа қазақ халқының ежелгі уақыттарда өз алдына дербес ғылымы, білімі, салт-дәстүрі, мәдениеті болғандығын жеткізу.
- 3.Негізгі идеологиялық бағыты:** қазақ халқының ұлттық дәрежесінің көтерілуіне үлес қосу жолында жастарды және ұлтжанды көпшілікті тарихи үрдісіміз арқылы тәрбиелеу және қазақстанда тұратын халықтарға Наурыз тойының қазақ халқының ұлттық тойы екендігін дәріптеу.

Өтетін орны: *мәдениет ошағының сахнасы, фое және сыртқы алаң.*

- 1.Кіріспе:** Көпшілік көрермендерді келе жатқан жаңа жыл, яғни Наурыз айындағы «Жаңа мерекесімен» құттықтау.
- 2.Шарықтау шыңы:** Қызыр атаның келуі, халықты құттықтауы, тілек айтуы, бата беруі. Қызыр атадан соң көрермендердің бірін-бірі құттықтауы. Музыкалық сәлемдер, түрлі ойындар, би кешіне ұласуы.

Фое ішіндегі түрлі мәдени қызметтердің ғимарат сыртындағы алаңда Наурыз таңын қарсы алуға жалғасуы.

Мәдени-көпшілік жұмыстарды жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар: жарықтандыру нүктелері, аудио-видео құралдар, автокөлік, декорациялар, гүлдер, шарлар, түрлі ленталар, маскалар.

«Жаңа күн» - наурыз ұлттық мерекесін 21-наурыз күні мәдениет ошағында өткізудің сценарийі

21-наурыз күні мәдениет ошағының алдында экранды алаң құрылып, өткізу - ші елді мекеннің бір жылғы тыныс-тіршілігіне байланысты бейне- фильм - дер кешкі сағат 19-00-ден көрсетіледі.

Би, түрлі ойындар өтетін ішкі фөдегі жүргізілетін мәдени көпшілік жұмыстарға қысқаша түсініктеме

Кіші фөенің ішінде көрермендер кірген кезде қолдарына көнверттер мен қағаздар беріледі. Кіші фөенің іші ұлттық нақыштармен безендірілген. Ортада «Арман, тілек ақ қайыңы» орналасқан. Оның жанында адамдар көнверттерін салатын жәшік орналастырылған. Одан сәл жоғары «Құт-береке қазаны» қойылған. Бұл қазанға көрермендерге таратылатын қуыр -ылған бидай мен конфет, ірімшік, құрт т.б. тағамдар салынады. Келесі құрыл - атын ұлттық салт-дәстүр бойынша «Ырыс байлық желісі». Бұл желі екі жақ басына қазық қағылатын қондырғы мен осы қазықтарға керілетін желі немесе көгеннен тұрады. Бұл қазықтардың басына жіп керіліп, ақ құйылады. Ең төрінде «Ақ баталар ордасы». Бұл ордадан кез-келген тілек білдіруші құттықтауын, тілегін айта алады.

БЕЗЕНДІРУЛЕРДІҢ СУРЕТТІК ҮЛГІЛЕРІ



Ойын-сауық кеші өтетін кіші фоедегі мәдени көпшілік жұмыстардың сценаріі

Негізгі залдағы мерекелік концерт аяқталып, көрермендер кіші фоеге шыққан уақытта «Арнау» айтылады. Жыршы шығады. Қасында Жарғақбас, Қылкеңірдек және Шибұт бар. Жарғақбас ұйықтап жатыр. Жыршы домбырасын сілтеп, әнге басады.

Арнау: Оу, Халайық тегіс, армысың?!
Аман-есен бармысың!
Жылдың жүгін көтерген,
Қажымас қара нармысың?



Бәрің бері таяндар,
Әңгімем бар баяндар!
Жанға ырыс жақсы сөз,
Ұғатын жан, аялдар!

Бәрің бері таяндар,
Әңгімем бар баяндар!
Жанға ырыс жақсы сөз,
Ұғатын жан, аялдар!

Бүгінгі күн-ұлы күн,
Бүгінгі түн-ұлы түн!
Наурыз-Алаш бір туған,
Жан болса егер білетін!

Бабалардың ойы бұл,
Даналардың ойы бұл!

Келе жатқан көнеден,
Наурыз-Алаш тойы бұл!

Құтты болсын тойларың,
Орындалсын ойларың!
Жылқы толып желіге,
Егіз тусын қойларың!

Нәсібің терер мол болсын,
Жорытқанда жол болсын!
Ұрпағың өсіп арттағы,
Қарайған қалың қол болсын!

Бәрің бері келіндер,
Көңілге ерік беріндер!
«Жаңа күн бақыт әкел» деп
Тамашаны көріндер!

Күйден шашу шашайық,
Шырқалтып әнге басайық!
Ойын мұнда, би мұнда,
«Жаңа күн» тойын жасайық!

«Арнау» бітісімен Л.Хамидидің «Көктем вальсі» әні орындалады.

Көпшілік вальс билеп, тоқтайды.

Шибұт әлі билеп тұр. Қылкеңірдек оны тоқтат пақ болып әуреленіп жатыр.

Шибұт: - Музыка естілсе болды екі аяғым ала қашады.

Қылкеңірдек: - /кекетіп/ Бәсе, көп билегеннен бұтың шидей арық болған екен ғой. Одан да мына мені айт. Музыканы естісем болды тоқтамай ән саламын **/бір әнді бастай жөнеледі, созып айтқан сайын кеңірдегі ұзара береді/**

Жарғақбас: - Әй, жігіттер. Мына жұрттан ұялсандаршы. Бір сөз айтпас бұрын ойлану керек емес пе. Мысалы мына менің басым ойлану үшін жаралған.

Шибұт пен Қылкеңірдек: - Сен сұмдық ойшыл болсаң айтышы, «Наурыз» деген не сөз?

Жарғақбас: - /маңғазданып/ «Наурыз» деген парсы тілінен қазақшалағанда «Жаңа күн» деген сөзді білдіреді.

Қылкеңірдек: - Сонда бұл парсының тойы ма?

Жарғақбас: - Әне, айттым ғой. Бірің билеп, бірің ән салып жүргенде мен мұның тарихын да оқып алғанмын! **/маңғазданып/** Абай, Әлихан, Ахмет, Мұхтар тағы басқа ұлы адамдардың айтуына, жазуына қарағанда Наурыз яғни «Жаңа күн» мейрамы қазақтың маңдайына біткен жалғыз тойы. Сондықтан да парсылардың өзі «Жаңа күн» деген сөзді қазақшадан аудар - ып алған болу керек. **/ойланып тұрып қалады/**

Қылкеңірдек: - Тағы, тағы айтсаңшы.

Жарғақбас: - Тақылдамай қоя тұр. Бастың ішіндегі бітуге таяп қалды. Әлденіп алғанша ән сала тұрсандаршы **/көпшіліктің біріне ән салу ұсыныл - ады/**

**Ш.Қалдаяқовтың «Сыр сұлуы» әні орындалады.
Ән бітісімен Қылкеңірдек Жарғақбасқа келіп:**

Қылкеңірдек: - Әй, Жарғақ, әлденіп алсаң жаңағы әңгіменді жалғастыршы.

Жарғақбас: - Туу,құдай-ай. Әй, бауырым, Шибұт. Мына біреуді құлағым - ның түбінен қақылдата бермей, ойланғанша ойын ойната тұршы.

Шибұт: - Шынында да Қылкеңірдек, бері кел ойын ойнайық. /Екеуі ойнамақ бола бергенде, күні бойы ұйықтап отырған Сакқұлақ атып тұрады/

Сакқұлақ: - Жаңағы күбірлеген қайсысың? Болыңдар тез, қайсысың?

Шибұт: - Әй, Сакқұлақ сен не деп жүрсің?

Сакқұлақ: - Жаңа сендер ойнай тұрайық дегенде мына тұрғандардың бір - азы «Біз не ойнамаймыз ба?»- деп ренжіді.

Қылкеңірдек: - Келсін ортаға, тіптен жақсы.Бәріміз бірге ойнағанға не жет - сін. Шақыр бері.

Сакқұлақ біреуін алып шығады. Қылкеңірдек ойынның шартын түсіндіреді.

Ойынның түрлері мен шарты

Ортаға төрт бұрышты, сырты бірдей безендірілген жәшік қойылады. Оның ішкі бетіне түрлі ұтыстардың аты жазылған немесе суреті салынған. Жәшіктің жандары ашпалы, жаппалы болып жасалынады. /Жәшікті ортаға қойып, көпшілікпен әр бетін жеке-жеке ашып, қандай ұтыстар бар екені көрсетіліп, қайта құрап, жауып қойылады/. Ойыншы ұтыс қабырғасын көрсетеді. Шыққан ұтыс беріледі. Тура солай басқа ойыншымен ойналады./Арасында музыкалық номер жіберуге болады/

Сакқұлақ: - Тағы біреулер бірдеңе деп күбірлеп тұр./бәрі тына қалады/. Дұрыс, дұрыс, түсіндім!

Қылкеңірдек мойнын созып, шибұт бірдеңенің үстіне шығамын деп түрлі күлдіргі қимылдар жасап жатады.

Жарғақбас: - Әй, Сакқұлақ. Ертегіңді айтып жіберші, мына баспен қортып жіберейін.

Сакқұлақ: - Мына көпшілік ел «Ойнап жатқанда біз қарап тұрамыз ба?»- дейді.

Жарғақбас: - Бұл да дұрыс сөз екен. Мен Атымтай Жомартты шақырайын, сол бірдеңе ойлап табар. **/Бәрі айқайлап, шақырады. Ортаға өне бойы сыйлыққа толы Атымтай Жомарт шығады/**

Сакқұлақ: - Атымтай Жомарт, мына жұрт қарап тұрмай ойнап тұрсақ дейді.

Атымтай Жомарт: - Оп, бәрекелді! Менің де іздегенім сол!

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар!

Бір-біріңді жырлаңыздар.

Әзіл-ысқақ - кештің сәні,

Бәсекеден қалмаңыздар!

Нағашысы мен жиені, құдасы мен құдағиы, сырластар мен құрдастар, әзілі жарасқан қайыны мен жеңгесі, қайнағасы мен келіні осындай кеште жақсы әзілмен жамырай жарасып беріңдер. Өлеңмен жазылған әзілдерге конкурс жариялаймын! Ең әдемі, жарасымды әзілдің үшеуіне сыйлық беремін. **/Фанфар ойналады/**. Жазған өлеңдеріңізді кімге-кім жазғанын ашып жазып, маған тапсырыңыздар. Қортындысы осы жерде шығады.Өлең төрт жол болсын.

/Қазіргі заман биіне сай музыка ойналып, би биленеді/

Саққұлақ: */Би біткен бетте/* - Әй, Қылкеңірдек, Шибұт?*/Екеуі көптің арасынан шығады/*

Екеуі: - Не боп қалды?

Саққұлақ: - Мына ел «Бағанағы ойынын жалғастырмай ма?»- деп тұр.

Екеуі: - Мәссаған, айтпақшы ойынымыз бар екен ғой.

Шибұт: - Қане, келе қалындар, ойынды жалғастырып жіберейік/тағы екі-үш көрерменді ойнатып, бір би жібереді/

Саққұлақ: */Жата қалып жерді тыңдайды/* -Уа, ағайын,сүйінші! Қыс кетіп, көктем келе жатыр, тақап қалды!

/Шымылдық ашылады. Артынан гүлге көмкерілген екінші шымылдық көрінеді.

Көңілді музыка, би/

Атымтай Жомарт: - Уа, халайық тыңдаңыздар! Ауыл әзілден құр алақан емес екен.Бірталай өлең келіп түсті,соларға қортынды жасаймын. /Өлең - дерді оқып, сыйлық беріледі. Тағы да көңілді ән, би болады/

Саққұлақ: - Уа, халайық. Сәл сабыр етіңіздер/*тың тыңдайды да/*. Біреу құйындай ұшып келеді.

Құйындай ұшып, сүйіншілеп, айқайлап Желаяқ келеді.

Аяғына сырты қапталған мәшікті байлап алған. Қылкеңірдек пен Саққұлақ екеуі зорға тоқтатады/

Желаяқ: - Сүйінші, сүйінші! Жыл ата мен Күн ана келе жатыр! */Фанфар ойналады. Жыл ата мен Күн ана келіп кіреді. Көрермендер қол соғып, қарсы алады. Жыл ата мен Күн ана төрге шыққан кезде келесі шымылдық ашылады. Соңғы пердеде келер жылдың бейнесі және*

тілектер жазылған/

Жыл ата: - Көктемде шығып сапарға алыс,
Жаз бойы жүрдім жерлермен таныс.
Береке күздің тойларын тойлап,
Қаһарлы қысты қалдырдым қалыс.

Күн ана: - Мен дағы жүрдім қасында қалмай,
Шуағым төктім, күш бердім қалмай.
Тіршілік «Анам» деген соң мені,
Жақсылық болсын, жамандық болмай!
Мейірім төгіп, нұрымды шашып,
Сендерге жеттім бір жылдан асып.
«Жаңа күн» дейді тіршілік біткен,
Қуанар барлық, көңілдер тасып.

Жыл ата: - Ел бірлігі сақталсын,
Ел үміті ақталсын.
Желі қайда керейік,
Қазығына ақ тамсын.

*Күн ана қазықты және желіні алып шығады.
Қазық қағылып, желі керіледі.
Қазықтың басына ақ тамызып, сөйлеп жүріп,
ұсақ гүлдерден желіге шашу шашады.*

Күн ана: - Толсын дәнге қырманың,
Толсын төлге құрғаның.
Аман болсын жыл бойы,
Қалың елің, орманың.
*/Музыка фонында Жарғақбас, Шибұт, Қылкеңірдек, Атымтай Жомарт,
Саққұлақ, Желаяқ бәрі қуанып/*

Жарғақбас: - Жаңа күн басталды!
Шибұт: - Жаңа өмір басталды!
Қылкеңірдек: - Береке, бірлік болсын!
Саққұлақ: - Жаңа жыл құтты болсын!
/Осы сөздерді айта бастағанда есік қағылады/
Саққұлақ: - Бұл кім болды екен? Наурыз күні есік жабылмайды, құтты қонақ болсаңдар төрлетіңдер!

*Шибұт және Қылкеңірдек соңғы шымылдықты ашады. Киіз үй ішіне шулап
балалар кіреді. Артын ала Қызыр ата көрінеді.*

Балалар: - Алақай, алақай! Сүйінші, сүйінші!

1-бала: - Күн нұрынан жаралған,
Бар тіршілік нәр алған,
Келді көктем құлпырып!

2-бала: - Жаксылыққа жарасып,
Жаңа күнге жол ашып,
Келді көктем құлпырып.

3-бала: - Гүлге толып дүние,
Құстар қайтты үйіне,
Қарсы алайық бәріміз!

Жарғақбас: - Ой, балалар, шулап кеттіңдер ғой. Сәл тынышталыңдаршы, мына қария кім екенін білейік.*/балалар тоқтамай шулай береді/*

4-бала: - Аударсаңдар назарды,
Төлге толған базарлы,
Дала неткен ажарлы.

5-бала: - Сандуғаш, бұлбұл сайраған,

Өмір қандай жайнаған.
Наурыз көктем басталып,
Той боп жатыр айналам.

Жарғақбас: */ашуланып/ - қойыңдар дедім ғой мен сендерге, тоқтаңдар!
/балалар тыныштала қалады/*

Қызыр ата: - Токтатпаңдар, шуласын, қуансын, тойласын! Өйткені бұлар бала емес, қуаныш пен шаттықтың шырайы, бақыт пен бірліктің базары. Сіздердің елге арнайы ала келдім, қабыл алыңыздар! Ал менің кім екенімді білгілеріңіз келсе..*/балалар көпшіліктің арасына сіңіп кетеді/*

Құтты болсын «Жаңа күн»,
Көнеден қалған мереке.
Наурыз бақыт әкелсін,
Елге кірсін береке.

Ел аралап келетін жылына бір,
Қалың халқым тұтатын өзіне пір.
Қызыр деген қария мен боламын,
Қысты қуып көктемге дейтұғын кір.

/Сол жерде тұрғандар Қызыр атаға сәлем бере бастайды/

Сарыарқаның төсінде жатқан,
Арайлап таңы нұр болып атқан.
Ұл-қызы тұнған өнердің көзі,
Қазаққа болған мәңгілік мақтан.

Қалың ел мына құшағын ашқан,
Тойына «Наурыз» шашуын шашқан.
Батасын беріп, бастасын тойды,
Қадамын алғаш «Жаңа күн» басқан.

*Ортаға ауыл азаматтары мен ақсақалдарының бірі шығып тілек айтады
да Қызыр атаны сыртқа алып шығады. Сыртта дискотека, түрлі ойын
сауықтар тағы да басқа көпшілік жұмыстар жүргізіледі.*

Соңы

7 - БӨЛІМ
ЖАҢА КҮН» - НАУРЫЗ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІН
22-НАУРЫЗ КҮНІ АУЫЛ АЛАҢДА ӨТКІЗУДІҢ ҮЛГІЛІК СЦЕНАРИЙІ



«Жаңа күн»-наурыз ұлттық мерекесін 22-наурыз күні орталық алаңда өткізудің сценарийінің критерилері:

1.Мақсаты: 22 наурыз күні орталық алаңда аудан жұртшылығына мерекелік шеру ұйымдастыру. Ауыл еңбеккерлерінің бір жылғы қол жеткен табыстарын мадақтау.Сонымен қатар,республика,облыс көлем- індегі қол жеткен табыстар мен жетістіктерді халық алдында насихаттау, көпшілікке мерекелік көңіл-күй қалыптастыру.

2.Шығармашылығы: Ауылдағы әрбір мекеме-ұжымдар арқылы 12 жылдың және жыл 12 айдың ұлттық ерекшеліктерін сонымен бірге, 12 жылдағы еліміздегі басты өзгерістерімен тарихи құндылықтарымызды, алаң сахнасында көпшілікке таныстырып, дәріптеу.

3.Негізгі идеологиялық бағыты: Қазіргі таңдағы қазақ елінің өркениетті елге айналуына жасалынып жатқан халықтың ерен еңбектерін көрсете

отырып, қазақ халқының әлемнің ең таңдаулы елдерінің қатарына тұруға толық құқылы және мүмкіндігі мол екендігін көрсету.

4.Өтетін орны: Ауылдағы мерекелік орталық алаңы Киіз үйлер маңы.

5.Кіріспе: Алаңға жиналған көпшілікке Жаңа жыл келе жатқандығын хабарлаған жаршылар мен жарапазан айтушылар шығады. Аудан әкімі көпшілікті мерекенің басталуымен құттықтайды. «Көңілашар» күйі тартылып, жыл реттерімен шеруді бастайды. Әрбір жыл ретіне байланысты жүргізуші сценарий бойынша таныстыру бағдарламасын оқып тұрады. Тілек, ұрандар, құттықтаулар айтылады.

6.Шарықтау шыңы: Шерудің соңында Қызыр атаның және келген Жаңа жылды қарсы алумен Ұлы тойдың басталуын хабарлау.Наурыз көженің таратылуы. Түрлі ұлттық ойындардың жүргізілуі. Ән-күйлердің орындалуы.

7.Қортынды: Жылдық қортынды бойынша табысқа жеткен, жоғарғы көрсеткіш көрсеткен мекемелер мен ұжымдарды, жекелеген адамдарды түрліше марапаттап, Қызыр атаны және өткен жылды келесі ауылға аттандырып салу.

Мәдени-көпшілік жұмыстарды жүргізуге қажетті құрал-жабдықтар:
аудио-видео құрылғылар, автокөлік, декорациялар, гүлдер, шарлар, түрлі ленталар, маскалар.

«Жылдар шеруі» сценарийі

22 наурыз күні орталық алаңда таңертеңгілік сағат 8-ден бастап музыка беріліп тұрады. Сағат 8-ден 10-ға дейін даярлық жұмыстары бітуі керек. Сағат 10,30-дан бастап шеруге қатысатын мектеп, мекеме ұжымдар орталық көшенің бойына жылдар ретімен шеру өтетін алаңның алдынан бастап тұруы керек. Сағат 11-00-де «Жылдар шеруі» басталады. ***(куплеттер оқылады)***. Шерудің алдында бірнеше салт атты жаршылар шығуы керек.

(Музыканың фонында)

Жаршы: - Оу,халайық , сүйінші халқым, сүйінші!

- Адамзат баласы асыға күткен Наурыз келді, Наурыз! Наурыз тойларыңыз құтты болсын, халайық!

- Наурыз тойына Ақ батасын арқалап «Жылдар шеруін» бастап Қызыр ата келді, Қызыр ата! Шаттаныңдар халайық, қуаныңдар, тойларың тойға ұлассын! Қызыр атаны қарсы алайық,

-ОУ халайық , сүйінші халқым, сүйінші!

Қыздар: - Армысыз Ата?!

Қызыр ата: - Бар болыңдар, наурыз тойларың құтты болсын!

Қыздар: - Аулымыздың ақ уызынан ауыз тиіңіз, Ата!

Қызыр ата: (Ауыз тиіп) – Пай-пай, дәмі қандай, нәрі қандай!

(Музыка фонында Қызыр ата бастаған батырлар алаңның ортасына келіп тоқтайды). Қызыр ата бата береді:



ҚЫЗЫР АТА:

- Армысың халқым!
Наурыз тойларың құтты болсын!
Уа, Мен батамды берейін,
Үстем болсын мерейің.
Әрқашан да бұл елге,
Қуанышқа кенелтіп,
Жақсылық Сізден кетпесін!
Жамандық келіп, жетпесін!
Қызыр болсын жолдасың,
Бір аллаңыз қолдасын.
Қара ниет дұшпаның,
Бұл жалғанда оңбасын!
Аман болсын мал басың,
Адал болсын жолдасың.
Бейбітшілік заман болсын,
Ел іргесі аман болсын.
Қораң малға толсын,
Аузың аққа толсын.
Берген батам қабыл болсын.
Әумин!
(Бата беріліп біткен соң музыка ойналады)

ЖЫЛДАР ШЕРУІ

Ескерту: Әр жылды шығарушы ұжымдардарға өздері шығаратын жылдарының бейнелерінне сурет немесе жануарлардаың өзін пайдалануға болады.

ТЫШҚАН ЖЫЛЫ КӨРНІСІ



(Тышқан жылын бір ұжым шығарады. 4 атты адам және гүлдер, шарлар. Олар бата береді. Ертегілер елінде «Жыл басы болуға талас» көрініс. 1 жеке музыкалық номер көрсетеді)


Жүргізуші: - Жылдар шеруін өзінің нөкерлерімен жыл басы «Тышқан» жылы бастап келеді. Тышқан жылын ортамызға әкелген *(ұжым аты аталады)* ұжымы. Қошемет көрсетейік, ағайын! Тышқан өзінің ептілігімен, жылдамдығы

мен, жылпындығымен жыл басы болғанын белгілі. Өткен ғасырдың 60,72,84,96... жылдары тышқан жылы өзінің еңбекқорлығымен қамбамызды астыққа толтыр -

ғаны баршаға мәлім. Тышқан жылдары қазақтың әдебиет, мәдениет, ғылым, білім саласында оң өзгерістерге қол жеткізді. Рахмет саған тышқан жылы! Жасай бер мәңгі!

(Музыка ойналады)

СЫЙЫР ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Сиыр жылыншығарады. Ұлттық киіммен, қазақтың билері болып киінеді. 3 жеке музыкалық номер)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін Зеңгі баба әулеті шелек-шелек сүт берген, табак-табак май берген, ащылы-тұщылы құрт жегізген, аузымызды қаймаққа толтырған сиыр жылы өз нөкерлерімен, әнімен, сәнімен жалғастыруда. Саусаң сүт,сойсаң ет,терісі, тұяғы,сүйегіне дейін адамзаттың кәдесіне жарайтын сиырдың да қазақ халқына берген пайдасы шаш етекпен.Өткен ғасырдың 61-жылы, яғни сиыр жылы адамзат баласы алғаш рет космосқа сапар шеккені белгілі. Сол сиыр жылынан басталған ғылыми жетістік өзінің жалғасын тауып, қазақ елінің бағы көктегі жұлдыздармен қосылы жарқырай берсін. **(Сыйыр жылы тобымен араласа келе жатқан бабалар кейіпкерлеріне аранап)**

Жүргізуші:- Уа, ел сыйлаған бабалар сіздердеің мына ұрпақтарыңыз мерекелік бір ауыз қуныш лебіздеріңізді естісек деп тұр.

(Осы кезде жергілікті халық сеніміндегі тұлғалар көпшілікке өз тілектерін айтады)

Бірінші би: - Уа, ел ардақтаған билер! Біздің сүттей ұйыған ұрпағымызды көріп, қуанып тұрмын!

Екінші би: - Айтқаныңыз жөн-ақ, жолдары болсын дәйім !

Үшінші би: - Өткенін өрлеткен халқыма, бақыт тілесек жөн-ақ! Наурыз тойларың құтты болсын жамағат!

(Музыка ойналады)

БАРЫС ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Барыс жылын ұжымы, шығарады. Ұлттық киім, аттылы адамдар. «Біржан-Сара» бейнесі. 3 жеке музыкалық номер)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін тарих қойнауында өз кезегін асқар-асқар белдерде, қарлы мұз-шыңдарда тағатсыздана күтіп жатқан «Барыс» жылы жалғастыруда. Қарсы алыңыздар! Өткен ғасырдың 50, 62, 74, 86, 98 жылдары сан қилы оқиғаларымен есте қалған Барыс жылының біздің елімізге жасаған жақсылықтары аз емес. Оның бір айғағы барыс тектес, өр кеуделі, өрелі қиындыққа қасқайып қарсы тұрар қазақ жастарының 1986 яғни Барыс жылы тоталитарлық жүйеге қарсы Тәуелсіздік жолындағы күресі тарихқа алтын әріптермен жазылды. Сол жас өрендердің бастауымен, халқымыздың бағына келген Тәуелсіздігіміз, баянды болсын ағайын! Барыс жылы рахмет саған, жасай бер мәңгі! Арқаның Біржаны мен Жетісудың Сарасы кездескенде мына дүйім жұрт бір айтыстан дәметпей-ме, бастаңыз Біржан аға!

ҚОЯН ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Қоян жылын ауылдың.....ұжымы Қазақтың сал серілері-Ақан сері, Мәди, Майра бейнелерін сомдайды. 2 күй, 1 би, 1 ән шығарады)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін «Қоян» жылы жалғастыруда. Өткен ғасырдың 51, 63, 75, 87, 99 яғни Қоян жылдары қазақ халқының мақтаныштары, спорт жұлдыздары Атаханов, Бегайдаров, Үшкемпіров, өнер жұлдыздары Сәкен, Мейрамбек, Құрмаштар дүниеге келіп, халқының туын көкке көтерер азаматтар болып өсті. Жалпы қоян жылы туғандар өнерге, әдебиетке, спортқа бейім келетіндігі ертеден мәлім. Бүгінгі Наурыз тойына келген қоян жылына үлкен рахмет, жасай бер мәңгі Қоян жылы! Пай-пай сал-серілердің жүрісі қандай десеңші, шырқаңыз ақан аға!

(Музыка)

ҰЛУ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



Ұлу жылын шығарады. Олар **Жиренше, Қарашаш** бейнелерін сомдайды. 2 музыкалық номер корсетеді.)

Жүргізуші: -Жылдар шеруін бәріміз сағына күтіп жүрген Ұлу жылы жалғастыру да. Ұлу жылы да өзінің жақсылықтарымен яғни 2000 жылы Сиднейде өткен олимпиадада қазақстандық спортшылар О.Шишигина, Б.Саттарханов, Е.Ибрагимовтар олимпиада чемпионы атанса, Винокуров, Ділдәбековтер олимпиада жүлдегерлері болып,қазақ елінің атын әлемге танытты. Басқа да жақсылықтарымен халық есінде қалған Ұлу жылына көп рахметімізді айтамыз! Жасай бер, мәңгі Ұлу жылы!

Қарашаш: - (**Жиреншеге**) Шешен деген атыңыз бар, қуаныштан тіліңіз байланып қалды ма, неге үндемейсіз Жиренше?

Жиренше: - Оның рас, Қарашаш.Елім қалай көркейген,халқым қалай маркайған. Ой-хой менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім! Ел аралайық Қарашаш!

ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ




(**Жылан жылын** ————— шығарады. **Алдар көсе, Шығайбай** көрінісі. 2 ән, 2 би дайындап әкеледі)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін тәкәпарлық пен паңдықты бойына жинаған «Жылан» жылы жалғастыруда. Қарсы алыңыздар! Жылан улы болғанымен оның уының адам ағзасына тигізер пайдасы өте зорекені баршаға мәлім. Өткен ғасырдың 53,65,77,89 және 21-ші ғасырдың 2001 жылдары өзінің жақсылықтарымен мәңгі есімізде. Жылан жылына да зор алғысымызды білдіреміз! Жаса мәңгі Жылан жылы! Наурыз тойында ренжіскен адам болмақ емес.Өйткені Алдар көсе мен Шық бермес Шығайбай да осы жылын жылдырында туыпты. Екеуі бүгін осы жылан жылының шашбаауын көтеріп бірге келеді. Сәт-сапар болсын! (**Екеуі күлдіргі көрніс жасайды**)

(Музыка ойналады)

ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Жылқы жылын сөл ауылдың ат безілері дайындап әкеледі. Ат арба, ақ жаулықты аналар, ақ құю рәсімі. Атақты қазақ әншілерінің бейнелерін сомдайды. 3 музыкалық номер)

Жүргізуші: - жылдар шеруін адамның қанаты, Қамбар ата төлі-Жылқы жылы жалғастырады. Жылқының қылығын бойына сіңіріп өскен қазақтың қай баласы болмасын жылқыға әсте жақын тұратыны даусыз! Өткен ғасырдың 54,66,78,90 жылдары және 21 ғасырдың 2002 жылдары елімізді орасан зор өзгерістер болғаны даусыз! Тың жерлерді игеру, қазаққа мол астық осы жылқы жылы келді. Рахмет саған жылқы жылы!

- Аулымыздың бұлбұл көмей әншілерінен мына Ұлыстың ұлы күні бір ән тыңдасақ жарасымды болар еді-ау шіркін. Әсет аға бастаңыз!

(Музыка ойналады)

ҚОЙ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Қой бейнесін сомдайтын ———ұжымы. Мереке шеруін жалғастырып ортаға шығады.Шопан ата,бастаған көш қойдың түрлі ұлттық өнімдерін көрс -етеді. 2 музыкалық номер ұсынады)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін момақан Қой жалғастырып келеді. Қой момынның қазақ халқына деген пайдасы ұшан-теңіз! Қой жылы қазақ тарихында алтын әріппен жазылмақ. Осы, яғни Қой жылы Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа алғаш қазақ баласы Токтар Әубәкіров ұшты. Қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігін жариялап, жеке мемлекет болып шықты. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсідікке қол жеткізген Қой жылы өзіңе алғысымыз шексіз! Жасай бер мәңгі, Қой жылы!

(Шертпе күйдің шебері Аққыз әжемізден бір күй сұрасақ, Шашубай атамыз да қарап қалмас!)

(Музыка ойналады)

МЕШІН ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Мешін жылын тақырыпқа сай дайындаушылар шешімімен безендірулері керек)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін өзінің тапқырлығымен, адамға жақындығымен Мешін жылы жалғастырып келеді. Мешін жылының да адамзатқа жасаған жақсылықтары ұшан-теңіз! 1992 жылдың 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-ның мүшесі атанды. Сол жылдың басында Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін: әнұран, елтаңба және туды жасауға конкурс жарияланды. 1992 жылдың 4 маусымында ҚР Президенті «ҚР мемлекеттік Туы», «ҚР Мемлекеттік Елтаңба», «ҚР Мемлекеттік Әнұраны туралы» заңға қол қойды. Жақсылыққа толы болған Мешін жылына алғыс айтамыз! Жасай бер, мәңгі Мешін жылы!

(Музыка ойналады)

ТАУЫҚ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Тауық жылын ауылдың үлгілі көшелерінің біріне міндеттеуге болады. Олар Қыз Жібек, Төлеген, Бекежан бейнелерін сомдап 2 музыкалық номер көрсетеді)

Жүргізуші: - Құрметті халайық! Жылдар шеруін Тауық жылы жалғастыруда. Тауық жылы да өзінің ерекшелігімен есте қалды. 1993 жылдың 28 қаңтар - ында Жоғары кеңес Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдады. Қазақ тілі ресми түрде мемлекеттік тіл деп саналды. Сол жылы ұлттық валюта енгізу жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру туралы шешім қабылданды. Құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы заң қабылданды. Рахмет саған Тауық жылы! Жасай бер, мәңгі!

(Музыка ойналады)

ИТ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Ит жылын ауылдың көркем өнерпаздары театрланған көрніспен сомдап эпостық шығармалар ерекшеліктерін көрсетеді. Қозы Көрпеш – Баян Сұлу және Қодарды сомдайды. 3 музыкалық номер)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін жеті қазынаның бірі-Ит жылы жалғастырмақ! Ит-адамның досы, серігі! Қай істе де батыр, алғыр! Ит жылының да жасаған жақсылықтары орасан-зор! 1994 жылы 16 ақпанда Тәуелсіз Қазақстан тарихында маңызды орын алған ядролық қаруы жоқ ел ретінде Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қол қойылды. 1994 жылы 30 маусым - Қазақтың екінші ғарышкер ұлы Талғат Мұсабаев ғарышқа ұшты. Осы жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қабылдады. Сізге ақ жол тілейміз! Жасай бер, мәңгі Ит жылы!

(Музыка ойналады)

ДОҢЫЗ ЖЫЛЫНЫҢ КӨРНІСІ



(Доңыз жылын тапсырылған ұжым жан –жақты жетістіктермен табыстартуралы көрністер көрсетеді. Қожанасыр, Тазша бала көрінісін қояды. 2 ән, 2 би көрсетеді)

Жүргізуші: - Жылдар шеруін Доңыз жылы аяқтамақ! Доңыз жылы да қазақ халқы үшін жасаған жақсылығы мол жыл. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды.

Доңыз жылы Ата заң – Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Ел өмірінде елеулі саяси-әлеуметтік өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев билікке басшылардың жаңа буыны келуі үшін тарихи шешім қабылдады. 9 маусымда Президент сайлауы өтіп, Қасым-Жомарт Тоқаев ел халқының 71% дауысын иеленіп, Қазақстан Республикасының Президенті атанды. Біз сені жақсылықтармен күтеміз! Жасай бер, мәңгі Доңыз жылы!

(Музыка ойналады) Жүргізуші: - Жылдар шеруін жалғастырып қасиетті де қадірлі, халық камқоршысы, ақ батаның иесі Қызыр ата келді. Қарсы алайық ағайын! Жанында нөкерлері, ақ жаулықты ақ дастархан иелері-аналар келеді. Қызыр ата халыққа батасын беріп, аналарымыз елге дәм ұсынбақшы!

СОҢЫ

9- БӨЛІМ

Ұстаз әлем тірегі



1. Сценаридің тақырыбы – «ҰСТАЗ ӘЛЕМ ТІРЕГІ»
2. Сценаридің құрылымы - Ұстаздар мен шәкірттер кездесуіне арналған.
3. Сценаридің мақсаты - Ұстаздар мен шәкірттер арасындағы байланыс пен ұстаздар еңбегін, қоғам мен адамдар алдындағы қадір қасиеті мен ортадан алатын орнын дәріптеу.
4. Сценаридің жүйесі - Он жылдық ұстаздар мен шәкірттер сабақтастығына арналған.
5. Сценаридің көрсетілімі - Сахна және көрермендер залында жүргізуге жүйеленген
6. Сценаридің мақсаттық шыңы - Ұстаздар еңбегінің құрметтілігі мен қастерлі екенін қоғамдық ортаға мойындату.

КІРІСПЕ

Шара өтетін зал. Сахна кеш тақырыбына сай безендірілген. Көңілді ойнақы музыка естіліп тұр. Өтетін кешке арнайы жасалған столдар. Стол үстінде кешке арнайы жабдықталған жеңіл тамақ мәзірлері мен гүлдер шоқтары тұр. Жағалай кешті тамашалауға келген көрермендерге стол маңынан әрірек арнайы ыңғайластырып қойылған орындықтар. Кеш басталмас бұрын, тамашалауға келген көрермендер орналастырылады да мәзірлі дастархандарға атаулы қонақтар жайғастырылады.

Шақырылған қонақтарды жайғастыруға арналған сценарий бөлігі:



Кеш төріне жүргізушілер, жігіт пен қыз шығады:

ж.Жігіт: Ауыл, қала, тау мен дала,
Құрметтеген халық дара,
Ұлылықтын көш басшысы,
Ұстаз мәңгі ҰЛЫ дана !!!

ж.Қыз : -Иә, адамзат баласы бас иетін, қадірлейтін, құрмет тұтатын, тіптен «табынатын» деп айтсақта артық болмайтын, ізгілік пен адамдық парасаттың негізін қалаушы жандар туралы бүгінгі кешімізді бастауға...

ж.Жігіт: - (сөзін бөліп) Сәл сабыр етші...Әуелі, кештің әлқисасының басын, көрермендерге «Кеш жарық» деген сөзден бастайықта...

ж.Қыз: (күліп) Дұрыс айтасың. Кеш жарықтанда бұрын осы кешке байланысты өмірімізді жарық жасап, жанымызға білімнің нәрін беріп, болашағымызды күндей жарқырататын...

(осы кезде соғылған мектеп қоңырауының дыбысы естіліп, сахнаға қоңырау соққан бастауыш класс оқушысы шығады. Оқушы отырған көрермендер алдын айнала қоңырау соғып өтіп, екі жүргізушінің ортасына келіп тұрады. Екеуі балаға таңданыспен қарап қалған...)

Оқушы: - (екі жүргізушіге кезек қарап) Сөздеріңізді бөліп кеткеніме кешіріңіздер...Сіздерге менің ұсынысым бар.

Жүргізушілер қосыла: Ол қандай ұсыныс ?...

Оқушы: - Бүгінгі осы шараның өтуіне еліміздің, аулымыздың әр жерінен арнайы келген қонақтар бар. Соларды шақырып шараның шағын болса да дастарханына жайғастырсақ қалай болар екен?..

ж.Жігіт: - (қуана) Қонақ десе атын сойып беретін Қазақ емеспіз бе, бұның табылған ақыл...

ж.Қыз: - (күліп) Өте тамаша! Қазанымызды көтере берейік, шақыр!



Оқушы: - Ендеше, (қоңырауды қағып) біздің бірінші болып, сон-оу,..... арнайы осы кешке келген, ауданымыздағы орта мектептің 2004 және 2005 оқу жылдарындағы мектеп түлектерін шақырайық. Олар, ғылым мен білім жолында, атақтары шығып, мектебіміздің мақтанышы болып жүрген, азаматтарымыз тар(лар)ды қол соғып қарсы алайық!

(Сахнаға бір ер, бір әйел адам шығады. Көпшілік қол соғып, қарсы алады. Оларда амандасу ишарасын жасайды. Осы сәтте Музыка ойналып «АРМАНДАСТАР» әнінің сазы естіледі де, жігіт пен қыздың бірі әннің бір куплетін орындап шығады).

«Армандастар»

Сөзі: Н.Әлімқұлов

Әні:Ә. Бейсеуов

Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз де жазылмаған дастан едік
Армандастар - құрдастар
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік
Армандастар қайда? Абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?....

ж.Жігіт – (ән соңынан) Құрметті қонақтар ауыл жастарының гимні болған осы ән сіздерге таныс болар...(олар жауаптарын айтады..) Олай болса, сол армандастардың басы қосылар дастарқан басына орналасыңыздар.

(Жүргізушілер оларды арнайы дайындалған столдардың біріне отырғызады. Олар отырып болғанда қоңырау даусы естіледі. Жүргізуші қыз оқушыға таяп:)

ж.Қыз: - (оқушыға) Менің білуімше сен енді ортамызға біздің мектептің 2005 және 2006 оқу жылдарында бітірген түлектерін шақырмақ сияқтысың.

Оқушы:- Дәл таптыңыз...(қоңырауын қағып қояды)

ж.Жігіт: - (сөзін бөліп) Сірада болса ақынымыз мен әншіміз..... ортаға шақырмақ ойың бар сияқты.

Оқушы:- Сізде, дәл таптыңыз... ..(қоңырауын қағып қояды)

(Оқушы қоңырау қағып 2005-2006 түлектердің екеуі сахнаға шығады. Көпшілік қол соғып, құрмет көрсетеді. Екеуінің алдынан Қыз жүргізуші шығып, гүл ұсынып, қарсы алады).



Ж.:Қыз - Құрметті қонақтар! Біздің сіздерге арнап жайған дастарқанымызға келдіңіздер

Екеуіде: - Рахмет.

ж.Қыз: - Мәзір басына жайғаспас бұрын менің Сіздерге айтар жұмбақ сұрағым бар.

Қонақтар: - Шама шарқымыз келгенше жауап берерміз.
-Жұмбақ сұрағыңызды қоюға қарсы емеспіз....

ж.Қыз: - Ендеше тыңдаңыздар:

Кітап , дәптер, қаламды,

Оқытқан бар адамды.

Уысында ұстаған,

Аялап бар ғаламды ?...

Осы жұмбақ өлең шумағының жауабын қалай деп ойлайсыздар ?

**Ақын –(сәл ойланып) Самаладай жарыққып дүниені,
Жүрегіңе тұмар боп түйіледі.
Көрген кезде Ұстазды бар адамның,
Басы төмен алғыспен ніледі !**

Осы кезде «Ұстазым» әнінің сазы естіліп әнші қайырмасына қосылады. Саз тоқталған соң

Әнші – (қуана қол соғып) Менде шештім, ол , «ҰСТАЗ»
(көпшілікте қосыла қол соғады)

ж.Жігіт – Дұрыс таптыңыздар ! Біздің жұмбағымызды бірден шешкендеріңізге қарағанда, ұстаздарыңыз үйреткен білімімен өмірдің сан жұмбағын шешіп жүрген боларсыздар. **Төрлетіңіздер !!!**

(көпшілік құрметімен орындарына жайғасады. Қыз бен жігіт тағы ортаға шығып келесі қонақтарды шақырмақ сөздерін бастай бергенде...)

Жүргізушілер – Құрметті....

Оқушы – (Қоңырауын қағып-қағып жіберіп) Сәл сабыр сақтаңыздар! Сздерге қарасам, қонақтарды төрге шақыруға, маған кезек тимейтін сияқты. Сондықтанда келесі 2007 және 2008 жылдарғы мектеп түлектерін (ларды,терді...) ортаға мен шақырайын.

Жүргізушілер – (Күліп) Мақұл, мақұл кеш қызығына түсіп кеткеніміз ғой, шақыр...

Оқушы –

**Мектеп, парта, шәкірт, білім,
Бөле алмассың жеке бірін.
Жәнедағы ұмтылмайды,
Алтын ұян, ұстаз пірің...**

2007 және 2008 жылдарғы мектеп түлектері Сіздерді ортаға шақырамыз!

Әуен аясында сахнаға 2007 және 2008 жылдарғы мектеп түлектері шығады. Көпшілік оларды қол соғып, қарсы алады.



Оқушы – (екеуі қолымен көрсетіп)

Бір дәрігер ақ халатты,
Жанға шипа беретін.
Бірі ұстаз ақ ниетті
Ауылымыз білетін...

ж.Жігіт – Тамаша бірі ақ халатты абзал жан. Бірі ақ ниетті ұстаз. Екеуі де адамзат баласы, тегіс сөзсіз бас иіп құрмет тұтатын мамандық.

ж.Қыз - Дұрас айтасың.Сондықтанда екеуіне менің гүл силағым келіп тұр. Мен болғанда, гүлді осы арада отырған бәріміздің атымыздан.
(*екеуіне гүл ұсынады да...*)

ж.Жігіт - (*төрді нұсқап*)Төрлетіңіздер !..

ж.Қыз – (*күліп балаға қарап*) Ендігі кезек 2009 және 2010 жылғы түлектердікі болса керек, солайма ?...

Оқушы – (*күліп, қоңырауды қазып*) Солай болғанда қандай...

ж.Жігіт - Ендеше не тұрыс,шақырайық!

Оқушы – Шақырсак, шақырайық



(*қоңырау қазылып ортаға екі қонақ шығады*)

ж.Жігіт - (*екеуіне қол беріп амандасып, ортаға ертіп шығады да көпшілікке қарап*)

«Біздің заманның ерлері» демекші біздің заманның іскер азаматтарына қол соғып жіберейік. (*көпшілік қол соғады*)

ж.Қыз -Сіздер жас болсаңыздарда заман талабына сай іскерлікпен айналысып жүрсіздер.Осы іскерліктеріңізде сіздер неге сүйенесіздер?

Қонақ – (*қосыла*) Білімге !

ж.Қыз – Өте тамаша! Онда сіздер сол білімдеріңіз туралы бізге бір-бір шумақ өлең оқып бере аласыздар ма ?

Қонақтар - (*жарыса*) Әрине оқимыз!

ж.Қыз – Ал,бастаңыздар!

1-Қонақ- Мектебің мынау, класың,
Осында он жыл тұрасың.
Тарыдай боп кіресің,
Таудай болып шығасың...

2- Қонақ - (*әндепін*)Зердемді сен ашпасаң не етер едім,
Өмірден сыбағасыз отер едім.
Ғажайып дүниенің сырын жайып,
Қиянға қызықтырып жетеледің....

(көпшілік қол соғады)

ж.Жігіт - (екеуінің ортасына келіп) Осы өлең жолдары шыққалы қаншама жылдар өтседе, қаншама шәкірттің жүрегінде ұмтылмастай жатталып қалды десеңші.

Оқушы – (қоңырау қағып) Сіздер оқу бітіргенде мен бірінші сыныпта едім енді міне төртінші сыныптамын. Яғни бастауыш сыныпты бітіремін...

ж.Қыз - Дұрыс айтасың сенде азамат болуға таяп қалдың. Сондықтан бұл жолғы қонақтарыңды мәзір басына өзің орналастыр!

Оқушы – (қонақтарға орын көрсетіп) Төрлетіңіздер !

Қонақтар жайғасады

ж.Қыз - (көрермендерге қарап) Құрметті, кешімізді тамашалауға келген көрермендер, енді біз соңғы қонақтарымыз 2011, 2012 және 2013 жылға мектеп түлектерін қазіргі түрлі оқу орындарының студенттерін ортаға шақыралық !..

(Көпшілік қол соғады. Студент жастар әуен аясында ортаға шығады)

ж.Жігіт - (студенттерге) Кеш жарық, жалынды жастар! Сіздерге қояр бір сұрақ. Сіздер ауылға сағынып келгенде үйге барып, ата-аналарыңды көрген соң бірінші қайда барсақ деп ойлайсындар ?

Студенттер – (Жарыса) Мектепке!

ж.Жігіт - Неге?

Студенттер – Мектеп, біздің «АЛТЫН ҰЯМЫЗ»!

ж.Қыз – ...Тағы...

Студенттер - (бәрі қосылып) Ұстаздарымыз бар !!!

ж.Қыз - Дұрыс айтасыздар, мектепте біздің жүрегімізден орын алған, әр адамның пірі болып саналатын «ҰЛЫЛЫҚ ҰСТАСЫ» ұстаздарымыз бар.

ж.Жігіт – Жастар, Сіздер көпшілік ортасындағы орындарыңызға орналасыңыздар!

(Олар орындарына бет алғанда «Ұстазым менің, ұстазым» әнінің әуені жайлап естіліп тұрады)

ж.Қыз - Ғұлама, білгіш ғалымнан
Мархабатты ойшылдан,
Мал өсірген қойшыдан,
Жазушыдан, ақыннан
Ғарышкерден – Батырдан

ж.Жігіт Өнері асқан актерден,
Ырыс қазған шахтерден,
Мың бұралған бишіден,
Ой тербеткен күйшіден,

Оқушы Оқыған жас-кәріден
Оқушының бәрінен,

Үшеуі қосылып Ұстаздарға мың сәлем!!!

Осы сәтте көрермендер қол соғады.

ж.Жігіт -*(әуен аясында қызға қарап)* Сөз басында айтпақ болған «Кеш жарық, құрметті көрермендер» деген алхиса басын айтар кез келген сияқты.

ж.Қыз - Дұрыс айтасың кезі келді, тек осы кештің ең басты да қадірлі қонағы жыл шәкірт оқытумен халық құрметіне бөленген аяулы ұстаз..... ортамызға шақырып құрметпен қарсы алайық.

(оқушыға қарап) Ал қоңырауынды соқ, Мұғалім келе жатыр !

Оқушы қоңырау қағып, көрермендер орындарынан тұрып, қол соғып, «Ұстазым менің ұстазым» әнін қосыла айтып, мұғалімді қарсы алады. Ұстаз көрермендер ортасынан көтеріліп, сахнаға шығады. Сахнадағылар мен көрермендер қосылып әнді аяғына дейін қол соғып, айтып шығады. Қарсы алу аяқталып, мұғалім арнайы орынға жайғасқан соң:

ж.Жігіт -Құрметті көпшілік, кешімізді бастауды «**МҰҒАЛІМ**» деген қымбатты сөзді талдаудан бастасам деп тұрмын.

ж.Қыз -Сенің аяқ асты туған тың ойларың көрермендер мен мені тандандырып тұр. Қане талдап көрші.

ж.Жігіт - *(мардымсып)* Ендеше тыңдаңыздар ! «**МҰҒАЛІМ**» деген сөз:

М – мәңгі

Ұ – ұлылық

Ғ - ғылымындағы,

А – адамзатқа

Л - лайықты,

І - ізгілік

М - маманы....!!!

ж.Қыз - Ал «**ҰСТАЗ**» деген сөзді талдай аласыңба ?...

ж.Жігіт - Талдағанда қандай... «**ҰСТАЗ**» деген сөз:

Ұ - ұрпақтың

С - саналы

Т - талантының

А - ашылуын

З - зерделеуші..!

Мысал (әндете)... .Зердемді сен ашпасаң не етер едім,

Өмірден сыбагасыз өтер едім....

ж.Қыз - *(отырған мұғалімнің қасына тақап)* Өте тауып айтылған талдау. Шынында да зердемізді Сіздер ашпасаңыздар қалай болар еді ??? Сондықтанда мына құрметпен алғыс сізге және сіздің әріптестеріңізге арналады.

(көпшілік тағыда қол соғады...қол соғу соңы жарық жайлап сөніп мектеп өмірі, ұстаздар, оқушылар өмірі туралы бейне таспаға ұласады...Бейне

таспа біткен соң сөз кездесу өткізуші ұстазға беріледі)

ж.Жігіт - Аса құрметті де аяулы ұстазымыз..... ! Сіздің өмір тарихыңыз және мектебіміз туралы көрген бейне таспамыздан соң бүгінгі кешіміздің негізгі бастамасын өзіңіздің жылы лебізіңізден бастасак деген ойдамыз. Сөз кезегі Өзіңізге беріледі. *(қол соғу, қошеметтеу...)*

Ұстаз - *(Отырған орнынан өзінің арнайы дайындаған сөзін сөйлейді)..*

.....
ж.Қыз - *(Сөз соңында әуен естіліп, ән орындалады. Ән-вальс болуға тиіс)*

Мына ән мектебіміздің барлық ұстаздарына Сіздің атыңыздан және осы залда отырғандардың атынан сазды сәлем !!

Мектебiм сағынышым

(Сағынұр)

Бакытым самғасам да, көгімде ұшар,
Мектебiм жүрегiмнiң төрiндесiң,
Өзiңнен бастау алған бала сезiм.
Бiлемiн еш уакытта жеңiлмесiн.
Өмiрдiң кол созғанмен жаңасынан,
Өткеннiң кiм жете алар бағасына.
Кешегi арман қуған күн алыста,
Кеттiң-ау сағым жылдар арасында .
Кайырмасы
Мектебiм сағынышым,
Балалығымның тәңiрiсiн.
Шуакты күндердi,
Жұлдызды түндердi, x2
Сәуледей болған жарығысың.
Ұстазым ұғындырып даналығын,
Баршаның елестеткен бала күнiн.
Күлкiсi көңiлiңнен айналайын,
Кешiрген баланың бар шалалығын.
Ууу-ууу Ууу-ууу Ууу-ууу
Кайырмасы x2

Би соңына қарай көпшiлiктiң ортасынан алғашқы оқушылардың бiрi сахнада жүргiзушiмен билеп жүрген Ұстазды биге шақырады. Әуен аяқталғанда, көпшiлiктiң бәрi қол соғады. Ұстаз бен шәкiрт ортада қалады. Әндi орындаушы ұстазға келiп гүл ұсынады.

ж.Жігіт –*(ұстазға тақалып, күлiп)* Тамаша ән, көңiлдi би болды. Сiзге бiр сұрақ осы би соңында сiздi биге шақырған алдыңыздағы азаматты таныдыңыз ба ?

Ұстаз – Танығанда қандай...*(сәл күлiп алып оқушысының мектептегi бiр күлдiргi iсiн еске алады да сөзiн жалғастырады.....*

.....
.....*оқушысының жақсы қасиеттерiн айтып, оқудағы алғырлығы мен жауапкершiлiгi т.б. үлгiлiк сөздердi қысқаша*

йды да өзінің

залда отыр сол

ортаға шығып,
ікке қаран)

— 114 —

— 114 —

и сипайды да

ең жолдарың,
егімнен

ласады)

Жүрегімде бар ізің,
Өзіңе мол қарызым!
Мәңгі бақи алдыңда,
Өтей алман парызым!

*Өлең аяқталғанда бәрі өз орындарына жайғасады.
Ел жайғасып бола бергенде, домбыра дауысы естіледі де сахнаға Ақын
шығады. Ол төгілдіре жырлап, Ұстазына арнау айтады :*

Ақын – (домбырасын төгілдіре)

Оу,бұлақтың көзін ашқан сіз,
Кәусарын ішкен мына біз.
Болашақ деген асқарға,
Біліммен салдық жаңа із.
Әліппе болып бастаушы,
Жүрекке ілім сақтаушы
Ұстаз - шәкірт болғамыз,
Қаріпті оқып, жаттаушы.
Жылжыды жылдар арада,
Білімге толды санада.
Қымбат сізден ешкім жоқ,
Ұшырғын құсың,балаға.
Қолыма алып домбыра,
Арнауым сізге болды да.
Төгілді жырым шашуым,
Соғайын енді қолды да....

Ақын жырын тоқтатып көпшілікке қарап:

- Құрметті көпшілік, менің Ұстазыма тағы бір қол соғып, құрмет
көрсетулеріңізді сұраймын !!!

*Көпшілік қол соғып жатқанда, саз естіліп, ән басталады. Сахнаға
әнші шығып «Ақ бантик» әнін орындайды.*

Ақ бантик

Балауса қыз едің бір кезде
Шашыңа ақ бантик байлаған.
Өзгеріп кетіпсің бұл күнде
Көркіңе көз тастап ойланам.

Қайырмасы
Нұрлы бейнең қандай жарқын!
Арманысың қандай жанның?
Шынарым-ай,
Сен – мөлдірсің, еркем,
Тау бұлағындай.

Жол жатыр шақырып алдыңда,
Өмір тұр ұсынып шаттығын.
Білмеймін бойжетіп қалдың ба?
Шашыңда ақ бантик жоқ бүгін.

Қайырмасы
Жылдардың еркіне бағындың,
Жылдарға қол создың, жан құрбым.
Белгісін балалық шағыңның,
Айтшы, сен қай жерде қалдырдың?

Қайырмасы

Ән орындалып біткенде, әнші ұстаздың қасына келіп, еркелеп, бетінен сүйіп:

Әнші - Мұғалім, менің осы әнім сіздің есіңізге ештеңе салдыма...

Ұстаз - *(күліп, орнынан тұрып, әншіні маңдайынан сүйіп)* Салғанда қандай, бұл әнді саған мен үйреткен болатынмын. Сенің осы әнді айтқаның сондай ұнағандықтан мен сені «Ақ бантик» деуші едім.

Әнші - *(қолындағы тартуын ұстазға ұсынып тұрып)* Дұрыс айтасыз. Ұмытпапсыз...

Ұстаз – Естеріңде болсын. Ұстаз өзінің шәкірттерімен өткен жылдарын еш қашанда ұмытпайды. Оның үстіне әр шәкірттің балалық ісі ұстаз көңілінде мәңгі сақталады. Сенің үлкен әнші болғандағы мен үйреткеннен басқа да бір әніңді естігім келіп отыр. Жаксы бір ән орындап бер. Мына көпшілік менің әншімнің қандай әнші екенін тыңдасын...

Әнші - *(Жаңа ән сазы естіледі)* Қымбатты ұстазым, өз шәкіртіңнің осы әнін сізге арнаған сыйы деп қабыл алыңыз...

САХНА САЗЫ

Сөзі мен әні Аманолла Шайбековтікі

Тербелтіп ән салғам,
Көрермен тамсанған.
Сырлы әуен сазына,
Қол соғып қарсалған.
Сүйсініп өнерді,
Қарсалған.

ҚАЙЫРМАСЫ

Әніме салайын,
Кел қосыл ағайын.
Сазымның маржанын,
Алқаңғып тағайын,
Сахна төрінен, жайнасын,
Әнімнің жұлдызын,

Жағайын.

Бөлейтін құрметке,
Теңі жоқ жер көкте.
Талай ән жатырғой,
Шырқалар жөргекте,
Тынатын тамылжып,
Жер көкке.

ҚАЙЫРМАСЫ
Сахна киелім,
Басымды имін.
Құрметтеп қол соғып,
Жиналар жиі елім.
Әлдилер әнменен,
Киелім.

ҚАЙЫРМАСЫ

*Ән орындалып жатқан сәтте көпшіліктің биін ұйымдастыру керек.
Ән орындалып біткенде қол соғу, құрмет көрсетулер болып тоқталады.*

ж.Қыз *-(екеуінің жарасымын көпшілікке көрсетіп)* Ұстаз бен шәкірт сағынышы қандай тамаша һәм жарасымды десеңші. Тағы бір қол соғып құрмет көрсетелік.

ж.Жігіт – Иә,тамаша да жарасымды. Мектеп қабырғасын бітірген әр жылғы шәкірттері ұстаздарын сағынып келіп, құшақ жая кездесіп жатса мереке емеспе.

ж.Қыз - Сағынып келген шәкірттері әр түрлі мамандық иесі болып, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосып, адамдар алғысына бөленіп жүрсе ол Ұстаз үшін мәртебе, мақтаныш .

ж.Жігіт - Ал шәкірт Ұстаздың өзіндей адам, ұрпақ болашағына қызмет жасаса, ол тіптен де тамаша...

ж.Қыз - ...(күліп) Ол тіптен де тамаша болса, бізде тамашалайық....

ж.Жігіт - Ендеше (ұстазға қарап) құрметті ұстазымыз, сахнаға сізге ұксап, халыққа қызмет жасап жүрген шәкірттеріңізді шақырамыз !!!

Көңілді саз айналып, сахнаға ұстаз шәкірт пен дәрігер шәкірт шығады. Олар ұстазға гүл сипап, рахметін білдіріп, естеліктерін айтады. Ұстаз оларға өзінің ұлағатты ойын білдіреді...Соңы көңілді сазға ұласады.

ӘН

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

*Санаспайтын сағатпен түнгі төртпе алтыма
Ас ішпейтін тағатпен асығатын халқына
Қуаныш нұр шашасың кім жетеді парқына*

Дәрігерлер жасасын адал аппақ антына

Қ-сы:

Ақ халатты абзал жандар жетелейтін біздерге

Ақ халатты абзал жандар бақ сыйлайтын ізгелге

Ақ халатты абзал жандар сенім сыйлар біздерге

Ақ халатты абзал жандар өмір кілті сіздерде

өмір кілті сіздерде Зрет

Ауру айтып келмейді ауру өмір жебесі

Көңіл өмір ескегі ем бақыттың кемесі

Алғысымыз сіздерге ақ халаттың иегесі

Денсаулығы адамның бар байлықтың төресі

Қ-сы: 2 рет

Ән аяқталып, көпшілік қол соғып, орындарына жайғасқан соң

ж.Жігіт –Аяулы ұстаз! Заман талабына сай және өз қалауларымен сіздің шәкірттеріңіз түрлі мамандық иелері екенін бүгін көріп отырмыз. Бәрі дерлік халық алғысына бөленіп жүрген азаматтар.

ж.Қыз -Дұрыс айтасың. Енді сол заман талабына сай кәсіпкерлікпен айналысатын аулымыздың көркеюіне өз қаражаттарымен үлестерін қосып жүрген шәкірттеріңізді шақырайық.

ж.Жігіт –Олар фермер.....және автошебері..... ды сізге құрмет көрсетеміз деп келіп отырғандықтан сахна төріне шақырамыз.

Ортаға кәсіпкерлер шығып, ұстаздарын тілек айтып, силарын тапсырады. Ұстаз алғысын білдіреді.

Кәсіпкерлер: - Құрметті ұстазымыз! Бүгінгі Сізбен шәкірттеріңіздің осындай тамаша кездесу кешін ұйымдастырып отырған мәдениет қызметкерлеріне алғысымызды айта отырып, Сізге арнап біздің атымыздан екі сазды сый жасаса деп тілек білдіреміз.

ж.Қыз - Алғыстарыңызға ризашылығымызды білдіре отырып Ұстаздарыңызға сіздердің сазды силарыңызды жеткіземіз

Кеш өткізушілердің таңдауы бойынша екі ән орындалады

Әндер орындалып бітекенсөң.

ж.Жігіт - Құрметті көпшілік! Кешіміздің шарықтау шыңына жеттік. Сондықтанда сөз кезегі студент жастарымызда.

Сахнада «Армандастар» әні басталып, бүкіл кешке қатысушыларда қосылады. Студенттер Ұстазға келіп, гүлдерін тапсырады. Силарын ұсынады.

«Армандастар»

**с. Н.Әлімқұлов
ә.Ә. Бейсеуов**

Бір ауылдың түлеп ұшқан жастары едік
Бір дәурдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз де жазылмаған дастан едік
Армандастар - құрдастар
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік
Армандастар қайда? Абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

Арман қуған, қиял қуған кезің қайда,
Құрбы қыздар, мөлдіреген көзің қайда?
Сол алғашқы алаулаған сезім қайда?
Армандастар - құрдастар

Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік
Армандастар қайда?
Абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

Бәрің, достар әр тарапқа кеттіңдер ме
Әлде биік асулардан өттіңдер ме?!
Әлде игі армандарға жеттіңдер ме?!
Қайдасыңдар, құрдастар?!
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік
Бәріміз бір өмір жолын бастап едік
Армандастар қайда?
Абзал достар қайда?
Замандастар, қарлығаштар қайда екен?

***Ән біткен кезде студенттерге оқушылар гүл тапсырады.
Оқушыларды бастап келген жүргізуші оқушы ортаға шығып:***

Оқушы - Құрметті көрермендер! Біздің Ұстазымызды ұлықтау кешінен келіп қатысқандарыңызға, бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген шәкірттер атынан алғысымызды білдіреміз! ***(басын иеді)***

Менің енді сіздерден бір сұрайтыным біздің асыл ұстазымыз
..... ***(ға)*** шәкірт болғандар, бірге оқығандар, балалары шәкірті болып жүргендеріңіз орындарыңыздан тұруларыңызды сұраймын!

Көпшілік орындарынан тұрады. Оқушы Ұстаздың қасына

Келіп, қолынан ұстап, алға жетелеп алып шығып:

Аяулы ұстазым жан-жағыңызға қараңызшы, мына түрегеп тұрғандадың бәрі сіздің ұстаздық құрметіңізге бас июшілер. Ал сырттағыларды қоссақ қанша болатынын білесіз бе?

ЖЕР ӘЛЕМ БОЛАДЫ !

Ұстаз - Айналайын! Мен сол «**ЖЕР ӘЛЕМІНІН**» осы құрметіне
Аристотель «...Өзіңе бас игенге, сен одан да төмен бас имесең сенің
білімділігің қане...» дегендей менде көпшілікке басымды жерге жеткенше
иемін.

*Ұстаз көпшілікке бас иген кезде сахнаға төменгі сынып оқушылары гүлдер
алып шығып, алдыңғы қатарға тұрып бұлғай бастайды. Ал оқушы
«Ұстазым» әнін бастап, көпшіліктің бірі қосылады.*

Оқушы:

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ

Тұлғанды арманыма ұқсатқанмын,

Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын.

Есімде әліппені жаттатқызып,

Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның.

Қайырмасы:

Ұстазым, менің ұстазым,

Өзіңмен өткен қыс-жазым.

Қалдырған ізің мәңгілік,

Жадымда тұрар жаңғырып,

Ұстазым, менің ұстазым!

Зердемді сен ашпасаң не етер едім?

Өмірден сыбағасыз өтер едім.

Ғажайып дүниенің сырын жайып,

Қияға қызықтырып жетеледің.

Қайырмасы:

Ұстазым, менің ұстазым,

Өзіңмен өткен қыс-жазым.

Қалдырған ізің мәңгілік,

Жадымда тұрар жаңғырып,

Ұстазым, менің ұстазым!

Өзіңнен өмірге азық ала бердім,

Ұшырып мені алысқа қала бердің.

Бойымда отың кетті ұшқын атқан,

Келеді жана бергім, жана бергім!

Сахна шымылдығы біртін-біртi жабыла бередi

Сценарий соңы.

ҚОРТЫНДЫ СӨЗ

Құрметті мәдениет саласының, ел үшін еңбек ететін қызметкерлері!

Бұл кітап Менің мәдениет саласында жарты ғасырға таяу жасаған

еңбегім кезінде жиып терген тәжірибемнен қысқаша жазып, Сіздерге,

әріптестеріме пайдасы тисін деп жазған парақтарым. Келешек бұдан да басқа толық түсінік беретін, зерттеу кітабымды жариялаймын.

Ал бұл, беріліп отырған кітаптағы түсініктер ынтамен оқып шықсаңыздар сіздердің атқарып жүрген қызметтеріңізге үлкен көмек тигізірі сөзсіз.

ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК, ТОЛАҒАЙ АЛҒЫСҚА ЖЕТЕ БЕРІҢІЗДЕР !

Автор А.Шайбеков.



**Шығармада пайдаланылған кейбір суреттер интернет жүйесінде
көпшілік пайдаланысында жүрген суреттерден өзгертіліп алынды.**

**Редакторы Жұмабике Нұржанова
Тех.редактор Гүлжанат Өтепберген
Суретші-дизайнер Гүлнұр Фазыл
Компьютерде беттеген Құлмұхамет Серікғалы
Кенес беруші Мағыжан Айдос
2022 жыл.**

МАЗҰНЫ

1. АЛҒЫ СӨЗ	5
2. БІРІНШІ БӨЛІМ	6
3. ЕКІНШІ БӨЛІМ	11
4. ҮШІНШІ БӨЛІМ	13
5. ТӨРТІНШІ БӨЛІМ	26
6. БЕСІНШІ БӨЛІМ	42
7.АЛТЫНШЫ БӨЛІМ	53
8. ЖЕТІНШІ БӨЛІМ	70

**ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ
«ПОЛИГРАФИСТ»**

**Баспасы
2022 жыл**